

А.МУХАММЕДЖАНОВ

ӨЗБЕКСТАН ТАРИХЫ

(IV ҒАСЫРДАН XVI ҒАСЫРҒА ДЕЙІН)
7-СЫНЫП

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі бекіткен*

Қайта істелген үшінші басылым



«ШАРҚ» БАСПА-ПОЛИГРАФИЯ
АКЦИОНЕРЛІК КОМПАНИЯСЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫ
ТАШКЕНТ – 2017

УДК: 82:372.47=161.1(075.2)
ББК: 81.2 Рус.– 922
М–3

Оқулық 2017 жылы Ф.Султанов тарапынан барлық тақырыптары қайта істелініп, 21, 22, 23, 34, 35, 40 тақырыптар қайта жаңадан жазылды.

Жауапты редактор **А.Т.Замонов**

Оқулықтың әдістемелік түзілісі **Ф.Султанов** тарапынан істелген.

Пікір жазғандар:

- А.М. Атаходжаев** – ӨзР ҒА Тарих институтының бөлім бастығы, тарих ғылымдарының докторы;
А.Т. Яхшиев – Салық академиясы Тарих кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты;
Н. Нарзиев – Ташкент қаласы Халыққа білім беру қызметкерлерін қайта да-йындау және білімін жетілдіру институтының аға оқытушысы;
Ш. Сафарова – Республика Білім Орталығы Әлеуметтік пәндер бөлімінің бас әдіскері;
З. Жуманова – Ташкент қаласы, Чиланзар ауданы 162-мектептің тарих пәнінің оқытушысы.

Оқулықты оқу барысында Саған көмек беретін белгілер:



Қажетті тарихи оқиғаларды есте сақтауды талап етеді.



Мәтінде кездесетін термин және негізгі ұғымдардың мазмұнын біліп ал.



Тақырып бойынша берілген сұрақтарға жауап бер, тапсырмаларды орында.

М–3

Мухаммеджанов Абдулахад.

Өзбекстан тарихы: 7-сынып үшін оқулық. Қайта істлеген үшінші басылым / Автор. А.Мухаммаджонов – Т.: «Sharq», 2017. – 160 с.

УДК: 82:372.47=161.1(075.2)
ББК: 81.2 Рус.-922

ISBN 978-9943-26-684-1

Республика мақсатты кітап қоры қаржысы есебінен басылды.

© Мухаммеджанов А., 2009, 2013, 2017.
© «Шарқ» баспа-полиграфия акционерлік компаниясы
Бас редакциясы, 2009, 2013, 2017.

КІРІСПЕ

Қадірлі оқушы!

Отанымыз бай көне тарихқа ие. Тұран, Түркістан және Мауарауннахр аттарымен даңқы шыққан бұл мемлекеттің және өз еңбегімен оны көркейткен өзбек халқының басынан кешкендері өте қызықты және өнегелі.

Сен үшін оқулықта IV–XV ғасырлар барысында өлкеміз тарихында болып өткен оқиғалар туралы біліп аласың. Бұл тарихи басқышта алдымен «өзби» және «өзбек» терминдермен дәріптелген өзбек халқы қалыптасты.



***«Өзбек» – тайпа бегі, билеуші.**

IV–XV ғасырларда алдымен Хорезм, Хионилер, Кидарилер, Эфталиттер, Түрік қағандығы кейіннен Саманилер, Қараханилер, Хорезмшахтар, Әмір Темір билік жүргізген ірі мемлекеттер болған. Бұл мемлекеттер аталмыш аймақ тұрғындарының әлеуметтік-саяси, экономикалық және рухани тіршілігінің дамуына әсер еткен.

Алғашқы орта ғасырларда «ауыл әкімі» деп аталған үлкен жер иесі «диқандар» мен олардың егістік жерлерінде істейтін жерсіз «кадиварлар» қалыптасты. Жерде істеу тәртіптерінің түптен өзгеруі тұрғындардың арасында топқа бөлінуін одан әрі шиеленістірген.

VIII ғасырдың бастарына келіп мемлекетімізде Араб халифаты орнатылды. Өлкемізге араб мәдениетінің әсері күшейді. Халифалық үстемдігінен кейінгі ғасырларда ғылым мен ағартудың өркендеуіне жағдай жасалды. Елімізден ғылымның дамуына үлес қосқан Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми, Ахмет әл-



Ферғани, Өбу Райхан Беруни, Ибн Сина, Ұлықбек және Әлішер Науаи сияқты ұлы ойшылдар шықты.

Орта ғасырларда жасап шығармашылықпен айналысқан Имам Бұхари, Имам ат-Термези, Махмұт аз-Замахшари, Ахмет Яссауи, Нажмиддин Кубро, Бахоуддин Нақшбанд және Қожа Ахрар Вали секілді атақты ғұламалардың Ислам діні мен ғылымына тән шығармалар бүгінгі күнде де өз мәнін жоғалтпаған.

Ұлы ғалым және ойшылдардың ғылыми мұрасы мен оның заманауи өркениет тарихындағы орны мен рөліне арналып 2014 жылдың 15-16-мамыр күндері Самарқантта халықаралық конференция өткізілді. Конференцияға 50-ден астам мемлекеттерден шығыстанушы ғалымдар, беделді халықаралық ұйым өкілдері, ғылыми орталықтар мамандары қатысты.

Қадірлі оқушы!

Біз осы өлкеден шыққан, дүние мойындаған ұлы ойшылдар мен атақты ғұламалардың ұрпағымыз.

«Дүние тән алған ұлы ойшылдарымыз бен атақты ғұламаларымызға лайықты болу» дегенде нені түсінесің?

Пікіріңді сипаттап бер. Мұның үшін Сенен не талап етіледі?

«Зерттеуші ғалымдардың пікірінше, Шығыс, әсіресе, Орталық Азия аймағындағы IX-XII және XIV-XV ғасырларда атылып шыққан екі құдіретті ғылыми-мәдени жетілудің көзі саналып, дүниенің басқа аймақтарына Ренессанс процестеріне жақсы әсер еткен Шығыс ояну дәуірі - Шығыс Ренессанс ретінде дүние ғылыми қоғамдастығының тарапынан тән алынған».

Ислам Каримов

Оқулықты оқу барысында Отан-Анамызды қорғау жолында ерлік көрсеткен Жалаллиддин Мангуберді, Темір Мәлік, Шайх Нажмиддин Кубро, Махмұт Тараби, Әмір Темір сияқты отансүйгіштердің ерліктерімен танысасың.

Көне Тұран өлкелерінде ежелден отырықшы өзбектер, тәжік, қырғыз, қазақ, қарақалпақ және түрікмендердің



ата-бабалары да өмір сүргендігі белгілі. Сондықтан өзбек халқының өткені этникалық тұрғыдан жақын болған туысқан халықтардың тарихымен тығыз байланысып, үйлестірілген. Әсіресе, шетел басқыншыларына, әділетсіз катал билеушілерге, аяусыз бай шенеуніктерге қарсы жүргізілген күрестер туысқан халықтарды біріктірді. Олар көп жайттарда жалғыз елдің жалпы азаматы болып жасады, ел-жұртты көркейтуде белсенді қатысқан еді.

Оқулықта берілген оқиғалармен танысу барысында халқымыздың әрдайым жасампаздыққа, ғылым мен мәдениетке ұмтылып жасағанын біліп аласың. Ғылым мен ағартушылыққа ұмтылу арқылы кемелдікке жетуге болатындығын түсінесің. Кемелдік тынымсыз еңбекті талап етеді. Сен өз үстінде тынымсыз істесең, білімдеріңді одан әрі жетілдіріп, арттырып баруың арқылы отансүйгіштігіңді көрсете аласың. Ал бұл Сенің рухани ерлігің болып қалады.



1. Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті Ислам Каримовтың төмендегі пікірлерін оқы және ондағы «...өзіміз де, дәл солар сияқты міне осындай өте құнды мұраға өз үлесімізді қосайық!» деген пікірлеріне қатынасыңды білдір. Сен қандай үлес қоса аласың?

«Мен жастарымызға қайрылар екенмін, оларға әрдайым: «Біз ұлы ата-бабаларымызбен мақтануымыз, мақтаныш етуіміз керек», деп айтамын. Осы уақытта «Тек мақтанудың өзі жеткілікті емес, келіңдер, өзіміз де, дәл солар сияқты міне, осы бағасыз мұраға өз үлесімізді қосайық!» деп қайталаймын».

2. Еске алып көрші, көне дәуірде Өзбекстан аумағында қандай мемлекеттер болған?
3. Мәтінде келтірілген «...аталмыш аумақ тұрғындарының әлеуметтік-саяси, экономикалық және рухани өмірінің дамуына әсер еткен» қатарында қандай әсерлер туралы сөз болуда? Әлеуметтік-саяси, экономикалық және рухани әсер дегенде нені түсінесің?
4. Айтшы, орта ғасырларда Отанымыз тарихының өзіне тән ерекшелігі неден құралған?
5. Орта ғасырларда өлкемізден шыққан ұлы ойшылдар мен әйгілі ғұламалардың қайсы шығармаларын білесің?
6. Сен өлкеміздің тарихына арналған халықаралық конференцияда қатыссаң, нелер туралы айтқан болар едің?



I ТАРАУ. ОРТА ҒАСЫРЛАРДА ЖЕРГЕ ИЕЛІК ЕТУ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

§1. ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Тірек ұғымдар: диқан, кашоварз, кадивар, нөкер.

Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Өз заманының ұлы мемлекеттері болған – Қаңлы мемлекеті мен Кушан патшалығы тұсында Көне Тұран өлкесі өркендеп жатқан еді. Бұл дәуірде мемлекет тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси өмірінде қажетті өзгерістер болды. Қалалардың саны көбейді және аумағы кеңейді. Қала алғашқы орта ғасырлардан бастап қол-өнершілік, сауда мен мәдени өмірдің орталығына айналды.

Алқаптарда ірі суару тармақтары қазылып, суармалы диқаншылық жерлері кеңейді. Су диірмені, шығыр және су айналымдары сияқты су ғимараттары ойлап табылған. Ағын судың деңгейінен әлдеқайда биіктікте орналасқан алқаптарға су шығарылып, көркейтірілген.

Егін алқаптарын суару мен өндеудің жетілдірілуі арқылы тұрғындар диқаншылықтан мол өнім алған. Қалаларда халықтың көбеюі, қолөнер, ішкі және сыртқы сауданың өркендеуімен ауыл шаруашылық өнімдеріне деген сұраныс артқан. Нәтижеде мемлекеттің экономикалық өмірінде шикізат жеткізетін ауылдардың беделі артты. Бір жағынан, жерге, егін алқаптарына болған қатынас, оларға иелік ету формасы ақырын өзгере бастаған. Ал екінші жағынан, отырықшы диқандар мен малшы тайпалардың арасындағы байланыстар дамыды.

Мемлекеттің дала және тау етектерінде жасайтын көшпелі және жартылай көшпенді тұрғындардың отырықтануы күшейген. Нәтижеде диқаншылық үшін қолайлы суарылатын жерлерге болған қажеттілік барған сайын артқан. Мұның нәтижесінде тың, шөлейт алқаптарға су шығарылып, үлкен-үлкен егістік алқаптары пайда болған. Мұндай абаттандыру жұмыстарын жүзеге асыруда мемлекеттің әлеуметтік



өмірінде едәуір беделге ие болған жер иеленуші тап өкілдері, ауыл ақсақалдары, тайпа бастықтары жұмыстың басшысы ретінде белсенді қатысты. Жаңадан игерілген жер алқаптарының белгілі бір бөлігі олардың қолына өтіп, мұрагерлік мүлкіне айналған. Солай етіп, ірі жер иелігіне негізделген жер иеленушілер тобы қалыптасқан.

Диқандар және олардың шаруашылығындағы өмір.

Тайпа бастықтары, жұмыс басшылар өздеріне тиісті жер алқаптарын суару тармақтарының жоғары бөлігінен, әсіресе, су тоғанының бастары төңірегінен бөліп алған. Бұл жолмен олар судан диқаншылықта еркін пайдалану, су бөлінісін бақылауға алып, ауыл тұрғындарының үстінен өз ықпалын өткізу мүмкіндігіне ие болған. Солай етіп олар егіншілер үстінен үстемдігін жүргізе бастаған. Сол дәуірде олар диқандар деп аталған.

Диқандар қалаларда сәулетті үйлер мен сарайларға, сауда және қолөнершілік дүкендерінен тұратын ірі шаруашылыққа да ие болған. Ал қыстақтарда егін алқаптарынан тыс олардың бекіністері мен мықты қорғандары, диірмендері болған. Көптеген қызметшілер диқандардың шаруашылығында қысы-жазы еңбек еткен. Әрбір үлкен жер иесінің 30–40, 50–100 және кейде одан да артық әскерлер тобы – нөкерлері болған. Нөкерлер күшті әрі епті, өз иесіне адал жасөспірімдерден таңдап алынған. Мұндай адал және батыл нөкерлерімен диқандар жаугершілік уақытында дұшпанға қарсы әскери жорықтарда қатысқан. Басқа уақыттарда олар диқан шаруашылығындағы тәртіпке қарап тұрған.

Қыстақтарда диқандардың абыройы артып, үлкен-үлкен жерлерге ие болған еді. Ал бұл өз кезегінде мемлекеттің әлеуметтік өміріне әсер етті. Жер иеленушіліктің пайда болуы нәтижесінде мемлекеттің әлеуметтік өмірінде шұғыл өзгерістер пайда болды. Қыстақ қауымдары жер иеленуші диқан және оған тәуелді болған жерсіз және азат болмаған кадиварларға бөлініп отырған. Қыстақ қауымдарының жерлерінде жасап, жер мен судан тұратын ортақ мүлікке ие болған еркін егіншілер табы кашоварздар деп аталатын. Кейіннен олардың белгілі бір тобы қауымдастық жерлерінен

айырылып, бертін келе кадиварларға айнала бастаған. Кейбір диқандар өз облыстарында тіптен дербес әкім болып алған.

V ғасырдың орталарына келіп, егін жерлерінің белігілі бір бөлігі жер иеленуші диқандар қолында болса да, бірақ егіншілік далаларындағы суарылатын жерлердің негізгі бөлігі әлі де қыстақ қауымдарының қарамағында еді.



***Диқан (қыстақ әкімі) – алғашқы орта ғасырлардағы мүлік иесі.**

***Кашоварз – егінші қарапайым қосшылар.**

***Кадивар – қыстақтың диқандарға тәуелді тұрғыны.**

***Нөкер – диқан мүлкін қорғаушы, әскери жасақ.**



1. Не деп ойлайсың, не үшін алғышқы орта ғасырлар дәуірінде даму басталған?
2. Айтшы, қыстақтар беделінің артуына не себеп болған?
3. Неліктен тың және бос жатқан жерлерді игеруде жер иеленуші тап өкілдері, қыстақ ақсақалдары мен тайпа бастықтары белсенді қатысады?
4. Алғашқы орта ғасырларда қыстақ қауымдары қандай таптардан құралған еді?
5. Ойлап көрші, неге егіншілік далаларындағы суармалы жерлердің негізгі бөлігі қыстақ қауымдарының қарамағында болған?

§ 2. АЛҒАШҚЫ ОРТА ҒАСЫРДА ХОРЕЗМ, ХИОНИЛЕР, КИДАРИЛЕР МЕМЛЕКЕТТЕРІ

Тірек ұғымдар: *афригилер, хионилер, кидарилер.*

Хорезм мемлекетінің құрылуы. Әлсірей бастаған Қаңлы мемлекетінен бірінші болып Хорезм бөлініп шығады. Оны жергілікті афригилер әулетіне жататын хорезмшахтар басқарады. **III ғасырдың орталарында** Хорезм мемлекетінің астанасы қазіргі Қарақалпақстанның Еллікқала ауданында орналасқан көне **Топыраққала** қала үйінділерінің орнында болған.

Эрамыздың 305 жылында Хорезмшах Африг өз ордасын Хорезмнің көне Кат қаласына көшіреді. Кат қайта тіктеліп,





***Африғилер – Хорезмде IV-X ғасырларда билік жүргізген хорезмшахтардың әулеті. Әулеттің негізін салушы – Африғ.**

***Бүркіт пен лашын Хорезмнің үстемдік ету рәміздері болған.**

шах өзіне жаңа сарай салдырады. 305 жылдан бастап Хорезмнің африғи шахтары күміс теңгелер шығарған. Теңгенің алдыңғы бетіне шахтың суреті, артына салт аттың суреті түсірілген.

Күсім теңгелердің басылуы мемлекеттің ішкі және сыртқы сауда қатынастарын бекемдеген. Билеушілер «*Хорезмшах*» атағына ие болған. Кейбір деректерге қарағанда «Хорезмшахтар» атағын алғаш сияуыштар әулеті қабылдаған.

III ғасырда Хорезм аумағында бірнеше шағын әкімшіліктер болған. Топыраққаладан қолында бүркіт қондырылған тәжді билеуші мүсінінің яки Анқақала маңынан қолында лашын ұстаған тәжді адамның бейнесі түсірілген теңгенің табылуы, еш күмәнсіз үстемдік белгісінен дерек береді.

Хорезмде суармалы диқаншылық, қолөнершілік, мал шаруашылығы және сауда, ғылым мен білім, өнер, әсіресе мүсіншілік жоғары дәрежеде дамыған.

Хорезм хионилер, кидарилер, эфталиттер, сондай-ақ Түрік қағандығы дәуірінде де өзінің саяси тәуелсіздігін сақтап қалады. Хорезм Византия және түріктермен дипломатиялық байланыстар жасаған.

Хионилер мемлекеті. IV ғасырдың 70-жылдарынан V ғасырдың екінші жартысына дейін Орта Азияға хионилер үстемдік еткен. Бұл мемлекетке түркі тайпаларынан хионилер негіз салған болып, мемлекеттің орталығы Зарафшан алқабында болған. Хионилер алдымен Зарафшан алқабын иелеп, Оңтүстікке аттанған және әжептәуір әлсіреп қалған Кушан патшалығының орнын иелеген. Орталығы Тохаристан болған Солтүстік Үндістан, Ауғанстан, Қорасанның бір бөлігін де өз ішіне алған Хионилер мемлекетін құрған. Бұл мемлекет 120 жылдан астам үстемдік еткен.



Кидарилер мемлекеті. V ғасырдың 20-жылдарында шығыстан Сырдария және Арал жағалаулары арқылы Хорезм мен Әмудария бассейніне тағы бір көшпенді малшылар тайпасы – тахарлар кіріп келген. Тахарилар кушандардың ұрпақтары болған. Оларға Кидар есімді билеуші басшылық еткені үшін оларды кидарилер деп те атайды. Көп өтпей кидарилер Хионилер мемлекетінің оңтүстік бөлігінде өз үстемдігін орнатқан еді. Балх қаласы осы жаңа мемлекеттің астанасына айналдырылған.

456 жылда Кидарилер мен Сасанилер мемлекеттері арасында қақтығыс болып өтеді. Бұл қақтығысуда Кидарилер мемлекеті Сасанилерден жеңіледі және өзін қайта тіктей алмайды. Содан соң әлсіреп қалған. Кидарилер көшпенді мал өсірушілер жұрты – эфталдармен қақтығысуы нәтижесінде Солтүстік Үндістанға шегінеді және ол жерде 75 жыл үстемдік жасайды.



1. Көне Хорезм мемлекеті туралы нелерді біліп алдың?
2. Ойлап көріп, пікірле, алғышқы орта ғасырларда Хорезм өзінің саяси тәуелсіздігін сақтап қалудың себебі неде еді?
3. Хионилер, Кидарилер мемлекеттері аумағын картадан көрсет.
4. Хионилер Орта Азияға қайсы аумақ арқылы кіріп келген?

Төмендегі кестені алғашқы орта ғасырлар мемлекеттеріне тиісті мәліметтермен толтыр.

Мемлекеттердің аты	Аумағы	Құрылған уақыты

§3. ЭФТАЛИТТЕР МЕМЛЕКЕТІ. ЭФТАЛИТТЕР ДӘУІРІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӨМІР

Тірек ұғымдар: *эфталиттер, этникалық, жер иелігі, сауда, ақша қатынасы, тіл, мәдени байланыстар, мемлекет тірегі.*

Эфталиттер мемлекеті. V ғасырдың 20-жылдарынан VI ғасырдың 70-жылдарына дейін болған дәуірде Орта Азияда Эфталиттер мемлекеті болған. Жазба деректерде эфталиттер



лилер, эфталдар, эфталиттер, хайталдар сияқты әр түрлі аттармен аталып, бұл атаулар Эфталиттер шахы «Эфталон», кейбір деректерде «Вахшунвардан» алынған.



*** Эфталиттер мемлекеті – алғашқы орта ғасырлардың күдіретті мемлекеті. V ғасырдың екінші жартысы және VI ғасырдың бастарында Эфталиттер мемлекеті Орта Азияға, Ауғанстанға, қазіргі Пәкістан, Солтүстік Үндістан мен Шығыс Түркістан аумақтарын өз ішіне алған.**

Эфталиттер V ғасырдың бастарында Орта Азия аумағына Шығыстан кіріп келген. Эфталиттер мемлекетінің алғашқы астанасы Бұхара маңындағы Пойкант және Варахша қалалары болған. Бұл мемлекетке Орта Азиядан тыс шығыс Түркістан, Ауғанстан, Солтүстік Үндістан және қазіргі Пәкістан аумақтары кірген. Эфталиттер мемлекеті өзара байланыс орнату мақсатында 456-жылы Қытайға елші жіберген.

Эфталиттердің мейлінше күшейіп бара жатқан басқыншылығынан қауіптенген сасанилер оларға қарсы жорыққа шығады. 484-жылы эфталиттерге қарсы соғыс сасанилер шахы Пероздың өлімімен аяқталады. Содан кейін эфталиттерге тәуелді болып қалған сасанилер оларға күміс есебінде белгіленген бажды үздіксіз төлеп тұрған.



*** Баж – ұлпан, салық. Бір мемлекет тарапынан екінші мемлекетке төленетін, сондай-ақ қала мен қыстақ базарларында саудагерлерден алынатын арнаулы төлем.**

Эфталиттер дәуірінде өкімет дара билеуші тарапынан басқарылған. Тақ атадан балаға қалмай, сол әулеттен кім лайық деп табылса сол таққа отырған. Кандидатты анықтап ұсынатын кеңес те болған. Бұл кеңес әулеттің аяулы өкілдері мен өкіметтің абыройлы адамдарынан құралған. Облыстарда басқару жергілікті үйлер (әулеттер) тарапынан алып барылған. Аталмыш мүліктер билеуші - Шоға (шахқа) тәуелді әулеттер тарапынан басқарылған. Қажет болса олардың әрбіреуі өзінің күміс яки мыс теңгесін соққан.



V ғасырдың аяғы – VI ғасырдың бастарында Хорезм, Соғды, Шаш және Тохаристан облыстарында зәулім ғимараттар болған жеке-жеке қорғандар пайда болған. Эфталиттердің мемлекет басқаруында белгілі заңдылықтар болған. Мемлекет әскери күшке таянған. Қылмыс үшін өте қатты жазалар белгіленген. 563-567 жылдарда Эфталдар мемлекеті Түр қағандығы мен Иран сасанилерінің соққысына ұшыраған және бүтіндей күйреген.

Қожалық өмірі. Эфталдар мемлекетіне біріккен тұрғындардың этникалық құрамы әр түрлі болған. Экономикалық-сауда қатынастарының бірізді жолға қойылуы мемлекетте диканшылық, жасанды суару, мал шаруашылығы, бау-бақша егу және қолөнердің дамуына негіз болған. Қазіргі кезде де Ташкент өңірі мен Оңтүстік Қазақстан жерлерінің бір бөлігін сумен қамтамасыз етіп тұрған Зағарық (Завариқ) және Бозсу, Самарқант облысының оңтүстік аудандарының негізгі су көзі Дарғам каналы V ғасырда қазылған ең ірі суару тармақтарының бірі болып саналады.

Сауда және ақша айналымы. Сыртқы сауда бажынан мүдделі болған эфталдар «Жібек жолын» өз бақылауына алуға әрекет жасаған. Қытай, Үндістан, Иран және Византиямен болған халықаралық саудада белсенді қатысқан. Жібек жолы саудасында сасани саудагерлерімен бәсекеде негізінен соғдылар делдалдық жасаған. Бұл өз кезегінде жол, қозғалыс, қамтамасыз ету, қызмет көрсету тармақтарының кеңейіп баруына жол ашқан. Сыртқы саудада жібек, лак, бояулар, түсті шишалар, қымбат бағалы тастар, арғымақ аттар, маталар, тәттілер, қару-жарақтар сияқты құнды өнімдер базары дамыған. Халықаралық сауда байланыстарының дамуымен мемлекетте теңге ақша айналымы тәртіпке салынады.

Ішкі және сыртқы сауда қатынастарында эфталиттер алдымен сасани билеушілерінің күміс теңгелерінен кең пайдаланды. Бұлардан тыс Бұхара, Пайкент, Вардана, Нақшаб, Самарқант және Хорезмде жергілікті әкімдер тарапынан шығарылған ұсақ тиындар мемлекеттің ішкі саудасында кең қолданылған.



Тіл және мәдени байланыстар. Орта Азия халқының бір бөлігі соғды тілінде, екінші бөлігі түркі тілінде сөйлескен. Бұл дәуірде соғды тілі халықаралық сауда тілі ретінде Жетісу мен Ферғана, Шығыс Түркістан, Қытай аумақтарында пайдаланылған. V–VI ғасырларда соғды жазуы, хорезм және эфтал жазулары кең жайылған. Эфталиттердің әліппесі Бактрия жазуы негізінде қалыптасқан. Эфталиттер әліппесі 25 әріптен құралған. Жазу солдан оңға қарай жазылған.

Эфталдар от пен күнге табынатын отқа сиынушылар болған. Орталық Азиядағы басқа халықтар будда, христиан және зардушт діндеріне сыйынған.

V ғасырда Орта Азияда шыны істеп шығару дамыған. Орта Азия шишасы түрлі-түстілігі, жалтырауы және тынықтығы тұрғысынан Византия шишасынан жоғары тұрған. Қытай императорлары өз сарайларын әшекейлеуде Орта Азиядан әкелінген әр түрлі түсті шишалардан пайдаланған.

Орта Азия халқының мәдени дәстүрлері көрші мемлекеттер, әсіресе Үндістан мен Иранның бейнелеу тәсілдерімен үндесіп, алғаш орта ғасырлар мәдениетінің қалыптасуында берік негізге айналған.



1. Эфталиттердің алғашқы ұрпақтары қай жерде жасаған?
2. Эфталиттер жазба деректерде қандай аттармен тілге алынған?
3. Айтшы, неге эфталиттер мен сасанилер арасындағы қатынастар кескін болған?
4. Эфталиттер келіп шығуына қарай қандай тайпаларға тән болған? Негізінен немен айналысқан?
5. Эфталиттер мемлекетінде басқару жүйесі қандай болған?

Төмендегі кестені толтыр. Эфталиттер мемлекеті.

Эфталиттер мемлекеті	Аумағы	Қызмет көрсеткен кезеңі	Билеушісі	Қожалық өмірі



§ 4. ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ ТҮРІК ҚАҒАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕ

Тірек ұғымдар: *Түрік қағандығы. Қағандықты басқару. Эфталиттер мемлекетінің күйреуі. Қағандықтың бөлінуі.*

Қағандықтың құрылуы. VI ғасырдың орта шенінде Алтай мен Оңтүстік Сібірде жасаған түркі мемлекеттерін біріктірген жаңа мемлекет пайда болды. Бұл мемлекет тарихқа Түрік қағандығы деген атпен енген. Оның негізін қалаушы **Бумин болатын**. 552 жылы **Бумын «қаған»** деп жарияланды.

Алтай қағандықтың орталығы етіп белгіленеді. Түркілердің батысқа қарай жасаған жорықтарын **Истеми** басқарады. Оған **«Ябғу қаған»** деген атақ беріледі. Көп өтпей Жетісу мен Шығыс Түркістанмен ұштасқан жерлерде жасайтын түрік тайпалары бағындырылады. **555 жылы** түріктер Сырдария мен Арал теңізі жағалауларына дейін созылған ұлан-байтақ өлкелерді басып алады. Қағандық шекарасы Эфталиттер мемлекеті аймақтарымен шектеседі. Нәтижеде Эфталиттер мемлекетінің солтүстік аумақтарына қауіп төнді. Мұндай ыңғайлы оқиғадан пайдаланған сасанилер Тохаристан және Шағонионды эфталиттерден тартып алады.

Түрік қағандығының эфталиттермен қақтығысуы анық еді. Мұндай ауыр саяси жағдай қағандықты Иран, кейін Византиямен жақындастырады. Ұзақ уақыт эфталиттердің қысымында жасаған сасанилер де бұл мемлекеттің күйреуінен мүдделі болатын. **Хусрав I Анушерванның** (531–579) бастамасымен жүзеге асқан өзара әскери одақ Иран шахының Истемиге күйеу болуы арқылы одан әрі нығая түседі.

Иран әскерлерінің **Балқыға** шабуылы көмегінде түріктер 563 жылы Эфталиттер мемлекетінің жерлеріне бастырып кіреді. **Парак** (Шыршық) алқабы оның орталығы **Шаш** қаласы басып алынады. Сырдариядан өтіп, Зарафшан өлкесіне кіріп барады. Олар **Самарқант, Кеш, Нақшабты** жаулап алып, Бұхараға жақындайды. *Сегіз күнге созылған сұрапыл шайқаста эфталиттердің жасағы жеңіледі.*

Солай етіп, оңтүстіктен Иран сасанийлерінен, ал солтүстіктен түркі қағандығынан **563–567 жылдары** соққыға



ұшыраған Эфталиттер мемлекеті күйрейді. Нәтижеде жеңілген мемлекеттің мұрасы өзара бөлініп, Әмударияның Оңтүстік жағалауларына дейін болған облыстар Иранға, оның оң жағалауларын бойлап Каспий теңізіне дейін созылған жерлер Түрік қағандығының қарамағына өтеді.

Эфталиттер мемлекеті құлағаннан кейін, жағдай түбегейлі өзгереді. Енді өз шекарасын солтүстік-шығысқа қарай кеңейтіп алған Иран Әмудариядан Сирияға дейінгі Жібек жолына толық өзінің бақылауын орнатты. Қиыр Шығыстан Иран өлкелеріне дейінгі керуен жолын өз бақылауына алған түріктер Иран арқылы Византиямен тікелей сауда жасайтын болды.

Түрік қағандығының басқарылуы. Түрік қағандығы каншалықты үлкен болғанмен, шынайы орталықтанған мемлекет емес еді. Оның негізгі бөлігі түрік тілдес тайпалардың одағынан құралған. Бұл одақты қаған басқарған. Билеушінің үкіметі ұрық-аймақ дәстүрлеріне сүйенген әскери-әкімшілік басқаруға негізделген. Мемлекет көшпенді малшылар мен отырықшы диқандар қауымына бөлінетін еді. Көшпенді малшылар **«будун»** немесе **«қара будун»** деп аталған. Будун сонымен бірге тайпалар одағы бірлестігін құрған. Он ақ будун немесе елдің әкімі **«ябғу»** яки **«жабғу»** атымен аталатын. Ябғу дәрежесіне тек қағанның туған-туысқандары ғана көтеріле алатын еді. Он ақ ел қолбасшысы бір түмен (яғни он мың) атты әскерге басшылық жасайтын. Мұндай әскери бөлімнің түмен басшысы **«шад»** деп аталған.

VI ғасырда Шыршық, Зарафшан, Қашқадария және Әмудария бассейндерінде оннан астам аймақ әкімдері болған. Олардың экономикалық және саяси басқаруы жергілікті әулет билеушілерінің қолында қалдырылып, түріктер олардан тек қана баж және жасақ өндіріп алумен шектеледі.



***Будун – шаруа тұрғындар**

***Қаған – ұлы билеуші, патша, император**

***Ябғу қаған – қаған тұқымынан болған ел әкімі**

***Шад – он мың әскер қолбасшысы**

***Жасақ – диқандар мен шаруалардан алынатын салық**



Қағандықтың бөлінуі. Үлкен-үлкен тайпалар немесе тайпалар одағы орталықтанған үкіметке бағынбауға тырысқан. Түрік қағандығы қарамағындағы аймақ әкімдері тәуелсіз болуды қалайтын. Бұл факторлар қағандықтың берік орталықтанған мемлекетке айналуына мүмкіндік бермеді.

Бойсұндырылған аймақтарды жергілікті әкімдер арқылы басқару тәртібі қағандықты әлсірете түсті. Оның үстіне, Византия, Қытай және Иранмен үнемі бәсекелестік қағандықтың жағдайын одан әрі қиындатты. Нәтижеде, Түрік қағандығы **VI ғасырдың 80 жылдарының соңында** екіге: *Шығыс түрік қағандығы* мен *Батыс түрік қағандығына* бөлініп кетеді. Ұлы түрік қағандығы орнаған ел Алтай тауларының шығысынан Қиыр Шығысқа дейінгі аумақ, яғни *Оңтүстік Сібір, Орхон су қоймасы* (Моңғолия), *Солтүстік Қытай* Шығыс қағандықтың қарамағында болған. Аталмыш қағандықтың астанасы **Отукан алқабында** (Моңғолияда) орналасқан. Алтай тауларының батысында орналасқан өлкелер – *Жетісу, Шығыс Түркістан, Сырдария* және Әмудария су қоймалары мен оларға ұласқан аумақты **Батыс түрік қағандығы** тарапынан басқарылған, билік сарайы **Жетісуда** орналасқан.



*** Тұрақты орталықтанған мемлекет – бұл барша аумақтары бірегей билеуші әкімшілігі тарапынан басқарылатын мемлекет болып табылады.**



1. Түрік қағандығы қашан және қай жерде құрылды, оған кім негіз салды?
2. Қай мақсатта Түрік қағандығы мен Иран ортасында әскери одақ түзілді?
3. Түрік қағандығының Орта Азияға жасаған жорықтары қандай нәтижелерге алып келді?
4. Эфтилиттер мемлекеті құлаған соң өзгерген жағдай туралы не дейсің?
5. Түрік қағандығы басқаруы эфталиттер дәуірі басқаруында несімен айырқшалаанады?
6. Түрік қағандығы қандай себептермен бөлініп кеткен? Түрік қағандығы бөлініп кетпеуі үшін не істеу керек еді деп ойлайсың?



§ 5. БАТЫС ТҮРІК ҚАҒАНДЫҒЫ

Тірек ұғымдар: *Батыс түрік қағандығы, ябғу. Басқару тәртібі. Әлеуметтік өмір. Аброуи көтерілісі.*

Басқару. Батыс түрік қағандығы әлеуметтік, экономикалық және мәдени тұрғыдан Шығыс қағандығынан мүлдем өзгеше еді. Шығыс қағандығы халқының негізгі бөлігі көшпенді малшылар болатын. Батыс түрік қағандығы халқының басым бөлігі отырықшы диқаншылық, қолөнер және саудамен шұғылданған.

VII ғасырдың бірінші ширегінде Батыс түрік қағандығы әбден күшейген. Оның шығыс шекарасы Алтайға, ал оңтүстікте Синд (Хинд) өзені жағалауына жеткен. Қағандық өзіне қарасты облыстарды басқаруда жергілікті әулеттерді сақтап қалған. Қажетті мәнге ие кейбір өлкелерде қаған отбасына тиісті атқамінерлер тағайындалған.

Қаған **Тоң Ябғу** (618-630) билік еткен дәуірде басқару тәртіптері реформа жасалған. Реформаға сәйкес, жергілікті билеушілерге қағандықтың «**ябғу**» шені беріліп, олар қағанның әскеріне (өкіліне) айналады.

Сонымен қатар Орта Азия, Шығыс Түркістан және Тохаристанның айтарлықтай дербес әкімшіліктерінің үстінен саяси бақылау күшейтіріледі. Олардың бас-қасында болуға қағандықтың әкімдері – **туғундар** жіберіледі. Бірақ ішкі қақтығыстардың нәтижесінде Батыс түрік қағандығы әлсірей бастайды.

Әлеуметтік өмір. Батыс түрік қағандығына бірлескен елдің өмірі мен шаруашылығы әр түрлі болған. Қағандық отырықшы және көшпенді халықтарға бөлінген. Көшпенділердің негізгі жұмысы мал шаруашылығы болған. Халықтың отырықшы бөлігі мәдени тұрғыдан белсенді болып, қағандықтың әлеуметтік және экономикалық тұрмысында жетекші маңызға ие болған.

Қағандықта қалалар мен қыстақтар көп болған. Халқы диқаншылық, қолөнер, сауда жұмыстарымен шұғылданған. Қолөнер шеберлері жасаған әшекей бұйымдар мен қару-жарақтар сан алуандығымен, мықтылығымен ерекшеленіп тұратын.



Ішкі және сыртқы сауда жұмыстары да қала халқының негізгі шұғылданатын ісі болған. Бұл салада әсіресе **Соғды** саудагерлерінің мерейі үстем еді.

Батыс түрік қағандығы мен Қытай арасында **VII ғасырдың бірінші жартысында** экономикалық байланыстар белсенділік танытты. Бұл дәуірде Қытайға тоғыз рет сауда елшілері жіберіледі.

Абруй басшылығындағы көтеріліс. Түрік қағандығы дәуірінде Орта Азияда диқандар тарапынан жерлерді иелену үрдісі өркендеп, зұлымдық күшейеді. Өз жерінен айрылған кашоваздар дәулетті диқандардың халіне түсіп, тәуелді кадиварларға айналады. Кедейлік, жәбір-зардап және диқандардың қысымына қарсы тұрғындар бас көтеруге мәжбүр болады. Сондай халық көтерілістерінің бірі **585–586 жылдары** Бұқарада болып өтеді. Көтеріліске қаған әулетінен шыққан **Абруй** басшылық жасайды. Көтерілістен жәбірленген дәулетті диқандар мен бай саудагерлер Бұқара облысын тастап, Түркістан мен Тараз маңына орналасады. Олар түрік қағанына арызданып, көтерілісшілерге қарсы күресте көмек беруін сұраған. Түрік қағаны **Қарашорын** ұлы **Шері Кишвар (Ел Арыстан)** бастаған әскерін жібереді. Абруй өлтіріліп, көтеріліс бастырылады. Кадивар мен қызметкерлер өз қожайындары – диқандарға қайтарылады.



*** 585–586 жылдары Бұқарада Абруй басшылығында кедейлік, зұлымдық және диқандар ықпалына қарсы көтеріліс болады. Көтеріліс Шери Кишар (Ел Арыстан) бастаған әскер жағынан бастырады.**



1. Берік орталықтанған мемлекетке тән негізгі белгілерді айт?
2. Шығыс және Батыс түрік қағандықтарының ұқсас жақтарын анықта.
3. Батыс түрік қағандығына қайсы аумақ кірген?
4. Қаған Тоң ябғу дәуірінде қайсы салада реформа жасалады?
5. Айтшы, не үшін Түрік қағандығындағы халықтың өмірі мен шаруашылығы әр түрлі болған?
6. Не себептен Бұқарада халық көтерілісі басталады. Оның нәтижесі немен аяқталды?



**Төмендегі кестені Батыс Түрік қағандығына сай
мәліметтермен толтыр.**

Басқару	Әлеуметтік өмірі	Кашоваздардың жағдайы

§ 6. ЖЕРГІЛІКТІ ӘКІМДІКТЕРДІҢ ҚҰРЫЛУЫ

Тірек ұғымдар: *жергілікті әкімдер, Соғды ихшидтері, Тахористан, Фергана, Шаш, Илақ, қала сәулеткерлігі.*

Жергілікті әкімдіктер. V–VII ғасырларда мемлекет 15-тен астам әкімдіктерге бөлініп кеткен еді. Бұл облыс әкімдіктері әуелі эфталиттер, кейін Түрік қағандығына бағындырылған болса да, эфталиттер де, түрік қағандығы да олардың ішкі тіршілігіне араласпаған. Орталық өкіметке баж салығын төлеп тұру арқылы олар өз тәуелсіздіктерін белгілі дәрежеде сақтап қалады.

Соғды. Дербес әкімдіктердің ішінде ең ірісі **Соғды ихшидтері** – алқап билеушілері еді. Орта ғасыр мемлекеттерінің біріккен одағында Соғды ихшидтері үлкен саяси беделге ие еді. Осы одақта **Зарафшан** және **Қашқадария** алқаптарында орналасқан **Самарқант, Бұхара, Кеш** алқаптарының он бір ірі мүліктері біріккен еді. Олардың әрқайсысы өзінің әкімі, әскери қызметкерлері және мыс ақша бірлігіне ие еді.

Соғдыда халық тығыз қоныстанған еді. Соғдылар диқаншылық пен бағбаншылық, әсіресе, жүзімшілікте өте шебер еді. Мал шаруашылығында Соғдының гиссар қойлары мен тұлпарлары өте әйгілі еді.

Соғды қалалары бұл дәуірде қолөнершіліктің орталығына айналады. **718-жылда** тарту ретінде Самарқанттан жіберілген дулығадан үлгі алып, Қытай құрал жасаушылары әскерлерді темір қалпақтармен (дулығалармен) қамтамасыз еткен.

Тохаристан. Қазіргі Оңтүстік Өзбекстан және Тәжікстан, Солтүстік Ауғанстанды өз ішіне қамтыған бұл тарихи облыс солтүстікте Хисар таулары, оңтүстікте Үндікуш, батыста Мұрғаб және Херируд алқабы, шығыста Памирмен

шектелген. Тохаристан Балх, Құндыз, Терміз, Шағонион, Хуттал және басқа 27 тау және тау етегі облыстарынан құралған болып, Тохаристан астанасы Балх қаласы болған.

Тохаристан атауы көнеде Греция-Бактрия мемлекетін құлатқан малшылар тайпасы – юечжилер атынан алынған. Тохаристан билеушілері алдымен «**мәлікшах**», кейіннен «**ябғу**» атымен аталған.

Тохаристан тұрғындарының негізгі бөлігі отырықшы диқаншылықпен шұғылданған. Қолөнерінде құрал жасау, шиша жасау, тоқыма жетілдірілген.

Тохаристан Үндістан, Таяу және Қиыр Шығыс мемлекеттерімен сауда-мәдени қатынастар орнатқан, өз шақаттындары ішкі сауда айналымында қолданылған.

Ферғана. Ферғана билеушілері «ихшид» деп аталған. Ферғананың жерлері өте құнарлы, халқы диқаншылықпен күн кешірген, мақта мен салы еккен. **Касан**, **Ахсыкат** (Хушкат) және **Қува** (Кубо) тәрізді ірі орталық қалаларында қолөнершіліктің түрлі салалары дамып, олардың өнімдері ішкі және сыртқы базарларда тез сатылған. Көрші мемлекеттерге бояу, түсті шыны бұйымдар және дәрі-дәрмектер шығарылған.


Ферғана алқабында отырықшы тұрғындармен бірге малшылар да жасаған. Құрама және Қарамазар тауларының баурайларында ежелден жылқышылықпен шұғылданған. Бұл алқапта өсірілген арғымақтардың даңқы әлемге тараған.

Шаш және Илақ. Шыршық пен Ахангаран алқаптарында екі әкімдік болған. Деректерде олардың бірі Шаш, екіншісі Илақ атауларымен тілге алынған. Шаштың орталығы Шаш қаласы болып, билеушісі «тудун» деп аталатын. Илақтың орталығы Тункат, билеушісі «диқан» деп аталатын.

VII ғасырдың бастапқы ширегінде Батыс түрік қағандығы патшалық сарайын *Шаш* облысына көшіреді. Билеуші және ханзада үшін бұл жерде өзіне тән сарайлар құрылады.

Шаш өлкесі өз тиын ақшасына ие болған. Тиындардың алдыңғы бетінде патшаның суреті, кері бетінде ат, бұйра құйрықты барыс не қабылан суреті, кейде әулеттік

тарамдалған таңба түсірілген. Ал кейбір тиындарда тіпті әмірдің жанында ханзаданың суреті де салынған. Мұндай бейне билеушінің ханзадасы – **хватуң** (хатун) уәзірлік дәрежесіне ие болып, мемлекет басқаруында белсенді қатысқандығынан дерек береді. Сарайда ол қағаннан кейінгі орынға ие болған.



**Чоч тенгесі
VII ғ.**

Шаш пен Илақ әрқилы шаруашылыққа ие болып, суармалы егіншілік, мал шаруашылығы, қолөнершілік, кен өндіру мен сауда жоғары деңгейде болған.

Керуен жолының өлке арқылы өтуі Шаш пен Илаққа ішкі және сыртқы сауданың кеңейіп, қалалар тұрғындарының көбеюіне мүмкіндік жаратты.

Басқару әкімшілігі. Алғашқы орта ғасырларда Орта Азия әкімшіліктерінде белгілі тәртіптегі басқару жүйесі қалыптасқан еді. Басқару әкімшілігінің негізгі міндеті азаматтардан баж, салық және ясақтарды өз уақытында жинау, қоғамдық істерге оларды жұмылдырудан тұратын. Кіріс пен шығымдар анық белгіленіп, құжаттастырылған. Оларға бармақ басылып, тіпті мөрмен таңбалап бекітіліп қойылған.

Қала сәулетшілігі. V–VII ғасырларда Орта Азияда, бір жағынан, жерге иелік ету қатынастарының орнатылуы және нығая түсуі, екінші жағынан, көшпенді малшылардың кіріп келуі және отырықтануы қала мен қыстақтардың көрінісі және халқының тұрмыс салты мен әлеуметтік жағдайына шынайы ықпалын тигізеді. Суармалы жерлер кеңейіп, диқаншылық алқаптарының сумен қамтамасыз етілуі түптен жетілдірілді. Тау бөктеріндегі жайылымдарға су шығарылып, тың жерлер игерілді. Қалалар тұрғындары көбейді. Қыстақтарда «қамал», «сарай», «қорған» және «қорғаныс» сияқты бекіністі жасайтын жерлер бой көтерді.

Бекіністі сарай, қорған, қамалдар негізінен сыртқы дұшпан шабуылына қарсы қорғаныс ғимараты, нөкерлер жиналатын орын, әкімшілік орталық және азық-түлік пен қару-жарақ сақталатын қойма міндетін атқарған.

Орта ғасырларда қалалар үш бөліктен тұратын еді. Олар «**кухандиз**», «**шахристан**», «**рабат**» деп аталған. Қалалардың үш бөлігі де жеке-жеке қабырғалармен қоршап алынған. Олардың бірнеше қақпалары болған. Қала қабырғаларын бойлап ағып өтетін канал бекініс шұңқыры міндетін өтеген. Орта ғасырларда жасаған араб авторларының (Ибн Хавқал және Иштахри) атап өткеніне қарағанда, бір ғана **Бинкаттың** (Ташкенттің) жиырма екі қақпасы болған.



***Ихшид – облыс әкімі**

***Кухандиз (арк) – қаланың әкім сарайы орналасқан бөлігі**

***Рабат – қаланың сыртқы аумағы**

***Шахристан – қаланың ішкі аумағы**



1. Соғды ихшиді қайсы алқапта орналасқан еді? Бұл жергілікті билік неше мүлікті бірлестірген еді?
2. Еске алып көр, Тохаристан аумағы алдымен Орта Азияда бар болған қайсы мемлекеттің аумағына ұқсас болған?
3. Алғашқы орта ғасырларда Орта Азиядағы жергілікті әкімшіліктердің қайсысында ханзада уәзірлік дәрежесіне ие болып, мемлекет басқаруында белсенділік танытқан?
4. Орта Азия әкімдіктерінде басқару әкімшілігінің негізгі міндеттері нелерден құралған?


§ 7. VI–VII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МӘДЕНИ ӨМІР

Тірек ұғымдар: жазу, діни нанымдар, өнер, музыка.

Жазу. Бұл дәуірде Соғды, Хорезм және Тохаристан халқының жеке-жеке жазулары болған. Соғды мен хорезм жазулары көне арамей жазуы негізінде пайда болған еді. Тохаржазуы бактрия жазуы негізінде қалыптасқан болып, 25 әріпті жазуына ие болған.



Хат, құжат пен кейбір ақпараттар сияқты жазбалар негізінен былғары, ағаш, қыш және өте сирек жағдайда қағазға жазылатын еді. Өйткені қағаздың бағасы өте қымбат болатын. Ал кейбір жазулар тіпті патша сарайлары мен ғибадатхана қабырғаларына да жазылатын. Олардың ішінде елшілік хаттары, шаруашылықтың кірісі мен шығысы, заңды келісім-шарттар, астрономиялық құжат, тарихи естеліктер және діни қағидалар жазылған құнды қолжазбалар бар.



Соғд жазуы.

Біздің заманымызға дейін сақталып келген соғды жазулары Панжикент маңындағы **Мұғ бекінісінде**, Шығыс Түркістандағы **Тұрфан қаласы** маңында, Самарқандтың көне орны **Афрасиабта** табылып зерттелген. Оларда Соғдының саяси тарихы, құқық пен заңдары, экономикалық және діни нанымдары туралы маңызды мәліметтер берілген.

Соғдыда ұл балалар бес жасқа толған соң жазу мен есеп үйретілген, ал 20 жасқа толғанда сауда жұмыстарын үйрену үшін өзге мемлекеттерге жіберілетін еді.

Сондай-ақ, бұл дәуірде **түрік рун** (көктүрік) жазуы да кеңінен қолданылған. Түріктердің бұл жазуы бірі екіншісіне жалғасып кететін 38–40 әріптен тұратын. Ол тас пен ағаштарға ойып жазуға өте қолайлы еді. Көне көктүрік жазулары (**Күлтегін және Білге қаған** жазулары) Алтай мен Шығыс Түркістаннан тыс, Жетісу, Ферғана және Зарафшан алқаптарынан табылып, үйренілген. Олар құлпытастарға, саз және металл бұйымдарға, ағаш пен теңге ақшаларға жазылған.



*** Орта ғасырлардың бас кезінде елімізде соғды, хорезм, тохар және түрік рун (көктүрік) жазулары болған.**

Діни нанымдар. V–VII ғасырларда Орта Азияда зардуштық, буддалық, христиандық, монилік және қам (шаманизм)





Афрасиаб. Қабырғаға салынған сурет.

сияқты бірнеше жергілікті және басқа өлкелерден кіріп келген діндер болған. Халықтың көпшілігі зардушт дініне сыйынған.

Деректерге қарағанда, Тохаристан тұрғындары будда дініне сыйынған. Тохаристан Орталық Азияда монийлік және будда діндерінің таралуы мен дамуында қажетті мәнге ие болған. Орта Азия халықтарының идеологиялық өмірінде мони діні де кең тараған еді. Мони дінінің қағидасы бойынша, әлемнің жаратылысы екі қарама-қарсы күштен - жарық пен ізгіліктен және қараңғылық пен жауыздықтан тұратын еді. Ғибадат, ораза, садақа мони дінінің өзегі деп саналған. Самарқанд облысының Ургут ауданы Соғдыда ғана емес, бәлкім бүкіл Орта Азияда яхудийлік орталықтарының бірі болған.

Түрік қағандығының малшы қауымы ежелден-ақ шаманизм дініне сыйынып келген. Бұл дін жан мен рухтарға, ата-бабалар рухына сыйыну нанымын тәрбиелеген. Байырғы түріктер өз дінін «**қам**» деп атаған. Себебі оларда «**шаман**» деген сөз болмаған. Бұл дін әлемді жоқтан жаратқан Көк Тәңірге табынушы жеке құдайлық діні деп саналады. Көшпенді



***Аркан – діндегі ең маңызды міндет, сүйеніш, әкімшілік.**

***Қам-шаман – Көк Тәңірге сыйынатын жеке құдайлық діні.**





малшылар қауымы Көк Тәңірге арнап жоралғылар өткізіп, құрбандықтар шалған. Мәселен, Көк Тәңірдің құрметіне құрбандық үшін қара қасқа ат сойылған.

Қала салу. V-VII ғасырларда диқаншылық алаңдары кеңейіп, өнімдердің артуы, қолөнер бұйымы мен заттарына болған талап, сауданың өркендеуі қалалардың дамуына әсер етті. Қала салудың өзегі болған шахристандар, олардың маңында рабаттар, бау-бақшалар, негізінен, суы көп жерлерде құрылған. Шахристан алаңы алғаш 15 гектардан аспаған. Онда, негізінен бай таптар жасаған. Қаланың маңындағы рабатта қолөнершілер, диқандар жасаған. Бұқара мен Пайкент қалаларының майданы 20 гектардан аспаған. Бұл дәуірде Орта Азияда ең үлкен қалалардың бірі Самарқанд еді. Оның жалпы майданы шамамен 200 гектардан аспаған. Шахристанның құрылысы Афрасиаб, Варахша, Панжикент қалаларындағы археологиялық зерттеулер арқылы үйренілген. Көше тармақтары қатарына қарапайым үй ғимараттары, қолөнер ұстаханалары, дүкендер, мешіттер, сарайлар құрылған. Қабырғалар, әсіресе, қорғаныс қабырғалары пахса және қам кірпіштен құрылып, бұрыштарына биік етіп қорғандар істелген.

Өнер. Бейнелеу өнерінің суретшілік пен мүсіншілік сияқты салалары дамиды. Сұрхан алқабында Балалықтөбе мен Зарафшан өлкесіндегі Панжикент, Варахша мен Афрасиаб, Ферғана алқабындағы Қува шөгінділерінде тауып, зерттелген ескерткіштерден – қабырға суреттер, мүсіндер мен ою-өрнектер сол заманның құнды өнер



**Оймакерлік
Хумо құсы.
VI–VII ғасырлар.**

шығармалары болып саналады. Қабырға суреттері заманының өте күрделі тіршілігі, діни нанымдары мен шет мемлекеттермен жүргізілген қатынастарын әңгімелейтін дерек болып табылады.

Мүсіншіліктің дамуына, әсіресе, будда діні күшті әсер еткен. Ферғана алқабында Кувадан және Қорғантөбе маңындағы Ажинатөбеден будданың үлкен мүсіні табылып, зерттелді. Ажинатөбе буддасы ескерткішінің биіктігі 12 метрге жетеді. Бұл дәуірде көркем ағаш ою өнері де жоғары дәрежеде дамыған. Орта ғасырлардың бас кезінде ағаш ою өнерінің құнды ескерткіш үлгілері Варахшада табылған қазба естеліктер арқылы зерттелді.

Музыка өнері. Орта Азияда музыка, би, ән айту, күлдіру өнері және дарбаздық сияқты өнердің түрлі салалары да дамыған еді. Бұл дәуірде өнер саласында Бұқара қызықшылары, Самарқанд сыбызғышылары, Ташкент биші жігіттері және биші қыздарымен танымал болған.

Шаш бишілері орындаған әйгілі «Шаш биі» яки доира жетегінде ым-ишарамен желкені қағып орындалатын «Доира биі» Қытай елшілерін сүйсіндіріп, оларды таң қалдырған. Тек Бұқара қаласының өзінде шебер қолөнершілер тарапынан он түрлі саз аспаптары жасалған.



1. Алғашқы орта ғасырларда қандай жазулардан пайдаланған?
2. Жазулар негізінен нелерге жазылған? Не үшін қағазға кем жағдайларда жазылған?
3. Халық қандай діндерге сыйынған?
4. Айтшы, мүсіншіліктің дамуына әсіресе, қайсы дін күшті әсер еткен?

Төмендегі кестені V–VII ғасырларда мәдени өмір тақырыбына тиісті мәліметтермен толтыр.

Жазу	Діни наным	Қала салу

II ТАРАУ АРАБ ХАЛИФАТЫ ДӘУІРІНДЕ МАУАРАУННАХР

§ 8. МАУАРАУННАХРДА АРАБ ХАЛИФАЛЫҒЫНЫҢ ОРНАТЫЛУЫ

Тірек ұғымдар: *Ислам діні. Қорасан. Мауарауннахр. Мауарауннахрдың бағындырылуы.*

Ислам дінінің пайда болуы. Ежелден Арабстанның түбегіндегі арабтар бытыраңқы өмір сүрген. VII ғасырдың бас кезінде Арабстанда бірегей наным негізінде мемлекетті біріктіру қозғалысы басталады. Бұл ұлы наным жеке құдайлық идеясына негізделген Ислам діні еді.



*** Ислам – «бойсұну», «бағыну», «өзін Алла ықтиярына тапсыру» деген мағыналарды білдіреді.**

Алланың расулы (елшісі) Мекке қаласында дүниеге келген Мұхаммед (с.а.у.) – саллалаһу алайһи уассалам ибн Абдуллах (570–632) бұл қозғалысқа жетекшілік жасайды. Исламды қабылдап, Расулұллаһқа ерген оның жақтаушылары «мүслім» (мұсылмандар) деп аталған. Ол адамдардың Құдайдың алдында тең екендігін, ырыс-несібесін баршаға Жаратушының өзі жеткізіп беретінін және қоғамдағы әділетсіздік жойылуы үшін хақ дінге кіру керектігін насихаттады. Ислам туы астында Мекке қаласында басталған үгіттеу Мәдинеге көшеді. Мұхаммед (с.а.у.) 630 жылы арабтарды бір мемлекетке біріктіреді.

Мұхаммед (с.а.у.) қайтыс болған соң, оның ең жақын серігі Әбу Бәкір (632–634) халифа (орынбасар) деп жарияланады. Араб тайпаларының исламды қабылдап, саяси жақтан бір үкіметке бірігуінде, сондай-ақ дүние жүзілік діндердің біріне айналуында ислам қағидалары, құқықтық және құлықтық нормаларын өз ішіне қамтыған Құран Кәрімнің маңызы орасан зор болды.

Мысыр, Сирия, Палестина, Ирак, Иран сияқты көптеген мемлекеттер бағындырылып, есепсіз олжаларға ие болған соң Араб халифаты әскері жорықтарын біздің өлкемізге қаратты.

651 жылы арабтар қарсылықсыз Марв қаласына иелік

етеді. Кейін қазіргі Ауғанстанның солтүстігі, Иранның солтүстік Шығыс бөлігі және Оңтүстік Түркменстаннан Өмударияға дейінгі аймақтары басып алынады. Арабтар бұл өлкелерді Қорасан деп атаған. Оның орталығы Марв қаласы болатын. Бұл облысты басқару үшін арнайы басшы тағайындалып, ол Марвта жасайтын еді. Арабтар бұл жерде жайғасып алған соң, Өмудариядан солтүстікте орналасқан бай өлкелерді де басып алуға дайындық көре бастайды. Бұл жерлерді арабтар Мауарауннахр, яғни «Дарияның арғы жағы» деп атайды.



***Араб халифаты – барлық әкімшілік Мұхамедтің (с.а.у.) орынбасарлары (халифалары) қолына жинақталған мемлекет (632–1258). Онда Умавилер (661–750) және Аббосилер (750–1258) әулеттері билек еткен.**

Мауарауннахрға бағытталған жорықтар. Арабтар Мауарауннахрға алғашқы кезде оны басып алу үшін емес, бәлкім Ислам дінін тарату тұрғысынан дайындық көру, жергілікті ел басшыларын сынау үшін жорыққа шығады. Мауарауннахрға алғашқы шабуылдар 654 жылы Маймұрқ пен 667 жылы Чағонионнан басталады. Деректерде қарағанда, бұл дәуірде Хорезм арабтар жағынан екі рет талан-тараж етілген.

Наршахидің жазуына қарағанда, 673 жылдың күзінде халифа Муовия I (661–680) жарлығымен Убайдуллах ибн Зияд Өмудариядан кешіп өтіп, Бұқара жерлеріне бастырып кіреді. Пайкент пен Ромитанды жаулап алып, Бұқара әмірінің әскерлерін жеңеді және өз пайдасына бітім түзіп, бір лак (жүз мың) дирхам мөлшерінде баж өндіреді. Баж салығынан тыс арабтар төрт мың тұтқын, қару, киім-кешек, алтын-күміс бұйымдарынан құралған мол олжамен Марвқа қайтады. Жол-жөнекей арабтар Терміз қаласын басып алады.

VIII ғасырдың бастарында арабтар Мауарауннахр аумағын толық басып алуға кіріседі. Қорасанға әкім етіп тағайындалған Құтайба ибн Муслим арабтардың Мауарауннахрға әскери жорығына басшылық етеді. Құтайба



әскери жорықты 705 жылы Балқы облысының айналасын бағындырудан бастайды. Көп өтпей Чағонион әкімі шайқассыз тізе бүгеді. Құтайба қиындықпен Пайкентті басып алып, Бұқараға аттанады және 709 жылы Бұқараны басып алады. Бұхаралықтар әр жылы халифатқа баж төлеуге, үйлерінің жартысын арабтарға босатып беруге мәжбүр етіледі.

710 жылы Құтайба Нахшаб пен Кешті басып алып, Самарқантқа шабуыл жасау үшін дайындала бастайды. Бірақ, Хорезмде басталған ішкі шиеленістер нәтижесінде жүзеге келген қолайлы жағдай Құтайбаны Соғды жорығын кешіктіріп, Хорезмге әскер тартуға жұмылдырады. Себебі Хорезм шахы Чақан інісі Хурзад бастаған халық көтерілісінен қорқып, 711 жылы Құтайбаға жәрдем сұрап барады. Хурзадты дұшпандар талқандап, өзін өлтірсе де, Хорезмшах мұнан өз тәуелсіздігінен айрылып, арабтарға салық төлеуге мәжбүр болады. Ал оның әскерлері Құтайбаның әскери жорықтарына қатысуға мәжбүр етіледі.

712 жылы Құтайбаның әскерлері Самарқантқа шабуыл жасайды. Бұл кезеңде Гурак (710–737) Соғдыға патша болған еді. Гурак арабтарға қарсы күрес жүргізді. Күштердің тең болмағандығынан Самарқант бағынады. Гурак пен Құтайба арасында бітім түзіліп, оған сәйкес Соғды халифалыққа тәуелді болып қалады.

Шаш пен Ферғананың бағындырылуы. 713 жылы Құтайба әскерлерінің бір бөлігі Шаш облысына, өзі бастаған негізгі бөлік Ферғана аймағына қарай бет алады. Шаш өңірі басып алынып, оның астанасы Мадинат аш-Шашқа, өте көп қорған, қамалдар және қыстақтарға өрт қойылып, қиратылады. 715 жылдың бас кезінде Ферғана алқабын толығымен жаулап алып, Қашқарға дейін кіріп барады. Барша облыстарға арабтардан әмірлер тағайындалады. Бірақ Құтайба халифа Сүлейменге қарсы бүлік көтергенінің салдарынан Ферғанада араб әскерлері тарапынан өлтіріледі.

Жерге иелік ету формалары. Арабтар Мауарауннахрды басып алғаннан кейін бұл жердегі жерлер халифаға қарасты

болып қалды. Халифа мемлекет жерлерін икто ретінде сыйға тартқан. Мемлекет жерлерін кейбір әскери басшылар мен мансаптарларға өмірбақи яки мүлікке мұрагерлік ретінде берілген. Бірақ жерлердің негізгі иесі халифа саналады және ол белсенділерден ұшыр алу құқына ие еді.

Ірі жер иелері – диқандар араб халифалығы дәуірінде де өз жерлерінің иелері болып қалды, бірақ олар болашақта арендаторға айналып, пайданың белгілі бөлігін халифалық қазынасына беру мәжбүрлігін алған еді.

VIII ғасырда ірі диқандар өздеріне тиісті жерлері араб әскерилерге өтуі пайда болды. Араб шонжарларының диқандармен жақындасуы оларды көтерілісшілер үшін сенімді қызмет етуін қамтамасыз етумен бірге жерлері мен басқа байлықтарын қорғауына мүмкіндік жаратты. Диқандар арабтардың басып алуынан соң халифалық әскерінің уәкілі саналған әмірге бойсұнған. Бірақ әмірмен бірге ірі жер иелері – бұқархуодоттардың да абыройы биік болған. Наршахидің мәліметіне сәйкес, кейбір диқандар Бұқара әмірі мен бұқархуодоттар олардың өз жерлерін тартып алғандығы туралы арызын Қорасан найыбына жеткізген.

Мауарауннахрдағы қыстақтарда жерлер шағын қожалықтар тарапынан өңдеу жасалған. Диқандар жерлерді шағын бөліктерге бөліп егіншілерге – кадивар және



***Мұхаммед Наршахи (899–959) – тарихшы ғалым.**

***Бұхараның Наршах қыстағында туылған. «Бұқара тарихы» атты шығармасын жазып қалдырған.**

*** Әмір (арабша – әмір етуші, бастық, әкім) – әскербасы, әкім, бек. Араб халифатының бастапқы халифалары және умавилер дәуірінде жеке әскер қолбасшылары әмір деп аталған, олар әдетте басып алынған облыстарға бастық етіп тағайындалған.**

*** Фатһ (арабша) – қолға алу, жаулап алу, басып алу.**

*** Икто (арабша) - шек, бөліп берілген жер, билеуші тарапынан үлкен қызметтері үшін тарту етілген шек жерлер.**

*** Ушр (арабша - оннан бір) - мекеме жұмыстары үшін пайданың 1/10 өлшемі есебінде алынатын салық.**



кашоваздарға аренда ретінде бөліп берген. Мұның үшін егіншілер салық төлеген. Диқандар мен әмірлер салықтың халифаның қазынасына түсуінде делдалдық жасаған.



1. Дүние тарихынан алған білімдеріңе негізделіп арабтар туралы және Ислам діні қалай пайда болғаны туралы айтып бер.
2. Қорасан қайсы аумақтарды өз ішіне алған? Оның орталығы қайсы қала болған?
3. Айтшы, Мауарауннахр қандай мағынаны білдіреді?
4. Ойлап көрші, не үшін арабтар Мауарауннахрды алдымен басып алуды ойламаған?
5. Хорезм халифатқа қалай бағындырылды?
6. Арабтар Мауарауннахрды неше жыл барысында басып алған?
7. Арабтардың дәуірінде жер иелігінің қандай формалары болған?

§ 9. МАУАРАУННАХРДА ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРАЛУЫ

Тірек ұғымдар: *жаулап алушылықтың салдары, салықтар. Исламға үгіттеу.*

Экономикалық нәтижелер. Халифалық өлкені басып алу кезінде оның барлық көркейген егіншілік алқаптарын аяққа таптап, көптеген қалалар мен қыстақтарға өрт қойып қиратты. Су құрылымдары бұзып тасталды. Егін алқаптары сусыздықтан қурап қалды. Басып алынған қала мен қыстақтардың халқынан алтын, күміс, қымбат бағалы бұйымдар мен көптеген қару-жарақтар тартып алынды. Бітім түзуге мәжбүр болған Бұхара, Пайкент және Соғды билеушілерінен көп мөлшерде салықтар өндіріліп алынды. Халифалық жасақтарына мыңдаған жергілікті жігіттерді қосып алды.

Басқыншылар әскери күшке сүйеніп халықтан әр түрлі салықтар өндіріп, халықты түрлі қоғамдық жұмыстарға жұмылдырды. Марв, Пайкент, Бұхара және Самарқанд сияқты қалаларда шахристан немесе ондағы үйлердің тең жартысы арабтар мен оларға еріп келген шетелдіктерге (ирандықтарға) босатып беріледі. «Хираж», «ушр», «зекет», «жизья» сияқты салықтар енгізіледі.



Исламға үгіттеу. Арабтар Мауарауннахрда орнатылған саяси үкіметін нығайту және оның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ислам дінін үгіттеуге, халық арасында исламды кеңінен таратуға айрықша көңіл аударды. Сондықтан олар осы дәуірге дейін Мауарауннахрдағы діндерге қарсы аяусыз күрес жүргізді. Мәселен, Құтайба Бұқара қаласының орталығында орналасқан зардуштар ғибадатханасын қоғамдық мешітке айналдырды, соғды жазуындағы шығармаларды жойды. Жергілікті тұрғындарды Ислам дініне кіргізуге әрекет жасады. Сол мақсатта мешітке келіп сыйынатындар үшін 2 дірхамнан ақшаны тарту ету жариялады.

Халықты исламдандыру жолдары. Ислам дінін қабылдап, мұсылман болған жергілікті халық өкілдері алғашқы жылдары хираж бен жизья салықтарынан азат етілген. Ал Исламды қабылдамағандардан жан басы салығы – жизья өндіріп алынған. Салықтарды дер кезінде төлемеген адамдарды ұстап алып, мойындарына «**қарыздар**» деп жазылған тақтайшаны іліп қойған. Жергілікті мемлекет басшыларының көпшілігі өз құқықтары мен жеңілдіктерін сақтап қалу мақсатында Ислам дінін қабылдаған. Исламды қабылдамаған ақсүйектер өз жерлерінен айрылған немесе товодн төлеген. Мұндай іс-шаралар Мауарауннахр жұртшы-



***Жизья – Исламды қабылдамаған тұрғындардан алынатын жан салығы.**

*** Зекет – мал-мүліктің 1/40 бөлігі көлемінде алынған салық.**

***Хираж – өнімнің 1/3 бөлігі көлемінде алынған жер салығы.**

***Мешіт, мешіт (арабша – сәжде ететін жер) – мұсылмандар қоғам болып намаз оқитын жер, ғибадатхана.**

лығы арасына ислам дінінің таралуына септігін тигізді. Солай етіп арабтар Мауарауннахр саяси тізімі мен діни сеніміне өз әсерін тигізе алды.

Халифалық жағынан Мауарауннахрдың жаулап алынуы салдарынан жергілікті халықтың әдет-ғұрпы,



діні мен нанымы, мәдениеті тапталды. Жергілікті соғды жазуындағы діни және ағартушылық кітаптарды, ғылыми шығармаларды және құнды құжаттарды және ескерткіш мүсіндерді өртеп, жойып жібереді. Қувадағы будда ғибадатханасындағы ескерткіштердің талқандап тасталғаны, Афрасиаб сарайының қабырғаларына салынған суреттердегі адам суреттерінің көздері ойылып, мойындарына қылышпен сызып тасталғаны бұған айқын мысал болады.



1. Халифаттық басқыншылық Мауарауннахрда қандай нәтижелерге алып келді?
2. Жергілікті халықты исламға кіргізу үшін қандай жолдардан пайдаланылды?
3. Арабтар тарапынан қандай салықтар жарияланды?
4. Басқыншылық жергілікті мәдениетке қалай әсер етті?

§ 10. ХАЛИФАЛЫҚҚА ҚАРСЫ ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҒЫ

Тірек ұғымдар: *халықтың наразылығы. Гурак пен Диваштич көтерілістері, қаржылық реформасы, умавилер, «Ақ киімділер» көтерілісі, Мұқанна, Рофе ибн Лайс.*

Көтерілістің себептері. Халифалықтың талан-тараждық саясаты жергілікті халықты барлық құқықтарынан айырды. Мәдениеттің аяқ асты етілуі, зорлық әрі араб тілі, жазуы және халифат заң-ережелерінің зорлықпен енгізілуі нәтижесінде жергілікті халық арасында наразылық күшейіп, қозғалыстардың көтерілуіне себеп болды.

Халифа Омар ибн Абдулазиз (717–719) осындай күрделі жағдайды есепке алып, бағындырылған жергілікті тұрғындармен келісу саясатын іске асыруға мәжбүр болды. Ол жаңа жерлерді басып алуды тоқтату және қаржы реформасын жасау туралы жарлық берді.

Бұған сәйкес мұсылман арабтармен бір қатарда исламды жаңа қабылдаған жергілікті тұрғындардан хираж және жизья салықтарын алу жойылды. Бірақ Мауарауннахрдың шенеуніктерінің көбі өздерін нағыз мұсылман деп есептеп, салық төлемей қояды. Содан соң халифат әкімшілігі



біржола баршадан жизья алу жөнінде бұйрық береді. Нәтижеде Мауарауннахрда жаппай исламнан шығу және ескі діндеріне қайту басталады. Мұның салдарынан жергілікті бай-манаптар мен араб әкімшілігі арасында шиеленіс күшейіп, бүкіл мемлекетте басқыншыларға қарсы халық көтерілістері шыға бастайды.



***Реформа – алдыңғы орнаған тәртіпті өзгерту.**

***Жарлық – заң күшіне ие болған бұйрық.**

Көтерілістердің басталуы. Осындай көтерілістердің бірі 720 жылы Соғдыда басталды. Көтеріліске Соғды ишхиді Гурак пен Панжикент әкімі Диваштиш басшылық жасайды.

Соғдылықтарға көмек беру үшін Жетісудан түркі сарбаздары келеді. Соғдыдағы барлық әкімдіктердің халқы көтеріледі. Көтерілісшілердің біріккен күштері арабтарға аяусыз соққы береді. Тек кейбір қала мен қамалдардың ішінде қоршауда қалған араб басқыншылары көп мөлшерде ұлпан төлеу және беделді өкілдерін көтерілісшілердің еркіне кепілге берумен жан сақтайды.

Көтерілісшілермен санасу. Мауарауннахр халқын тыныштандыру және араб өкіметін нығайту мақсатында Қорасан әкімі Ашрос ислам дінін қабылдағандардан хираж және жизья салықтарын алмауға қаулы қабылдайды. Бұл халықты тыныштандыруға бағытталған уақытыншалық шара болатын. Шенеунік диқандардың көпшілігі өз нөкерлері және кадиварларымен исламды қайта қабылдап, арабтар жағына өтеді.

Қорасанның жаңа әкімі Насыр ибн Саяр (738-748) мемлекетте өзінің беделін нығайтып алу үшін қаржы реформасын өткізеді. Исламды жаңадан қабылдаған адамдар жизьядан азат етілді. Барлық мұсылмандар құқық тұрғысынан теңестіріледі, жер иесінің нанымы қандай болуына қарамай, олардың хираж салығын төлеуі шартты етіп қойылады.

Жоғары мәртебелі араб қолбасшылары мен дәулетті диқандар арасындағы туған-туысқандық қатынастары орнатылады. Ең әуелі өзі де үлгі көрсетіп Бұхархудагтың қызына үйленеді. Мұндай саясат нәтижесінде, сөз жоқ,



арабтар мен жергілікті шонжарлар арасында белгілі дәрежеде одақ жүзеге аса бастайды. Бірақ бұл азаттық жолында жүргізіліп жатқан халық қозғалыстарын тоқтата алмайды. Мауарауннахр халифаттағы ең тынышсыз, бүлікшіл өлкелердің бірі болып қала береді.

«Ақ киімділер» көтерілісі. Мауарауннахрдағы тағы бір халық көтерілістерінің бірі 769–783 жылдары болып өткен. Көтерілісшілер ақ киім кигендіктен, тарихта олар «Ақ киімділер» көтерілісі деп тілге алынады. Бұл қозғалыстың жетекшісі Хашим ибн Хакім атты қолөнерші болған. Ол басы мен бетіне көк перде тұтып жүргені үшін оны «Мұқанна» яғни «Перделі» деген лақап атпен атаған. Мұқанна Қорасанда кіші әскер басынан уәзірлік дәрежесіне дейін көтерілген.

Мұқанна шетелдіктер билігі мен зұлымына қарсы көтеріліске шығуға үндеп, Мауарауннахрға жол алады және өз туыстарымен Нахшаб және Кеш қаласына жетіп келеді. Кеш маңында тау төбесіне салынған Сом қамалын өз тұрағына айналдырады. Көптеген қыстақ кадиварлары, қала қолөнершілері және кейбір жер иеленуші диқандар оған ереді. Көп өтпей бүкіл Қашқадария аймағы «Ақ киімділер» қолына өтеді. Нәтижеде «Ақ киімділер» қозғалысы кеңейіп, үлкен халық көтерілісіне айналады. Ол әсіресе, Мауарауннахрдың орталығы Соғдыда үдеп, Илақ (Ахангаран) пен Шашқа да өз ықпалын тигізеді. Көтеріліске әртүрлі таптар қатысады.

«Ақ киімділер» көтерілісіне соққы беру үшін Халифа Мансур 775 жылы үлкен әскери күшті Мауарауннахрға жөнелтеді. Алғашқы қақтығысуларда араб әскерлері үлкен шығынға ұшырап, Самарқантқа шегінеді. Бірақ төрт айға созылған шайқастан соң, көтерілісшілер жеңіліске ұшырайды.

Наршах пен Самарқанда «Ақ киімділер» жеңілген соң, жергілікті жер иеленуші тап өкілдері арабтарға көмек бере бастайды. Күрестің соңғы басқышы Кеш алқабында болады. 783 жылы Мұқаннаның Сом бекінісіндегі ордасы қоршауға алынады. Ұзаққа созылған қоршаудан соң, әбден қалжыраған Мұқаннашылар жеңіледі. Басқыншыларға бағынуды қаламаған Мұқанна өзін жанып тұрған тандырға тастап, қаза табады.

«Ақ киімділер» ұйымшылдықпен әрекет жасай алмағандығы көтерілістің жеңілуінің басты себебі болды. Екіншіден, халық қозғалысының кең жаппайласып кетуінен сескенген жергілікті жер иеленушілері біртіндеп арабтар жағына өтіп кеткен. Үшіншіден, көтерілістің ұзаққа созылып кеткені еңбекшілерді әлден тайдырған.



Мұқанна (шамамен 719-783) - Мауарауннахрда Араб халифалығы билігіне қарсы көтерілген азаттық әрекетінің бастығы. Марв қаласы маңындағы Коза қыстағында туған. Шын аты Хашим ибн Хакім болып, Наршахидың жазуынша, ол көп оқыған, өте зерек болып, химия, сиқыр және тылсым ілімдерін үйренген. Араб, парсы тілдерін жақсы білген. «Мұқанна» лақабымен атақты болған. Маздак идеяларына негізделген әлеуметтік теңдік пен еркін өмірге үндеуші ілімді таратқан. Көтеріліс жеңіліске ұшыраған соң өзін жанып тұрған тандырдың ішіне тастап, қайтыс болған. Хамид Әлімжан Мұқаннаның ерлігіне арналған «Мұқанна» драмасын, Садриддин Айни «Мұқанна көтерілісі» тарихи-әдеби очеркін жазған.

769–783 жылдарындағы «Ақ киімділер» көтерілісі.



Көтеріліс бастырылған болса да, басқыншыларға қарсы жергілікті елдің қозғалысы үзілді-кесілді тоқтап қалмады. 806 жылы араб қолбасшысы Рафе ибн Лайс басшылығында халифалыққа қарсы тағы да көтеріліс бой көрсетеді. Көтеріліс Самарқанттан басталып, **Шаш, Ферғана, Бұхара, Нақшаб** және **Хорезм** облыстарына таралған. Көп өтпей бұл облыстар халифалық қолынан кетеді. Қорасанның аймақ бастығы **Маъмун** диқандардан **Саманқудаттың** немерелері: **Нұх, Ахмет** және **Жақиялардан** өтініш жасап, олардан көмек сұрайды. Олар Рафе ибн Лайсты қолға түсіріп, халифатқа берілуіне мәжбүр етеді. Осылайша кезектегі халық көтерілісі де бастырылады.

Жергілікті халықтардың басқыншыларға қарсы күрес-тері босқа кетпеді. Жайлап халифалықтың билігі әлсірей бастады. Бұл жағдай Мауарауннахр тұрғындарының тәуел-сіздікке жетуін жеделдетті.



1. Айтындаршы, неге Мауарауннахр халқы көтеріліс көтерген?
2. Қорасан әскерлері Мауарауннахр халқын тыныштал-дыруға неге әрекет етті және олар қандай саясат жүргізді?
3. Ғурак және Диваштич қай жердегі көтеріліске басшылық жасады? Олар жөнінде қосымша әдебиеттерден мәлі-меттер топтаған.

Төмендегі кестені халифалыққа қарсы көтерілістер тақырыбына тиісті мәліметтермен толтыр

Болып өткен көтерілістер	Көтерілістің себептері	Көтерілістің нәтижелері

§ 11. АББАСИЛЕР ДӘУІРІНДЕ ҚОРАСАН МЕН МАУАРАУННАХР

Тірек ұғымдар: *зұлымдықтың күшеюі. Әбу Мүслімнің үгіт-насихаты. Әбу Мүслім көтерілісі, аббасилер.*

Халық наразылығының күшеюі. VIII ғасырдың 40 жылдарында халифалықта тәж бен тақ үшін күрес күшейді.



Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) туысы Аббастың немересі Мұхаммед ибн Әлі халифалық үшін күрес бастайды. Умавилер Мұхаммед (с.а.у.) ұрпағын қырып тастауда айыпталған еді. Солай етіп халифалықта умавилер билігін құлату үшін кескін әрекет басталып кетті.

Умавилерге қарсы жалпы наразылық, әсіресе, халифа Марван II (744–750) билік жүргізген дәуірде аса күшейді. Бұған хираж салығы мөлшерінің артып жіберілгені және халықтың үздіксіз асарларға мәжбүри жұмылдырылуы себеп болады. Умавилерге қарсы күреске шақыру үшін аббасилер түрлі облыстарға көптеген үгітшілерді аттандырады. Сондай насихатшылардың бірі куфалық Әбу Мүслім еді. Ол Қорасанға келіп, тұрғындарды пайғамбар Мұхаммед (с.а.у.) әулеттерін қолдауға шақырады.

Әуелі араб шонжарлары, кейін жергілікті диқандар Әбу Мүслімді қолдап-қуаттады. Умавилерге қарсы үгіттің сыбысы лезде Қорасан, Мауарауннахр және Тохаристан облыстарына кеңінен тарайды. Мемлекеттің халқы халифатқа қарсы көтеріледі. Көтерілісшілердің баршасы қара киім киіп алған еді. Алдымен, қара киім азаның белгісі, батыл күштің жалауы, әрі шиеленіскен ұрыстарда көтерілісшілерді умавий әскерилерден ажыратып тұратын белгіні білдіреді.

Умавийлердің құлауы. 747 жылы Әбу Мүслім халықты умавийлерге қарсы күреске шақырады. Тез арада Әбу Мүслім Қорасанның астанасы Марв қаласын қолға алады. Халифа Марван өз қоластындағы барлық әскери күшін көтерілісшілерге қарсы қойса да, бәрібір умавилер билігін сақтап қала алмайды.

749 жылы Әбу Мүслім басқарған көтерілісшілер халифаттың орталық облыстарына қарай жолға шығады. Халифалықтың астанасы Дамаск қаласы қолға алынып, халифа Марван II тақтан құлатылады. Оның орнына аббасилер әулетінен шыққан Әбіл Аббас Саффах (750–754) халифалық тағына көтеріледі. Жер-жерлерде умавилер әулетінің өкілдері мен туған-туыстары қырып тасталады. Солай етіп Араб халифатында мемлекет билігі аббасилер қолына өтеді.

Аббасилер дәуіріндегі Мауарауннахр. Аббасилердің халифаттық тағына шығуы еңбекші халыққа ешқандай жеңілдік бермеген. Әбу Мүслім арқылы аббасилер жағынан халыққа берген уәделерінің бірде-бірі орындалмады. Әбу Мүслім Бағдатта мемлекет және әскери күштердің ең жоғарғы лауазымына тағайындалады. Бірақ аббасилер оның халық арасындағы беделінің артуына тілектес емес еді. Нәтижеде Әбу Мүслімді астанадан алыстатып, Қорасан мен Мауарауннахрға аймақ бастығы етіп жібереді.



*** Әбу Мүслім басшылығындағы көтеріліс 747–749 жылдарда Қорасан мен Мауарауннахрда болды. Көтеріліс нәтижесінде халифалықта умавилер өкіметтен құлап, аббасилер әулеті өкімет басына келді.**

Еңбекші халық ортасында аббасилерге қарсы көтеріліске шығу ниеті пайда болады. Мұндай көтерілістің бірі 750 жылы Бұхарада болып өтті. Әбу Мүслім жергілікті күштердің көмегімен көтерілісті әрең бастырды.

Мауарауннахрдағы ішкі қайшылықтан пайдаланып, Қытай императорының әскерлері Түркістанға бастырып кіреді. Әбу Мүслім жағынан жіберілген әскери күш 751 жылы Талас алқабында Қытай әскерлеріне соққы беріп, оларды мемлекет аумағынан қуып шығарады.

Әбу Мүслім шынайы қызмет етсе де, аббаси билеушілері оған сенбейтін еді. 755 жылы сарайға қарусыз, әрі жалғыз келген Әбу Мүслім халифа бұйрығымен өлтіріледі. Әбу Мүслімнің өлтірілуі халифалық шығысында, әсіресе, Қорасан мен Мауарауннахрда аббасилерге қарсы халық қозғалыстарының өршіп кетуіне себеп болады.

Аббасилер дәуірінде Мауарауннахр басқаруы. Мауарауннахр VIII ғасырдың орталарына дейін қарсылық көрсетуіне карамай араб халифалығының қажетті облыстарынан бірі ретінде оның құрамына өтті. Орталық әкімшілік 749 жылға дейін Дамаскіден болған болса, енді Бағдатта орналасқан еді.

Халифа мемлекетті басқаруда вазир ул-вазиро (ұлы уәзірге) сүйенген. Әмір ул-умаро әскери істер үшін жауапты болған. Халифа әр түрлі мәселелерді кеңесте – девон адорда көріп шығар еді. Девон ад-дар үш негізгі девонға бөлінген: девон ал-машриқ, девон ал-мағриб, девон ал-хараж. Мауарауннахрға тиісті мәселелер девон ал-машриқта шешілетін еді.

Халифа облыс жетекшілерін лауазымдарға тағайындар еді яки босататын еді. Халифалықтың құқықтық мәселелері Құран кәрім және Пайғамбар (с.а.у.) бұйрықтары, насихаттарына негізделген түрде көріп шығылған.

Солай етіп, VIII ғасырдың орталарына келіп Мауарауннахрда саяси басқару араб халифалығы саяси жүйесіне сәйкестендірілген еді. Соғдианада бұқархудоттар және басқа билеушілердің қол астындағы мекемелер әдісі өз формасын сақтап қалуына қарамай, әкімдердің халифа әскеріне бойсұнуы шарт еді. Жергілікті мемлекеттік бастықтарының көпшілігі өз құқықтары мен мүмкіндіктерін сақтап қалу мақсатында Ислам дінін қабылдаған еді. Исламды қабылдамаған ақсүйектер өз жерлерінен ажырайтын яки салық төлейтін еді. Солай етіп арабтар Мауарауннахрдың саяси жүйесі мен діни нанымына өз әсерін тигізді.



1. Не үшін халифалықта умавилерге қарсы халық наразылығы пайда болды?
2. Әбу Мүслім халықты неге шақырды?
3. Әбу Мүслім көтерілісі қандай нәтижелерге алып келді?
4. Аббасилер әкімшілік басына келгеннен кейін Мауарауннахрда жағдай қалай өзгерді?
5. Аббасилер дәуірінде Мауарауннахрдағы басқару тәртібі туралы айтып бер.

III ТАРАУ

МАУАРАННАХРДА ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛУЫ

§ 12. ҚАРЛҰҚТАР, ОҒЫЗДАР, ТАХИРИЛЕР

Тірек ұғымдар: *қарлұқтар, оғыздар, тахирилер. Мемлекеттік басқару.*

Халифаттың әлсіреуі. VIII ғасырдың аяғы - IX ғасырдың бас кезінде Араб халифаты ауыр саяси дағдарысқа ұшырады. Бағындырылған халықтарды бодандықта ұстап тұру арабтар үшін барған сайын қиындай түсті. Мауарауннахр мен Қорасан халқының жиі-жиі көтеріліске шығып тұруы, үздіксіз жалғасқан өзара соғыс пен ішкі келіспеушіліктер Араб халифатының билігін әлсіретті. Бұл тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуына жол ашты.

Мауарауннахрдың солтүстік және солтүстік шығыс аймақтарындағы әлі халифатқа бойсұндырылмаған шекаралас өлкелерде бірнеше мемлекеттер пайда болды. Олардың бірі – Қарлұқтар мемлекеті.

Қарлұқтар мемлекеті. Ежелде Алтайдың батысында, кейінірек Ертіс өзенінің орта ағысында өмір сүрген қарлұқтар көне түркі тайпаларының бірі болып саналған. VI–VII ғасырларда олар Түрік қағандығының құрамына кірген. VIII ғасырдың орта шенінде Жетісу өлкесінде Қарлұқтар мемлекеті пайда болды. Бұл мемлекеттің астанасы Шу өзенінің солтүстігінде орналасқан Суяб қаласы еді. Қарлұқтар мемлекетінің билеушісі «ябғу» немесе «жабғу» деп аталған.

X ғасырдың ортасында қарлұқтардың басым көпшілігі мұсылман болған. Бұл кезеңде бірнеше қалаларда қоғамдық мешіттер салынған.

Қарлұқтар мемлекеті солтүстік және шығыстан Іле өзені аңғарына дейін, шығыл тайпасы жайлауларына дейін; батыстан оғыз елі және Ферғана аңғары; ал оңтүстікте яғмалар алқабы және Шығыс Түркістанмен шектескен. Бұл жерлерде астанадан басқа Жол, Навкат, Карманкат, Яр сияқты қалалар мен бірнеше қыстақтар болған. Халқы

қой бағу, ал тау жылғалары бойында диқаншылықпен шұғылданған. Шығыс Түркістан және Мауарауннахрмен сауда жасаған. Шетке негізінен жүн және жүн өнімдері: кілем, алаша, киіз сияқтылар шығарылған.

X ғасырда қарлұқтар Мауарауннахрдың солтүстік аумақтарын қолға алған соң, Шаш төңірегі мен Ферғана және Зарафшан алқаптарына келіп орналасқан. Кейіннен отырықшы түрінде жасайтын жергілікті халыққа сіңіп кеткен.



*** Қарлұқтар – түрік тайпаларының бірі. Бастапқыда Алтайдың батысында, кейін Ертіс өзенінің орта жағалауында жасаған.**

*** VIII ғасырдың орта шенінде Қарлұқтар мемлекеті Жетісу өлкесінде жасаған. Астанасы Суяб қаласы болған.**

Оғыздар. Түрік қағандығы үстемдігі дәуірінде оғыздар оның құрамында болған. Түрік қағандығы жойылып кеткен соң, оғыздардың үлкен бір бөлігі Сырдария аңғары және Арал теңізінің бойларына берік жайғасып алған. Олар IX ғасырдың аяғы мен X ғасырдың бас кезінде Оғыздар мемлекетіне негіз салады.



*** Оғыздар – Орта Азияда жасаған түрік тайпасы. IX ғасырдың соңы мен X ғасырдың басында Оғыздар мемлекеті Сырдария су қоймасы және Арал теңізі жағалауында пайда болды. Астанасы Жаңақент қаласы болған.**

Сырдарияның төменгі ағысы жағалауындағы Жаңақент қаласы Оғыздар мемлекетінің астанасы болған. X ғасырдан бастап Оғыздар ислам дінін қабылдайды.

X ғасырдың бірінші ширегінде Оғыздар мемлекеті солтүстік-шығыстан бастырып келген қыпшақтардың қатты соққысына душар болып, бөлініп кетеді. Олар өз мекенін тастап, бір бөлігі батысқа, Солтүстік Кавказ далаларына орналасады. Ал олардың екінші бөлігі әуелі Мауарауннахрға кіріп барады және одан оңтүстік батысқа бет алады, жаңа әулет – солжұқтар басшылығымен Алдыңғы Азия мемлекеттерін жаулап алуға кіріседі.



Бұл екі түркі мемлекеті тек Мауарауннахрға емес, сонымен бірге бүкіл Орта Шығыс және Алдыңғы Азия халқының саяси өміріне де күшті ықпал етті. Бұл мемлекеттердің халқы сол аумақта жасайтын халықтардың этникалық тарихына әсерін тигізді. Мысалы, қарлұқтар өзбек пен тәжіктердің, оғыздар түрікмен, әзербайжан, қарақалпақтардың этногенезінде маңызды рөл атқарды.

Тахирлер мемлекеті. VIII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басында халифалықты күйзелткен ауыр саяси жағдай аббасилердің Мауарауннахр мен Қорасанда жүргізіп жатқан саясатын өзгертуге мәжбүр етті. Жергілікті шонжарлар Мауарауннахр мен Қорасанды өз биліктеріне алумен қатар, халифалық орталығында да өкіметті басқаруда барған сайын көбірек рөл ойнайтын болып қалды. Бұған, әсіресе, халифа Харун-ар-Рашид (786–809) қайтыс болған соң, оның ұлдары Маъмун мен Амин арасында 809–813 жылдары болған тақ үшін таласы кең жол ашып берді.

Халифалықтың орталық аймағында арабтар Аминді халифалық тағына отырғызады. Бұдан наразы болған Маъмун інісі Аминге қарсы соғыс бастайды. Герат облысының шонжары Тахир ибн Хұсайын бастаған Қорасан мен Мауарауннахр жер иеленушілері оған жәрдем береді. 813 жылы олар Бағдатқа жорыққа аттанады. Астана қолға алынып, Маъмун халифалық таққа отырады. Мұның есесіне Тахир 821 жылы Қорасан мен Мауарауннахрдың әкімі етіп тағайындалады. Сондай-ақ Маъмун Мауарауннахр бай-манаптарының жәрдемін де ұмытпады. Саманхудаттың немерелерін кейбір қала мен облыстарға әкім етіп тағайындайды. Нұхқа Самарқанд, Ахметке Ферғана, Яхияға Шаш пен Устуршуна, Ілиясқа Хират беріледі. Мұның орнына ағалы-інілі саманилер Мауарауннахрдың әр жылғы хиражынан өте үлкен қаржыны тохирилер арқылы халифа қазынасына жіберіп тұрады.

Тахир мемлекет жұмыстарын дербес басқару мақсатында 822 жылы халифаның есімін құтпадан алдырып тастайды.

Бұл іс жүзінде Бағдатпен байланысты үзу, әрі өзін тәуелсіз деп жариялау еді. Бірақ көп ұзамай ол тосыннан қайтыс болады. Тахирдың ұлдары Талха мен Абул Аббас Абдуллах әкесінің орнына бірінен соң бірі әкім болады. Осылайша

Қорасан мен Мауарауннахрды билеу тахирилер әулетіне мұра болып қалады. Абул Аббас Абдуллах әкімшілігі (830–844) кезінде астана Марвтан Нишапур қаласына көшіріледі.

Мауарауннахр қалаларында әкімдік етіп келе жатқан Саманхудат ұрпақтарының жергілікті әкімдігін тахирилер тарапынан тән алынады. Ал саманилер тахирилердің билігі астында Мауарауннахрға өз биліктерін жүргізеді. Бұл, сөзсіз, Мауарауннахр мен Қорасанда бір ғасырдан астам үстемдік еткен халифаттық билігінің жойылғанын білдіретін еді.

Тахирилер билігінің ыдырауы. Тахирилердің дәуірінде де еңбекші халықтың жағдайы ауыр күйінде қалды. Жер иеленуші диқандардың жәбір-жапасынан, мемлекеттің ауыр салықтарынан қажыған халық көтеріліске шығады. Оларға «ғазилер» де қосылады. Көтеріліске сафарилер – аға-іні Жакып пен Әмір ибн Лайстер басшылық етеді. 873 жылы Қорасанның астанасы Нишапурды қолға алады. Нәтижеде тахирилер үстемдігі аяқталып, өкімет сафарилер қолына өтеді.

***Тахирилер – Қорасандағы Тахирилер мемлекетінде үстемдік еткен әулет (821–873). Ресми түрде аббасилерге тәуелді болып есептелген. Әулетке 821 жылы Тахир ибн Хусейн негіз салған.**

***Сафарилер – Сафарилер мемлекетінде үстемдік еткен әулет. Сафарилердің аты оның негізін салушы Жакып ибн Лайс ас-Сафар атынан алынған. Сафарилердің ірі билеушілері: Жакып ибн Лайс (867–879); Әмір ибн Лайс (879–902).**

***Хутба - жұма намазында билеушінің атын айтып, оның атына дұға оқу, мадақтау.**

***Ғозий - Һақ дін үшін күресетін жауынгер.**



1. Айтшы, не үшін Араб халифалығы ауыр саяси күйзеліске ұшырады?
2. Ойлап көрші, Мауарауннахрда тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуына не себеп болды?
3. Қарлұқтар мемлекеті қайсы аумақтарда құрылды?
4. Оғыздардың мемлекетіне қашан негіз салынды?
5. Тахирилер мемлекеті қалай пайда болды?



Өзіндік жұмыс.
Оқулықтың мәтінінен пайдаланып кестені толтыр

Мемлекеттің аты	Құрылған жылы	Аумағы	Астанасы
Қарлұқтар мемлекеті			
Оғыздар мемлекеті			
Тахирилер мемлекеті			
Сафарилер мемлекеті			

§13. САМАНИЛЕР

Тірек ұғымдар: *саманилер үстемдігі, мемлекетті басқару жүйесі, қорғаныс жұмыстары, девондар, Ислам дінің дамуы.*

Саманилердің үстемдігі. IX ғасырда Мауарауннахрдың негізгі саяси өмірінде де өзгерістер болады. Елге алдымен Нұх, соңынан Ахмет басшылық етеді. Әрқайсысы өз билігі кезінде өз аттарынан мыс теңгелер соқтырады. Ахмет қайтыс болған соң (865) оның ұлы Насыр Самарқантты астанаға айналдырады. Ол Мауарауннахрдың барлық облыстарын біріктіру және оны Қорасаннан бөліп алу жолдарын қарастырады.

IX ғасырдың соңғы ширегінде Мауарауннахрдың дерлік барлық облыстары саманилердің қарамағына өтеді. Насыр бүкіл Мауарауннахрдың билеушісіне айналды. Ол күміс дірхам жасатады.

Көп өтпей, аға-іні Ысмайыл мен Насыр арасында тәж-тақ үшін күрес басталады. Онда Ысмайыл жеңіске жетеді. Ысмайыл Самани 888 жылы бүкіл Мауарауннахрды өз қол астына біріктірді.



Ысмайыл самани мовзалейі. X ғ.

Ысмайыл Самани. Ысмайыл Самани орта ғасырлардың қабілетті, қайратты және аса зерек мемлекет қайраткері еді. Ол Мауарауннахрды біріктіріп, құдіретті мемлекет құруға ұмтылды. Солтүстік-шығыс аймақтарына жорыққа шықты. 893 жылы Тараз қаласын басып алады, дала өлкесіне ойсырата соққы береді.

Мауарауннахр халқының тәуелсіздікке жетуі, сөзсіз Араб халифатына ұнамайтын. Араб халифатын, бір жағынан, Мауарауннахрдан тұрақты түрде өндіріліп алынатын үлкен байлықтан мақрұм қылғаны қатты ренжітсе, екіншіден, сескендірді де. Сондықтан халифат сафарилер мен саманилерді ұрыстыруға және екеуін де әлсіздендіріп, бұл бай өлкеге өз үстемдігін қайта орнатуға әрекет етеді. Халифа Мутазид (892–902) сафарилердің билеушісі Әмір ибн Лайсқа Қорасанмен бірге Мауарауннахрға да билік жүргізу құқы берілгені туралы жарлық шығарады және оны Ысмайылға қарсы үгіттейді. Нәтижеде 900-жылы олардың арасында соғыс басталады. Соғыс Ысмайылдың жеңісімен аяқталады. Бүкіл Қорасан саманилер қол астына өтеді. Амалсыздан халифат Ысмайылға билеушілік жарлығын жіберуге мәжбүр болады.

Ысмайыл Самани бүкіл Мауарауннахр мен Қорасанды қоластына біріктіреді. Бұқара қаласы бұл екі өлкенің астанасына айналды.



***Саманилер мемлекеті (865–999) – Мауарауннахр және Қорасандағы орта ғасыр мемлекеті. Саманилер мемлекетінің құрылуы араб халифатының құлауы және Мауарауннахр мен Қорасанды жаулап алған саманилердің мемлекет басына келуімен байланысты. Дамып тұрған дәуірінде Мауарауннахр, Қорасан, Солтүстік және Шығыс Иранды өз ішіне алған.**

Басқару жүйесі. Саманилер мемлекетті басқаруда бастапқы кезде шағын басқару әкімшілік жүйесін ұйымдастырды. Ол әмір ордасы және уәзірліктерден құралған.

Ордада әмірдің сарайы және гаремі, сарай бектері, нөкерлері мен қызметкерлері жасайтын орындары болатын.



Наршахидың жазуынша, Саманилердің басқаруы негізінен уәзір, қаржы уәзірі, әмид ул-мүлік, сахиби шурат тәрізді он кеңсе арқылы басқарылды. Олардың ішінде уәзір кеңсесі басты басқару мекеме болып саналатын еді. Насыр II (914–943) тұсында Бұқараның Регистан алаңында әмір сарайының қарсы бетінде кеңселер үшін ғимарат құрылып, мекемелер осы арнайы жайға орналастырылды. Мекеме қызметкерлері араб, парсы тілдерін жетік меңгерген. Құранды және шарияттың негізгі ережелерін жақсы білетін, әр түрлі пәндерден бірталай хабардар болған сауатты асылзадалардан таңдап алынған.



*** Медресе (арабша – үйрену) - мұсылмандардың орта және жоғары оқу орны.**

Мауарауннахрдың өркендеуіне ислам дінін уағыздаушылардың қосқан үлесі мол болды. Сондықтан олардың да беделі артып, Бұқара Шығыста ислам дінінің ең беделді орталықтарының біріне айналды. Қалаларда көптеген ғибадатханлар, солардың қатарында, қоғамдық мешіті, ханақа және намазханалар құрылды. Бұл дәуірде Бұқара қаласында Орта Азиядағы тұңғыш білім орны – медресе орнатылады. Бұқараның бұл көне медресесі X ғасырда құрылған. Ол Фаржак медресесі деп аталған.

Мемлекеттің рухани өмірінде «ұстад» деп аталған дін және ғылым қайраткерлері басшылық жасайтын. Кейінірек бұл ат «шайхул ислам» деген атпен тағы да ұлықталды. Ұстаздан соң хатибтер тұратын еді.



***Уәзір – кеңсе бастығы, бас уәзір.**

***Уламо – дін ғалымдары.**

***Хажиб – әскери атақ.**

***Ханақаһ – қонақүй, мүсәпірхана.**

Саманилер мешіт, медресе және ханақаһтар құру үшін арнайы орындар және олардың құрылысына кететін қаражаттары үшін үлкен мүліктер бөліп берген. Ислам дінінің дамуы, еш күмәнсіз Орта Азия халқының дербес халық болып қалыптасуында зор маңызға ие болды.

Қорғаныс жұмыстары. Ысмайыл Самани жақсы қаруланған әскери жасақ және сарайдың арнаулы тұрақты сарбаздары бөлімін құрды. Өнегелі және ұзақ қызмет еткен сарбаздар «хажиб» лауазымына көтерілген. Хажибтердің бастығы «хажиб ул-хужоб» немесе «хажиб ул-бузрук» деп аталған. Мұндай шен Саманилер сарайында ең жоғарғы шен болып саналған.



1. Саманилер қалайша Араб халифатынан тәуелсіз болады?
2. Қашаннан бастап Мауарауннахрдың дерлік барша облыстары саманилердің қарамағына өтеді?
3. Ысмайыл Самани билікке қай тәрізде келді?
4. Айтшы, не үшін Мауарауннахрдың тәуелсіздікке ұмтылуы Араб халифатына ұнамаған?
5. Не себептен сафариелер мен саманилер арасында соғыс тұтанды?

Төмендегі кестені Саманилер мемлекеті тақырыбына тиісті мәліметтермен толтыр.

Саманилер мемлекеті	Қызмет көрсеткен дәуір	Аумағы	Астанасы

§ 14. САМАНИЛЕР ДӘУІРІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Тірек сөздер: экономикалық өмір, ішкі және сыртқы сауда, ақша айналымы, жер иелігінің формалары, Саманилер билігінің күйреуі.

Ауыл шаруашылығы. IX–X ғасырларда Мауарауннахр және Хорезм халқының негізгі бөлігі суармалы егіншілікпен шұғылданатын. Суару тармақтары арқылы су шығарылып, игерілген құнарлы алқаптарда астық, күріш, мақта, көкөніс, бақша өнімдерін өсіру және бағбаншылық жоғары дәрежеде дамыған еді.

Халық арпа, бидай, тары, мас, жасмин, кунжут, нохат, зигир және сол сияқтыларды егетін еді. Зығыр, кунжут және майкенеден май алатын еді. Алқаптарда мақта өсіруге көп жер бөлінген еді.



Диканшылық салығы – хираждан қазынаға түсетін табыс мемлекет кіріс-шығысының үлкен бөлігін қамтитын еді. Сол үшін де саманилер мемлекетте диканшылық шаруашылығын өркендетуге үлкен мән берді.

IX–X ғасырларда Мауарауннахр және Қорасанда мал шаруашылығы жоғары деңгейде болған. Мал шаруашылығы халықты шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етіп қана қоймай, шаруашылықтың барлық тармақтарына ат-көліктер де жеткізіп берген. Әсіресе, мемлекеттің әскери жасақтарын, атап айтқанда, атты әскерлерін ат-көлікпен қамтамасыз етуде үлкен мәнге ие болған.

Қолөнершілік. Мауарауннахр мен Хорезм қалаларында тоқымашылық, құмыра жасау, темір ұсталығы, мыскерлік, зергерлік, шыны жасау, ағаш шеберлігі сияқты кәсіптік-мамандықтар дамиды. Нәтижеде қалалардың жалпы көрінісі түбегейлі өзгереді. Мұнда үлкен-үлкен күмбезді, әшекейлі ұстынды ғимараттар, шеберханалар, мешіттер, медресе, қонақүйлер, кесенелер және керуенсарайлар бой көтерді. Болашақта қалалар оннан астам қақпалы үлкен қолөнершілік орталығына айналады.

Самарқантта жоғары сапалы қағаз дайындалатын еді. Шаш өзінің кен өндіру тауарларымен және былғары өнімдерімен, ал Илақ күміс және қорғасын кендері және күміс теңге соғатын шеберханасымен әйгілі еді. Хорезмде қайық жасау дамиды. Хорезм мен Термізде жасалған қайықтар Әмудария бойлап Арал теңізіне дейін үздіксіз тауар тасып, саудагерлердің жүгін жеңіл, алысын жақын еткен. Бұл дәуірде қалалармен бір қатарда қыстақтар да мемлекеттің экономикалық өмірінде елеулі орынға ие болды. Бұқараның Зандана қыстағында тоқылған қуқыл сарғыш түсті бөз «занданачи», ал Самарқанттың Вадор қыстағында әзірленген мата «вадари» деген атпен Шығысқа әйгілі болатын.



Саманилерден
Абдумалик бин
Нух теңгесі
Самарқант.
961–962 жыл-
дар.

Ішкі және сыртқы сауда. Мемлекетте диқаншылық пен қолөнерінің дамуы нәтижесінде ішкі және сыртқы сауда ұлғайды. Көне керуен жолын бойлап құдықтар қазылып, әрбір бекетке **қалашықтар** құрылады. Керуендер өтетін қала мен қыстақтарда керуенсарайлар құрылып, оларда хужра мен қоймалар болған.

Сыртқы сауда мәселесінде **сафорлық шектерінен** кеңінен пайдаланылатын. Сол уақытта саудагерлер өзімен бірге көп мөлшерде ақша алып жүрмес еді. Өз ақшаларын олар қаладағы саффорлардың біріне тапсырып, одан тиісті құжат – шек алатын. Көзделген қалаға барумен сол шекті саффорға беріп, онда көрсетілген мөлшердегі ақшаны толығымен қайтарып алуға болатын. Шек сөзі парсыша термин болып, сол уақытта да бұл сөз сол мағынада қолданылған.



***Рабат – орта ғасырларда арабтардың бекемделген жері. Алғаш ғозилерге арнап құрылған арнайы ғимарат. Кейіннен рабат тек қана қорған, қамал мағынасында ғана емес, бәлкім қонақ үй (керуенсарай) мазмұнында да түсінілген.**

***Керуенсарай – керуендер тоқтап, түнейтін рабат, сарай, қонақ үй. Сауда жолдары үстінен және қалаларда құрылған.**

Солтүстік жол арқылы Оңтүстік Сібір және Моңғолияға Мауарауннахрдың қала мен қыстақтарынан бөз, киім-кешек, ер-тұрман, оқ садақ, қылыш, ыдыстар, зергерлік бұйымдары, дәрі-дәрмек, кептірілген жеміс, күнжіт пен зығыр майы тәрізді тауарлар апарылған. Сібірден әртүрлі қымбатбағалы аң терілері, мал және шаруашылық өнімдері әкелінген.

Қытаймен болған саудада шай, жібек мата, тұз және ат негізгі орында тұрған. Еділ, Хазар және Болгарияға Мауарауннахр және Хорезмнен күріш, кептірілген жемістер, тәттілер, тұздалған балық, мақта, шәйі маталар, мәуіт, мақпал және кілемдер апарып сатылған. Болгария мен Хазардан қымбатбағалы аң терілері, шамдар, шоқайма калпақтар әкелінген.



Ақша. Ішкі базарларда «*фалс*» деп аталған мыс тиындар, ал халықаралық саудада күміс теңге – дірхамдар қолданылатын. Мыс тиындарды орталық өкімет те, сондай-ақ билеуші әулет өкілдері болған кейбір облыс әкімдері де шығара беретін. Күміс теңгелер тек үкімет басшысы атынан **Марв, Самарқант, Бұқара** және **Шашта** мемлекеттік теңге соғу шеберханаларында әзірленетін.

Жер иелігінің түрлері. Саманилердің үстемдігі дәуірінде жер иелігінің «**сұлтан мүлкі**», «**мүлік жерлері**», «**вақф жерлері**», «**мүлкі сай**» және «**қоғамдастық жерлері**» деп аталатын 5 түрі болған.

Мемлекет қарамағындағы жерлер «**сұлтан мүлкі**» де жүргізілген. Билеуші әулеттің өкілдері, диқан мен ақсүйектердің қарамағындағы үлкен жер майдандарынан тартып еңбеккер қыстақ тұрғындарына тиісті шағын жеке жерлерге дейін «мүлік жерлері» деп саналған. Мешіт пен медреселерге уақытынша яки мәңгілік пайдалану үшін берілген жерлер «вақф жерлері» деп аталған. Мұндай түрлердегі жерлерден пайдаланушылардың баршасы мемлекетке өнімнің 1/3 мөлшерінде хираж төлейтін еді.

Жоғары мәртебелі руханилер мен сейіттердің қарамағындағы жерлер «**мүлкі сай**» деп жүргізілген. Мұндай жеңілдікке ие болған мүлік иелері мемлекетке көбінесе өнімнің 1/10 есебінде ғана ұшыр салығын төлеген. Билеуші әулет пен жоғары тап өкілдеріне мемлекетте алдындағы қызметтеріне сыйға тарту етілген жерлер – **мүлкі иқто** жерлері деп жүргізілген.

Бұдан тыс, қыстақ қоғамдары қарамағында да белгілі мөлшерде жер майдандары сақталып, олар «қоғамдастық жерлері» саналған. Олар негізінен суарылмайтын және тау етегі жерлерінен құралған.

Иқто мүлкі. X ғасырда ірі ақсүйектер мемлекетке сіңірген еңбектері үшін жер мен судан тұратын үлкен-үлкен мүліктер сыйға беріле бастайды. Мұндай мүлік «иқто», оған ие болған мүлік иелері «мүкто» немесе «иқтодор» деп аталатын. Иқто ретінде кейбір облыс яки қалалар және аудандар да сыйға тартылған. Иқто алғашында негізінен

жоғары тап шенеуніктері: әулет мүшелері – әмірзадалар, ірі мансап иелеріне сыйға берілген. Иқто мүліктері бастапқыда өмірлікке емес, белгілі бір мерзімге ғана беріліп, ұрпақтан ұрпаққа өткізілмеген. Иқто иелері өзіне тарту етілген жердегі тұрғындардан алынатын салықтардың тек белгілі бір бөлігін жинап алу құқығына ие еді.

Барзикор-қосшылар. IX–X ғасырларда ірі жер иелері кадиварларды істетуден гөрі өз жерлерін қыстақ қауымдарының жері аз тұрғындарына жалға беруді тиімді санады. Сол заманда жалданушылар «барзикор» немесе «қосшылар» деп аталатын. Мемлекет салықтары (хираж бен ушур) жер иесінен де, қосшылардан да жеке-жеке алынатын еді.

Саманилер мемлекетінің тоқырауы. Саманилердің әскери жорықтары, билеуші әулеттің ішкі келіспеушіліктері, жергілікті әкімдердің бейбастық іс-әрекеттері барған сайын күшейе түсті. Нәтижеде мемлекетте экономикалық дағдарыс жүзеге келді. Тіпті әскерлерге, соның ішінде әмірдің тұрақты түрік сардарлары жасағына жалақы төлеуге қаржы табылмайды. Мұндай ауыр жағдайдан шығу үшін 942 жылы халықтан екі рет салық өндіріп алынады. Тым көп тәртіпсіздік мемлекетте жағдайды және де шиеленістіріп, халықтың түрлі таптарының өкіметке қарсы қозғалуына себеп болады.

Саяси жағдай Нұх (943–954) және оның немересі Нұх II (976–997) билік еткен дәуірде тіптен ұшығып кетеді. 947 жылы Нұх пен Насырдың немере ағасы Ибрахим бүлік шығарады. Сарай сарбаздары және Шағаниеннің ірі жер-мүлік иесі Әбу Әли Шағанидің көмегімен ол Бұқара тағына иелік етеді.

Көп уақыт өтпей-ақ Әбу Әли Шағанидің өзі де билеушіге қарсы бүлік шығарады. Нұх көтерілісті күшпен бастыра алмайды. 952 жылы Әбу Әли Шағаниді ол әуелі Шағаниенге, кейін Қорасанға әкім етіп тағайындауға мәжбүр болады. 961 жылы Бұқара әскери қызметкерлерінің бүлігі көтеріледі. Көтерілісшілер әмір сарайын талан-тараж етіп, өртеп жібереді. Мұндай оқиғалардың жиі-жиі қайталанып тұруы, сөзсіз, орталық өкіметтің әлсіреп қалғанынан дерек береді.





1. Саманилер дәуірінде ауыл шаруашылығының қай салалары өркендеді?
2. Қолөнершіліктің қайсы түрлері дамыған?
3. Айтшы, керуенсарайлар не үшін құрылған?
4. Саманилер дәуірінде ішкі және сыртқы саудада қандай акша бірліктері қолданылған?
5. Жер иелігінің қандай түрлері болған?
6. Барзикорлар мен қосшылар кімдер еді?
7. Айтшы, Саманилер билігін күйреуге алып келген себептер нелерден тұрады? Ойлап көрші, оның алдын алу үшін нелер істеуге болар еді?

Төмендегі кестені Саманилер мемлекетінде экономикалық өмір тақырыбына тиісті мәліметтермен толтыр.

Ауыл шаруашылығы	Қолөнершілігі	Сыртқы сауда	Ақша бірліктері

§ 15. ҒАЗНАУИЛЕР

Тірек сөздер: *газнавилер, Махмұт Ғазнауи, Масуд Ғазнауи, басқару жүйесі, ғылым мен мәдениет.*

Ғазнауи үстемдігі. Мемлекетте өтіп жатқан ауыр дәуірде Саманилер мемлекетінің түрік сақшылары сарай әскерінің саяси беделі өте күшейеді. Өйткені әскери және қорғаныс істері толық олардың қолында еді. Түрік қолбасшылары қызметтерінің орнына самани әмірлері көпшілік қабілетті қолбасшыларды хажиб-ул-хажиб немесе хажиб-ул-бузрук секілді жоғары әскери мансаптарға тағайындап, оларға тіпті кейбір облыстарды басқару құқын да берген.

962–963 жылдары Ғазна облысын Алыптегін аймақ бастығы және сарбаздар әмірі ретінде басқарған. Ол Ғазна және Кабул облыстарын дербес өзі билеуге ұмтылып, ғазнауилер мемлекетіне негіз салған. Бұл жас түрік мемлекеттің астанасы Ғазна қаласына орналасқан. Ғазнауилердің саяси беделі Сабұктегін дәуірінде (977–997) артып, саманилер тарапынан тән алынған. Махмұт Ғазнауи дәуірінде (997–1030) оның



аумағы кеңейіп, Шығыстың ең құдіретті мемлекеттерінің біріне айналған. Саманилер әулеті ыдыраған соң, Махмұт Ғазнауи Қорасан аумағын, соң Хорезм мемлекетін (1017) де өз патшалығына қосып алған. Бірақ Махмұт Ғазнауи дәуірінде (1030–1041) мемлекет облыстары бірінен соң бірі қолдан шығып, дағдарысқа ұшыраған. Нәтижеде 1186 жылы Ғазнауилер мемлекеті толығымен ыдыраған.

Ғазнауи мемлекетінің басқару жүйелері. Ғазнауилердің мемлекеттік құрылымы және басқару жүйелері ежелден дамып келе жатқан түркілік мемлекеттік негізінде құрылғанмен, ол өзіне тән мекемелік ерекшелікке ие еді. Бас уәзір жүйесінде әскери, елшілік және ресми шаралар, қаржы және хабар-пошта хатшылық қызметтер атқарған. Облыс билеушісі воли (орынбасар), қала әкімі төраға (раис) деп жүргізілген. Облыста басқару жұмыстарын амид, ал қалаларда кутвол іске асырған. Мемлекет құдіретті әскерге ие еді. Бас қолбасшы – **сипахсолор**, әскери басшы – **солор**, ал әскери бөлімдердің бастығы сарханг деп аталған. Жасақта әскери кемелер (өзен және теңіз флоты) де болған.

Ғылым мен білім және мәдениет. Ғазнауилер мемлекетінде ғылым мен білім және мәдениет, оның ішінде, әдебиет өркендеген. Махмұт Ғазнауи түрік ана тілімен бірге парсы, араб және пахлави тілдерін де жетік білген, өлең жазған. Астана сарайында 400-ден астам ғалым, ақын және өнерпаздар шығармашылықпен айналысқан. Әбу Райхан Беруни, Насыр Хусрав, Гардизи және Байхақи сияқты ұлы ойшылдар Ғазнада жасаған. Беруни «Қонуни Маъсуди», Байхақи «Тарихи маъсуди» шығармаларын сұлтан Маъсудқа арнаған. Әбіл Қасым Фердауси әйгілі «Шахнаме» дастанын Махмұт Ғазнауиге тарту еткен. Ғазнауилер мемлекетінде құрылыс және сәулетшілікке де оңтайлы назар аударылған. Ғазна, Балқы, Нишапур, Лахур және басқа қалаларда көптеген медреселер, мешіт, ханақаһ және сарайлар құрылып, кітапханалар жұмыс істеген. Бау-бақшалар өсіріліп, әсіресе, астана Ғазна қаласы гүлдеп көркейген.





1. Ғазнауилер мемлекеті қалай құрылды?
2. Кімнің дәуірінде Ғазнауилер мемлекеті Шығыстың ең құдіретті мемлекеттерінің біріне айналған?
3. Айтшы, Ғазнауилердің басқару жүйесі бұрын пайда болған қайсы мемлекеттің басқару жүйесіне ұқсас?
4. Ғазнауилер басқару жүйесінде қандай қабырғалар қызмет еткен?
5. Ғазнауи қаласында қайсы ғалымдар шығармашылықпен айналысқан?

Төмендегі кестені ғазнауилер тақырыбына тиісті мәліметтермен толтыр:

Ғазнауилер мемлекеті	Қызмет еткен кезеңі	Аумағы	Астанасы	Билеушілері

§ 16. ҚАРАХАНИЛЕР

Тірек ұғымдар: *Қараханилер мемлекеті, Мауарауннахрдың жсаулап алынуы, Қараханилер мемлекетінің ыдырауы, мемлекет басқаруы, қарақытайлардың шабуылы, «Диқан» атауының жаңа мазмұны.*

Мемлекеттің құрылуы. X ғасырдың орталарында қарлұқтар яғма, шігіл, және басқа тайпалармен бір одаққа біріккен. Бұл үлкен аумақта бастапқыда «Қағания өлкесі» деп аталған мемлекет құрылады. Осы мемлекеттің билеушілері «жабғу» деп аталған атақтың орнына өздерін «қарахан» деп, яғни «ұлы хан» деп атайды. XI–XII ғасырларда «Қағания» дамып күшейген соң, «Қарлұқ-Қараханилер» мемлекеті деген атауды алған. Осы ірі мемлекет көп тайпалар одағы негізінде құрылғандығынан билеушілері «арыстанхан», «бұғрахан» және «табғашхан» деген атақтарымен аталған.



Қараханилер мемлекеті, Қағания – Шығыс Түркістан, Жетісу мен Тянь-шанның оңтүстік жанында пайда болған мемлекет. Қараханилер әулеті басқарған. Қараханилер мемлекетінің құрылуында қарлұқ, шігіл, яғма тайпалары жетекші рөл ойнаған. Негізін салушы – Абдул-карім Сатук Бұғрахан (859-955).



Бұл үш атау жоғары дәрежелі билеуші мағынасын білдірген. Ал жоғарылық немесе ұлылық ежелгі түрік халықтарында «қара» сөзімен сипатталған. Сондықтан тақта отырған Арыстанхан, Бұғрахан және Табғашхандар «қарахан» деп тән алынған. Ал олар билеген мемлекет соңынан тарихта рәміздік түрде «Қараханилер мемлекеті» деген атпен абыройға ие болған.

Қараханилердің Мауарауннахрға шабуылы. 992 жылы Харун Бұғрахан бастаған қараханилер Мауарауннахрға қарсы шабуылға шығады. Бұл дәуірде саманилер әулеті шиеленіскен ішкі қақтығыстардың иіріміне түсіп қалған болатын.

Қараханилер Бұқараны еш қарсылықсыз басып алады. Нұх ибн Мансур қараханилерге қарсы күресу үшін Ғазнадағы әкімі Сабұктегінді көмекке шақырады. Ол 20 мыңдай әскермен Мауарауннахрға жетіп келеді. Нұхпен бірігіп, бірнеше шайқастардан соң қараханилер әкімінің әскерлері жеңіледі. Мұның орнына Нұх Сабұктегінді Қорасанның әкімі етіп тағайындайды, нәтижеде Ғазна мен Қорасанда Сабұктегін мен ұлы Махмұттың саяси билігі нығаяды.

996 жылы қараханилер Мауарауннахрға тағы да шабуыл жасайды. Осындай қиын жағдайда қиянат жасалады, яғни Сабұктегіннің әскері Бұқараны басып алады да қараханилермен келіссөздер жүргізеді. Нәтижеде олардың арасында келісім түзіліп, оған сәйкес Сырдария су қоймасы қараханилер қолына өтеді. Ал Сабұктегін Әмудариядан оңтүстіктегі жерлерге, солар қатарында, Қорасанға билеуші болып алады. Саманилерге Мауарауннахрдың орталық бөлігі ғана беріледі. Бірақ көп уақыт өтпей, 999-жылы Бұқараны Насыр Илақхан басшылығында қараханилер тарапынан бағындырылғаннан кейін, саманилер билігі түпкілікті жойылды.

Қараханилер мемлекетінің бөлінуі. Қараханилер енді Қорасанды да өз мемлекеттеріне қосып алу үшін әрекет жасайды. Арадан көп уақыт өтпей, қараханилер мен ғазнавилер ортасында сұрапыл соғыс басталады. 1006 және 1008 жылдары қараханилер Қорасанға қарсы екі рет жорыққа

шығады. Бірақ Махмұт Ғазнауи қараханилерге қарсы соққы беріп, Қорасанды өз мемлекеті иелігінде сақтап қалуға қол жеткізеді. Көп ұзамай ол Мауарауннахр мен Ферғананы өзіне бағындырып, дербес саясат жүргізе бастайды. Нәтижеде қараханилер екі дербес мемлекетке бөлініп кетеді. Бірінің астанасы Баласағұнда болған Шығыстық қараханилер, екіншісінің орталығы Самарқантта болған Мауарауннахрдағы Қараханилер мемлекеті еді. Бұл жеңістерден соң Ибрахим Бөрітегін «бұғрахан» атағын алған.

Мемлекет басқаруы. Қараханилер мемлекетті облыстарға бөліп басқарады. Оларды илақхан яки такиндер (немесе тегін) басқаратын. Әкімдері тек қараханилер әулетінің илақхан шеніне ие болған мүшелерінен сайланатын еді. Илақхандар өз аттарымен тиын-теңгелер соқтырды, облыстардың дербестігіне ұмтылатын еді. Мауарауннахр илақханы қарахани илақхандары арасында үлкен абыройға ие еді. Ол Самарқантта таққа отырған. Облыс басқару әкімшілігінде саманилер кезіндегідей уәзірлер, сахиб-баридтер, қаржы уәзірлері қызмет етті. Ал қалаларды қала әкімі, төрағалар (раис) жағынан басқарылатын еді. Қараханилер мемлекетте өз биліктерін нығайту үшін мұсылман діндарларымен жақын, достық қарым-қатынастар орнатады. Бұл кезде имамдар, сейіттер, шайхтар және садрларға құрмет күшейіп, олардың абырой беделі бұрынғыдан да арта түсті.

Қарахани билеушілері бұл кезеңде әлі отырықшылыққа көшпеген болса да, диқаншылық аймақтары мен қалалардың мәдени маңызын жақсы түсінетін. Олар Баласұғын, Қашқар, Тараз, Өзген, Самарқант пен Бұқара тәрізді қалаларды мемлекет немесе облыс астанасына айналдырып, қалалармен байланысты күшейтті.

Ауыл шаруашылығының жағдайы. XI ғасырда Мауарауннахрға кіріп келген көшпенді малшылар егін егілген алқаптарды таптап, аяқасты етеді. Шабындықтар мен жайылымдарға айналдырылған егін алқаптары қараханилер әулетінің тірегі болып табылатын тайпалардың негізгі меншігіне айналдырылады.



Жергілікті жер иеленуші диқандар мен көшпенді малшылар ортасында шиеленіс күшейіп, диқандарға қарсы күрес қатаң сипат алды. Қараханилердің қысымы салдарынан жер иеленуші диқандар жан сақтау үшін өз жерлерін тастап кетуге мәжбүр болады.

Қараханилердің үстемдігі дәуірінде жергілікті жер иеленуші диқандар жер-су мүліктерінен және мемлекетте ие болған саяси беделінен айрылып, қоғам тіршілігінде өзінің бұрынғы орны мен маңызын біржола жоғалтады.



*** XI–XII ғасырларда «диқан» деген ұғым өзінің «қыстақ әкімі» дегенді білдіретін түпкі мағынасын жоғалтты.**

Иқто жерлерінің кеңеюі. XI ғасырдан бастап жерден пайдалануда иқто тәртібі өте кең тарайды. Қараханилер жағынан билік еткен әулеттің өкілдерінен тыс жоғары дәрежелі әскерилер, мемлекет әкімдері мен жергілікті шонжарларға да үлкен-үлкен жер алқаптары иқто ретінде тарту етіледі. Иқто тәртібі қараханилер үшін бойсұндырылған мемлекеттердің халықтарынан тиісті салықтарды өндіріп, оны басқарудың ең қолайлы түрі болып есептелген.

Сөйтіп, XI–XII ғасырларда Мауарауннахр мен Қорасанда иқто жерлері ұлғайып, жеке меншіктің негізгі қалыптарының біріне айналды.

Бұл кезеңге келіп мұсылман дінбасыларына көңіл бөлудің күшеюі және мемлекетте олардың саяси ықпалының артып баруымен уақып жерлері де біраз көбейді.

Бұл замандарда барзикарлар орта ғасырлардың бас кезіндегі кадиварларға қарағанда ерікті болып саналса да, оларға мемлекет тарапынан әр түрлі салықтар мен түрлі міндеттемелер жүктелген еді. Суару жүйелерін, тоғандар, жолдар мен бекіністер салу және оларды жөндеу істерінде олардың қатысуы шарт еді.

Қалалар, сауда және колөнершілік махаллалары. XI–XII ғасырларда қалалар кеңейеді, халқының саны көбейіп, олар және де шоғырлана түседі. Самарқанд,



Бұқара, Терміз, Өзген, Ташкент сияқты қалалар ішкі және сыртқы сауда үшін алуан түрлі қолөнершілік өнімдерін өндіретін және тиын-теңгені қолдану арқылы жүргізілетін базар саудасының орталығына айналады.

Сол дәуірде құрылып, қазірге дейін сақталған Работи Мәлік, Масжиди калом, Минораи калон, Вобкент мұнарасы, Жарқорған мұнарасы, Мағоки аттори мешіті және көптеген сарай, мешіт, медресе, мұнара, мақбара, тим мен керуенсарай сияқты, ғимараттар құрылады.

Қолөнершілік өнімдері өзінің түрлілігімен және жоғары дәрежеде әсемдігімен ажыралып тұрады. Бұл дәуірде, әсіресе, құмыра жасау, шиша жасау, мыскерлік пен токарлық дамыды. Қолөнершіліктің өркендеуі әрі ішкі және сыртқы сауданың ұлғаюымен базар саудасында ақшаға деген сұраныс артады. Нәтижеде қараханилер және олардың облыс әкімдері элақхандар тарапынан күміс пен мыстан көптеген тиындар мен теңгелер соқтырады.

Қарақытайлар шабуылы. Саяси тұрғыдан барған сайын нашарлай түскен Қараханилер мемлекеті өзінің бұрынғы абыройынан айырылып, салжукилердің қысымына түсті және оған кіріптар болып қалады. XII ғасырдың 30-жылдарының аяғына келгенде Қараханилер мемлекеті шығыстан келген жаңа басқыншылар – көшпенді қарақытайлар (моңғолдарға тән тайпа) шапқынына душар болды. Қарақытайлардың билеушісі Гурхан Баласағұн қаласын Қарақытайлар мемлекетінің астанасына айналдырады.

Жетісуға орнығып алған Қарақытайлар жеделдікпен Сырдарияның орта ағысына қарай жорық жасайды. Олардың әскерлері алдымен Шаш пен Ферғанаға, содан соң Зарафшан мен Қашқадария облысына бастырып кіреді. 1137 жылы олар Ходжент қаласы маңында қараханилердің илақханы Махмұтқа ойсырата соққы береді. Өзара бітім жасалып, үлкен табан алынған соң, өз елдеріне қайтып кетеді. Бірақ бітім ұзаққа созылмайды. Арадан төрт жыл өткен соң қарақытайлар Мауарауннахрға тағы да жорық жасайды. 1141 жылы болған шайқаста Қарақытайлар жеңіске жетеді. Нәтижеде Қараханилер мемлекеті ыдырайды.



1. Қараханилер мемлекеті қалай құрылды?
2. Қараханилердің Мауарауннахрға неше рет шабуыл жасайды?
3. Қараханилер мемлекетінің екіге бөлінуі қалайша іске асты?
4. Қараханилерде мемлекет басқаруы бұрынғы мемлекет басқаруларынан қайсы тұстарымен ажырайады?

Төмендегі кестені Қараханилер тақырыбына тиісті мәліметтермен толтыр:

Қараханилер мемлекеті	Аумағы	Қызмет еткен кезеңі	Мемлекет басқаруы

§ 17. ХОРЕЗМ МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨРКЕНДЕУІ

Тірек ұғымдар: *тәуелсіздік үшін күрес. Хорезмшахтар мемлекеті, ішкі шиеленістер.*

Маъмундар дәуіріндегі Хорезм. 995 жылы Гурганч мірі **Маъмун ибн Мұхаммед Кат** қаласын басып алып, Хорезмнің екі бөлігін біріктірді және Хорезмшах атағына ие болды. Солайша афиғилер әулеті жойылып, маъмундар үстемдігі басталды. Көне Үргеніш Хорезмшахтар мемлекетінің астанасына айналды. Қысқа дәуір аралығында маъмундықтар Хорезмшах мемлекетін әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени жағынан өркендетті. Мемлекет облыс, қала және қыстақтарға (бекіністерге) бөлініп басқарылды.

Хорезмшах мемлекеттің жоғары және дербес билеушісі болып саналатын. **Үргеніште** шах сарайы, орталық басқарма – хатшылық кеңсесі ұйымдастырылды. Оның құрамында егін шаруашылығы, сауда, қаржы, салық, қала және қыстақтарда бейбітшілікті сақтау үшін әскери жұмыстармен айналысатын мекемелер қызмет атқарған. Мемлекеттің ең жоғары лауазымдарының бірі уәзірлік – үлкен қожайын (хужаи бузрук) лауазымына ие еді. Ол кеңсе хатшылығының жұмыстарына жауапты болған. Әскери жорықтар кезінде патша атынан мемлекетті басқарған.

Тәуелсіздік үшін күрес. 1017 жылы Махмұт Ғазнауи жағынан жаулап алынып, өз тәуелсіздігінен мақрұм болған



Хорезм 1040 жылы Салжукилер мемлекетіне тәуелді болып қалады. Салжукилер билеушісі Мәлікшах өз әкімдерінен Ануштегінді Хорезмге әкім етіп тағайындайды. Ануштегіннің өлімінен кейін Хорезмге оның мұрагері Құтбиддин Мұхаммед (1097–1127) әкім болады. Ол «хорезмшах» шенін қалпына келтіріп, осындай ұлы атпен аталғанымен, Салжукилер мемлекетінің адал әкімі болып қала берді. Хорезмнің тәуелсіздігі Құтбиддин Мұхаммедтің ұлы Атсыздың (1127–1156) есімімен байланысты.

Атсыз алдымен түрікмендер мен қыпшақтарды бойсұндырады. Атсыз Каспий теңізінің жағалауларынан Сырдарияның орта ағысына дейінгі жерлерде Хорезмшахтар мемлекетінің іргетасын қалайды.

Хорезмшахтар мемлекетінің құрылуы. Атсыздың саясатын оның мұрагерлері Еларыстан (1156–1172), Сұлтаншах Махмұт (1172) және Текеш (1172–1200) жалғастырады. XII ғасырдың екінші жартысында Мауарауннахр мен Қорасанда саяси жағдай және де шиеленісе түседі. 1153 жылы Сұлтан Санжарға қарсы көшпенді оғыздар көтеріліске шығады. Мұның салдарынан Салжукилер мемлекеті қатаң соққыға ұшырап, күйрейді.

Алдымен одан Кіші Азия мен Кермен бөлініп шығады. Содан соң Парсы, Әзербайжан және Қорасан облыстары дербес болып алады. Мұндай саяси жағдайда, әрине, Хорезмнің билік шеңбері кеңейіп, тәуелсіздігі нығая түседі. Хорезм мемлекеті, әсіресе, Атсыздың немересі Текеш билігі тұсында мейлінше ұлғаяды. Ол 1187–1193 жылдарда Нишапур, Рай және Марв қалаларын басып алады. Ал 1194 жылы салжукилердің сұлтаны Тұғрулға ойсырата соққы беріп, Иранды Хорезмге бағындырады.

Мемлекет аумағының кеңеюі. Текештен соң оның ұлы Алауиддин Мұхаммед (1200–1220) те Хорезм мемлекетін ұлғайту саясатын жалғастырады. 1206 жылдан бастап Мауарауннахрды қарақытайлардың қарамағынан азат етуге кірісті. 1210 жылы Талас өлкесінде қарақытайлар жеңіледі. Жетісуға дейінгі жерлер Хорезмшахтар мемлекеті иелігіне алынады.

XIII ғасырдың басында Хорезм өте үлкен аймаққа иелікеткен күдіретті мемлекетке айналған еді. Оның солтүстік-батыс және



батыс шекарасы Арал және Каспий теңізі жағалауларынан оңтүстігі батыста Иракқа дейін созылып жатты. Оңтүстік-шығыс аумақтары Ғазна облысынан, ал солтүстік-шығыс шекарасы Жетісу мен Дешті Қыпшақтан өтетін еді.

Шығыстағы бұл үлкен мемлекеттің астанасы Үргеніш қаласы еді. Ал билеуші Мұхаммед Хорезмшах «Искандари Сони» деп мадақталған. Оның сарайында 27 билеуші және олардың уәкілдері әрдайым бағынышты болған.

Ішкі қайшылықтар. Мемлекет қарақытайлардың зұлымынан құтылғанымен, еңбекші халықтың жағдайы жеңілдей қоймады. Керісінше, хорезмшахтардың әскери жорықтары, салық саясатындағы тәртіпсіздіктер, әмір мен жергілікті билеушілердің езгісінен мемлекет халқының материалдық тұрмыс жағдайын қиындатты, ауыл шаруашылығын да нашарлатты. Бұл, сөзсіз қала мен қыстақ халқының Хорезмшахқа қарсы наразылығын арттырды. Нәтижеде, 1210 жылы Отырар халқы, ал 1212 жылы самарқандықтар ереуілге шығады. Мұхаммед Хорезмшах көтерілісшілерді аяусыз бастырып тастайды.

Облыс билеушілерінің бүліктері, халықтың көптеген таптарының наразылығы, әскер мен сарайда қастандықтардың өрістеуі мемлекеттің тұрақсыз жағдайын анық көрсететін еді. Сондықтан да бұл мемлекет көп жасамады.



1. Арабтар басқыншылығы Хорезмді қандай жағдайларға алып келген?
2. Африғилер әулеті қалай құрылды?
3. Мамунилер дәуірінде басқару жүйесі қандай болған?
4. Мамундер қай тәрізде өз үстемдігінен айрылған?
5. Хорезмнің тәуелсіздігі кімнің атымен байланысты болған?
6. Хорезмшахтар ішкі қақтығыстардың алдын алу үшін қандай саясат жүргізу керек еді деп ойлайсың? Өз пікірінді сипаттап бер.

Төмендегі кестені Хорезм тақырыбына тиісті мәліметтермен толтыр:

Әулет	Үстемдік дәуірі	Билеушілері



§ 18. ХОРЕЗМШАХ ПЕН ШЫҢҒЫСХАН ҚАТЫНАСТАРЫ

Тірек ұғымдар: *Хорезм мемлекетінің ішкі және сыртқы саясаты, елшілік пен дипломатиялық қатынастар, Хорезмшахтар мемлекетінің күйреуі.*

Өзара елшілік байланыстары. Моңғол ру мен тайпалары күдіретті мемлекетке бірігуі және нығыздалуы Темучин (1155—1227) атымен байланысты. 1206 жылы Онон өзені бойында өткен моңғол ру басылары мен тайпа көсемдерінің құрылтайында Темучин ұлы хан (хан) деп жарияланады, оған «Шыңғыс» лақабы беріледі және Моңғолдар мемлекетіне негіз салынады.

Шыңғысхан жүргізген соғыстар нәтижесінде Гоби шөлінің шығыс шекарасынан сонау Тәңіртау (Тянь-Шань) жоталарының батыс баурайына дейінгі облыстар Моңғолдар мемлекетінің қол астына біріктірілген еді. Солайша Моңғол мемлекетінің батыс аумақтары Сұлтан Мұхаммед Хорезмшах мемлекетінің шекарасына тікелей ұласып кеткен еді.



Шыңғысхан.

Шыңғысхан мен Хорезмшах арасында бір-бірінің күш-күдіретін біліп алуға және бұл туралы мәліметтер жинауға әрекет жасалады. Тіпті екі ел арасында елшілік байланыстар орнатылады.

Алғаш 1216 жылы Шыңғысханның құзырына Хорезмшах Бахауддин Рази басшылығында өз елшілерін жібереді. Шыңғысхан елшілерді жылы ілтипатпен қабылдайды. Тіпті ол елшілерден Сұлтан Мұхаммедті Батыстың сайыпқыраны (Батыс мемлекеттері жерлерінің сұлтаны) деп, ал өзін Шығыстың патшасы деп санайтынын Хорезмшахқа жеткізулерін өтінеді.

Шыңғысхан қымбат бағалы тарту-таралғылар мен тауарлар тиелген үлкен керуенге қосып, өз елшілерін Хорезмге аттандырады. Елшілерге хорезмдік саудагер

Махмұт Ялауаш басшы етіп тағайындалады. Шыңғысханның елшілерін Сұлтан Мұхаммед 1218 жылдың көктемінде Бұқара қаласында қабылдайды. Елшілер Шыңғысханның Сұлтан Мұхаммедті құдіретті патша ретінде біліп, оны өзінің ең ардақты ұлдарының қатарында көргісі келетінін және онымен достық келісім жасауға разы екендігін айтады. Ең ардақты ұлдары қатарында көру «ілтипаты», шүбәсіз, Шығыс даналығында «Шыңғысханның Хорезмшахты өзіне бодан ету ниеті бар» деген мағынаны білдіретін еді. Өзін Искандари Сони (екінші Ескендір) есептеп жүрген патшаға мұндай «болашақ» мүлдем ұнамайтын. Хорезмшах Махмұт Ялауышты түнге қарай құпия түрде өзіне шақыртады. Елшіден тегі хорезмдік болғаны үшін Шыңғысханға емес, Хорезм шахына қызмет етуді, Шыңғысхан жөнінде бар шындығын айтуын, ал кейінірек хан ордасына Хорезмшахтың тыңшысы болып қалуды талап етеді. Шыңғысхан өз елшілерінің сапар нәтижелеріне дән риза болады. Өйткені Махмұт Ялауыш Хорезм мемлекеті мен оның патшасы жөнінде Шыңғысханға, моңғолдар туралы Хорезмшахқа айтқандарынан да көбірек әрі құндырақ мәліметтер жинап қайтқан болатын.

Қатынастардың шиеленісуі. Шыңғысхан көршілес екі ұлы көршілес мемлекеттер арасында келісім-шарт жасау үшін 1218 жылдың өзінде-ақ Хорезмге өте үлкен сауда және елшілер керуенін жөнелтеді. Керуен аса көп мөлшерде алтын, күміс заттар, қытай жібегі, сусар, құндыз терілері және басқа да әр түрлі қымбат бағалы тауарлар тиелген 500 түйеден және 450 мұсылман саудагерлерінен құралған еді. Бұл үлкен сауда керуені мемлекеттің астанасы Үргеніш қаласына қарай бара жатты. Бірақ керуен жолшыбай шекаралық қала – Отырарда тоқтатылады. Қаланың әкімі Ғайырханның (Иналшық) жағынан керуен таланып, саудагерлердің барлығы қырып тасталады. Тек бір түйекеш қана өлімнен әрең қашып құтылады. Ол Шыңғысханның ордасына зорға жетіп барып, керуеннің басына түскен қасіретті жағдайынан хабар береді.

Шыңғысхан Хорезм ұлықтарының бірі болып табылатын Отырар әкімінің бұл қиянатына қатты ашуланды.

Бірақ ашуын басып, Ибн Кафрож Буғраны екі сенімді күзетшісімен Хорезмшахтың құзырына елші етіп жібереді. Шыңғысхан Сұлтан Мұхаммедтен айыпты адамдарды жазалауды және Иналшықты тұтқындап, өзінің ықтиярына жіберуді талап етеді. Хорезмшах Шыңғысханның талабына жауап ретінде елшіні өлтіруге және онымен бірге келген екі өкілдің сақал-мұрттарын қырқып, масқаралап қайтарып жіберуге бұйрық береді. Бұл оқиғалар екі ірі мемлекет арасындағы сауда байланыстары мен елшілік қарым-қатынастардың біржола үзілгендігін білдіретін еді. Хорезмшах ұйымдастырған бұл оқиға екі ұлы мемлекеттер арасында соғыс басталуына сылтау болды.

Хорезмшах мемлекетінің күйреуі. XIII ғасырдың бас кезінде Хорезмшахтар мемлекеті жасағының жалпы саны Шыңғысханның әскери күшіне қарағанда біраз көбірек еді. Хорезмшах өкіметі саяси, соның ішінде, әкімшілік басқару жағынан тұрақталмаған еді. Себебі шенеуніктер мемлекет дағдарысқа ұшырап қалған кездерде өз міндеттерінен тастап кететін, патшаға бойсұнбай, өз білгендерінше жол ұстанатын еді. Тіпті кейбір облыс әкімдері Хорезмшахқа сырттай бағынып, іс жүзінде тәуелсіз еді. Бұған қосымша Сұлтанның жоғары сарайында ішкі қайшылықтар жүріп жатты. Әсіресе Туркон хатун, яғни «түріктер анасы» деген атпен әйгілі болған Сұлтан Мұхаммедтің анасы жасақтың жоғары әскерлері саналған қыпшақ ақсүйектерінен шыққан әскербасылармен рулық-тайпалық қатынастары тұрғысынан тығыз байланысты еді. Ол өз тайпаластарының мүддесін көбірек ойлаған бұл әйел сарайдағы барлық бүліктерге өзі басшылық жасайтын. Тіпті оларда шахқа қарсы жауыздық рухын сәйкестендіріп қойған еді.

Ішкі қайшылықтар, бейбастықтар мен азаматтардың наразылығы күшейіп, мемлекет саяси өмірі дағдарысқа ұшырады. Мұндай өте қауіпті жағдайды жою мақсатында Сұлтан Мұхаммед өз үстемдігінің соңында «Үкімет кеңесін» орнатты. Кеңеске 6 білімді уәкілдер шақырылады. Онда ең көкейтесті мәселелер талқыланып, қаулы қабылданса да, ол іс жүзінде жақсы нәтиже бермейді. Сондай жағдайда ол жауынгер моңғол тайпаларының Шыңғысхан басқарған жаугершілікке тап болды.





1. Дүние тарихынан алған білімдеріңді сипаттап бер: Моңғолдар мемлекеті қалай құрылды? Шыңғысхан қайсы көршілес мемлекеттерді жаулап алды?
2. Шыңғысхан мен Хорезмшахтың елшілік байланыстарынан түпкі мақсаттары не еді?
3. Шыңғысхан мен Хорезмшах байланыстары неліктен шиеленісті? Бұл қатынастар шиеленіспеуі мүмкін бе еді?
4. Қандай себептер Хорезмшахтар мемлекетін саяси дағдарысқа ұшыратты?
5. Хорезмшах халықтың ынтымақтастығын қамтамасыз ету үшін қандай жұмыстарды жүзеге асыру керек еді?

Төмендегі кестені оқулықтың мәтінінен пайдаланып олар туралы мәліметтермен толтыр:

Сұлтан Мұхаммед Хорезмшах		Махмұт Ялауыш	
Шыңғысхан		Ғайырхан	
Бахоуддин Рози		Ибн катра Боғра	

§ 19. МҰХАММЕД ХОРЕЗМШАХТЫҢ МЕМЛЕКЕТ ҚОРҒАНЫСЫНА ТИІСТІ ШАРАЛАРЫ МЕН ОНЫҢ САЛДАРЫ

Тірек ұғымдар: *қорғаныс жоспары. Отырар бекінісі. Бұқара мен Самарқандтың иеленуі, Темір Мәліктің ерлігі, Үргеніш қамалы, Нажмиддин Куброның ерлігі.*

Хорезмшахтың қорғаныс жоспары. Шыңғысхан Мауарауннахр жорығына үлкен мән беріп, тыңғылықты дайындық көрген еді. Әлі әскери жорық басталмай жатып-ақ өз дұшпанының күш-күдіреті мен соғысқа дайындығы туралы саудагерлер арқылы жинақтаған мәліметтерді мұқият зерттеген. Шыңғысхан Хорезмшахтар мемлекетінің ішкі шиеленісінен толық хабардар еді.

Хорезмшах пен қолбасшылар арасындағы келіспеушіліктер әуел бастан-ақ үстемдіктен пайдалануға мүмкіндік бермеді. Соғыс қарсаңында болған әскери кеңесте олардың арасындағы келіспеушілік айқын байқалды. Кеңесте жауға



соққы берудің дара жоспарын бірауыздан бекітіп алудың орнына пікірлер бөлініп кетті. Сұлтан Мұхамедтің ұлы Жалалиддин, Хожанд әкімі Темір Мәлік сияқты қолбасылар әскери күштерді бір жерге топтап, дұшпанға соққы беруді ұсынды. Бірақ үлкен әскерді бір жерге топтаудан қорқатын еді. Сұлтанның назарында бір жерге жиналған әскерлер өзін тақтан құлатуы мүмкін еді. Сол үшін әскери кеңесте Сұлтан өз әскерлерін түрлі қалаларға бөліп жіберіп, соғыста қорғану тактикасын қолдануға шешім қабылдайды. Осылайша мемлекет үлкен қауіп астында қалды.

Отырар бекінісі. 1219 жылдың күзінде Шыңғысхан Хорезмшахқа қарсы жорығын бастады. Шыңғысханның отырарлықтардан кегі бар екендігінен моңғолдар жасағы алдымен Сырдарияның жағасында орналасқан Отырар қаласына жорыққа аттанды. Отырар берік қамалды шекара қала еді. Бекініс бастығы Қайырхан (Иналшық) пен Қараша Хажиб басшылығында моңғолдарға қарсы соғысты. Деректерге қарағанда, Отырар қамалы 5 айға созылған. Отырар қорғанысының ең қиын кезінде Қараша Хажиб өз әскерімен қала қақпасынан шығып, моңғолдарға тізе бүккен. Бірақ қиянатшыларды моңғолдар да кешірмеген. Олар Қараша Хажиб пен оның әскерлерін өлтірген.

Қайырхан өзін Шыңғысхан саудагерлері мен керуеншілерін өлтіруде айыпты сезініп, соңғы тынысына дейін дұшпанға қарсы күреседі. Ол басқарған қорғаушылардың бір бөлігі Отырар қақпасына орналасып алып, қорғанысты тағы да бір айға дейін жалғастырады. Қайырхан қоршауға алынып, тұтқындалады және Самарқантқа алып барылып, қинап өлтіріледі.

Бұқара трагедиясы. 1220 жылдың ақпанында Шыңғысхан Бұқараға әскер жібереді. Сол жылдың 16 ақпанында моңғолдар тарапынан Бұқара толық иеленіп, талан-таражға етіледі. Қаланың ішінде ұрыс тоқтамады, мешіт қамалы 12 күнге созылды. Бұқара дұшпанның күшін қайтаруға дайын емес еді. Есепсіз қазыналар таланады, ғасырлық

қолжазба шығармалар, қасиетті кітаптар жыртылып, отқа лақтырылатын еді. Ғылым мен білім иелері болған ғұламалар мен шайхтар беделді моңғол жауынгерлеріне қызметкер беріледі. Шыңғысханның әмірімен Бұқара өртеп жіберіледі.

Самарқант шайқасы. Бұқара жаулап алынғаннан кейін 1220 жылдың наурыз айында моңғолдар Мауарауннахрдың ең әйгілі және ірі қаласын Самарқант жаққа жол алады. Шыңғысхан қаладан тыс орналасқан Көксарай ордасынан тұрып қаланы қоршауға басшылық жасайды. Қала түбінде үш күн бойы табанды шайқастар жалғасады.

Үш күндік қатты қарсылықтан соң Шыңғысхан қулық істетуге мәжбүр болады. Қаңлы жасақтарына ол қала алынғаннан кейін амандық уәде береді. Олар тұтқынға беріліп, қала таланып, 30 мыңдық қаңлы жасағы, қалған қорғаушылар да қырып тасталады. Самарқант моңғолдар тарапынан иеленіп, Бұқара сияқты тас-талқан етіліп, жағып жіберіледі.

Темір Мәліктің ерлігі. Хожент қаласы Сырдарияның екіге айырылған тұсында орналасқан еді. Оның табиғи орналасуы және қала әкімі Темір Мәліктің қаһармандығымен хоженттіктер моңғолдарға күтілмеген қарсылық көрсетеді. Хожент қаласының қорғаушылары Темір Мәлік басшылығында дерлік бір айдың барысында өз қаласын қорғады. Ақыры ылажсыз қалғанда өрттің ішінде қалған қаланың қамалын мыңға жуық тастап шығып, Темір Мәлікпен Сырдарияның ортасындағы аралдардың біріне орнығып алып, дұшпандармен ерлік көрсетіп соғысты. Арнайы қайықтар жасап, дарияның ағысымен Хорезмге қарай жүзіп кетеді. Жол бойында дұшпанмен шайқасатын.

Халық қаһарманы Темір Мәліктің бұдан кейінгі отан-сүйгіштік ерлігі Хорезм және ана жерінің басқа аумақтарын қорғаушылар ретінде болды.

Сырдария (Сейхун) су қоймасы, Зарафшан және Қашқадария алқаптары, Өмудария (Жейхун) өзені орта ағысының оң жағалауындағы облыстар бойсұндырылған



соң, Шыңғысхан негізгі күшін Хорезмшахтар мемлекетінің орталық бөлігі – Хорезмге бағыттайды.

Үргеніш қорғанысы. 1221 жылдың бас кезінде Шыңғысхан әскерлерінің Үргенішке шабуылы басталды. Хорезмшахтар астанасында хорезмдіктердің 110 000 санды жасағы тұратын. Үргеніштіктер дұшпанның әскери күш пен брондалған қаруларының үстемдігіне қарамай, өз ана қаласын жеті ай қорғайды. Бұл шайқастарда өз заманының ұлы ғұламасы шейх Нажмуддин Кубро деген атпен әйгілі болған 76 жастағы Ахмет ибн Умар Хивақи дос-жарандарымен, шәкірттерімен қатынасады. Нажмуддин Куброның өтінішіне орай: «Не Отан, не абыройлы өлім!» деген ұраны астында әрбір махалла, мөлтек аудан, мешіт, медресе, әрбір көше, әрбір үй нағыз ұрыс алаңына айналады. Көше шайқастарында мыңдаған моңғол әскерлері қаза тапты. Моңғолдар осы уақытқа дейін Мауарауннахрдың ешбір қаласында мұншалықты өлімді көрмеген еді.

Шыңғысхан Нажмуддин Куброға барлық жақын-жұрағаттарымен, дос-жарандарымен бірге қала сыртына шығып жан сақтауды ұсынған. Бірақ шейх Шыңғысханның ұсынысынан бас тартып, «осы топырақта туылдық, осы топырақта жан береміз» деген екен. Соңында сан жағынан басым болған жаумен шайқаста ауыр жараланған Нажмуддин Кубро өлер алдында найза ұстап тұрған моңғол сарбазына өзін тастап, қаһармандықпен жан тапсырады. Жауынгер моңғолдар жансыз шейх қолынан жалауды тартып ала алмайды.

Моңғолдар қулық істетіп те көрді. Бір шопанға 100-150 қой, ешкі беріп, қала қақпасының жанынан айдап өтуді бұйырады. Өздері торуылда тұратын. Аш қалған тұрғындар қақпадан шығып сұрудың артынан қуып кетер еді. Қаладан әжептәуір ұзақтасып қалғанда моңғолдар оларға шабуыл жасайтын еді. Көптеген адамдар өлтірілді. Моңғолдар қалған адамдарды қуып келіп қалаға кіріп шайқасатын. Бірақ қаланың қорғаушылары моңғолдарды қаладан айдап

шығуға қол жеткізеді. Кейіннен лажсыздықтан жағдайы нашарлап тізе бүккен Үргеніш басқыншылар тарапынан талқандалады. Жүз мыңға жуық өнер, өнер қайраткерлері, жас балалар мен әйелдерді ажыратып алып Моңғолстанға жөнетеді. Қалған халықты қаладан айдап шығарып, әскерлерге 24-тен бөліп берді. Моңғол жауынгерлері жүз мыңнан астам еді. Қаланың бас ихота тауын бұзып жіберіледі. Үргенішті су бастырып жояды.



*** Нажмиддин Кубро (1145-1221) – ұлы шейх, тассавуфтың танымал өкілдерінің бірі, кибровилік тариқатының негізін салушы. Оның лақабы «діннің ұлы жұлдызы» мағынасын береді. Куброның керемет көрсету, оқиғаларды алдыннан білуі, өткір назарымен әсер ете алу сезіміне ие адам болғаны үшін аңыздар таралған. Карт шейх және данышпан адамның моңғолдарға қарсы шайқастағы қаһармандығы, ерлігі ұрпақтарға үлгі болып қалды. Кубро тұлғасы және оның мұрасы Өзбекстанда тәуелсіздіктің артында үйреніле бастады. 1995 жылы Өзбекстанда Нажмиддин Кубро туғанының 850 жылдығы атап өтілді.**



1. Хорезмшах не үшін қорғану жоспарын жөн көрді? Ол қандай жоспар еді?
2. Сен Мұхаммед Хорезм шах ұстанған жолды қалай бағалайсың?
3. Шыңғысханның шабуылы қашан және қай жерден басталды?
4. Нажмиддин куброның «Не Отан, не қадірлі өлім» ұраны мағынасын түсіндір.

Төмендегі кестені тақырыпқа тиісті мәліметтермен толтыр:

Қалалар	Қорғаныстың ұйымдастырылуы	Қанша мерзім қорғаныс етілді	Нәтижесі



§ 20. ЖАЛАЛИДДИН МАНГУБЕРДІНІҢ ХОРЕЗМ ТАҒЫНА ОТЫРУЫ

Тірек ұғымдар: Мангубердінің ерлігі, парвон шайқасы, Синд өзені бойындағы шайқас. Басқыншылықтың салдары.

Жалалиддин Мангубердінің ерлігі. Бұқара, Самарқанд, Хожент сияқты ұлы қалалардың қолдан кетуі Мұхаммед Хорезмшахты ойландырып қойды. Ол енді оңтүстік батыс аумақтарға шегіне бастады. Хорезмшах жекеленіп қалып, көптеген сенімді әмірлері қиянат жолын ұстанды. Одан Құндыз және Бадахшан облыстары әкімдері кері кетті. 1220 жылдың сәуірінде Мұхаммед Хорезмшах Нишапурға келеді. Бірақ оны моңғолдар артынан қуып келе жатқанын есітіп, бірнеше қала мен қамалдарда жасырынып жүрді. Ешбір жерде оны жылы күтіп алмады. Ақыры Каспий теңізіндегі Ашура аралында ұлы Жалалиддинді тақ мұрагері етіп тағайындап, 1220 жылдың желтоқсанында қайтыс болады.

Мауарауннахрдың негізгі қалалары жаулап алынғаннан кейін моңғол жауынгерлерінің басқыншылық жорықтары Әмударияның оңтүстігіндегі ірі сауда және мәдениет орталықтары – Балқы, Герат, Марв және Ғазна сияқты қалаларға бағытталады. Бірақ бұл өлкеде олар Жалалиддин Мангубердінің қатты қарсылығына ұшырайды.

Жалалиддин Валиан бекінісін қоршап алған моңғолдарға қарсы шабуыл жасап, оларды тасталқан етеді. Бұл Жалалиддиннің дұшпанға қарсы соғыста қол жеткізген алғашқы ірі жеңісі еді.

Шыңғысхан Жалалиддин Мангубердіге қарсы Шиқи Хутуху ноянды 45 мың жасақпен жібереді. Ғазна маңындағы Паруан даласындағы шайқаста Жалалиддин жеңіске жетті. Бірақ жеңістен кейін түскен олжаларды бөлісу кезінде Жалалиддиннің әскербасылары арасында өзара



Джалалиддин
Мангуберді.

келіспеушіліктер туады. Соның салдарынан Сайфуддин Ағрақ, Ағзам Мәлік және Мұзаффар Мәлік сынды әскербасылар жасақтан бөлініп кетеді. Жалалиддиннің бұларды қайтару жолындағы ұмтылыстары нәтиже бермейді. Бұл оқиғадан кейін Жалалиддиннің әскери күші әлсіреп қалады. Осы сәттен пайдаланған Шыңғысхан Ғазнаға әскер аттандырады және бөлініп шыққандарды жеке-жеке талқандайды. Жалалиддин қиян-кескі соғыстар жүргізе отырып, Синд (Үнді) өзенінің жағалауларына жақындайды. Өзен жағалауында 1221 жылдың 25 қарашасында екі ортада қатты шайқас болады. Жалалиддин Шыңғысхан әскерінің алдыңғы шебін жеңеді. Моңғолдардың торуылға қойылған 10 мың іріктелген жасағы шайқасты аяқтайды Жалалиддин жауға берілуді қаламай атпен Синд өзеніне секіріп, өзеннің арғы бетіне жүзіп өтеді. Онымен бірге оның 4 мыңдық әскері де өзеннен өтеді. Қазіргі кезде бұл өзеннің бір жағалауы «Ат секіру», екінші жағалауы «Жалал шөлі» деп аталады. Жалалиддиннің ерлігіне таң қалған Шыңғысхан оның артынан қуу пікірінен қайтады. Тіпті, ол балаларына қарап: «Әкесінің баласы тап осындай болуы керек» деген екен. Шыңғысхан бұған дейін ешбір шах, билеуші яки қолбасшыға тән бермеген және ешкімді өзіне лайықты деп көрмеген еді.

Моңғолдар шапқыншылығының салдарлары. Моңғолдар шапқыншылығы салдарынан Мауарауннахр мен Хорезмнің жайнап тұрған егіншілік облыстары апатқа ұшырады. Халқы көп және көрікті қалалар, әсіресе, Бұхара, Самарқанд, Үргеніш, Марв, Банокат, Хожент және тағы басқалар қираған өңірге айналдырылды. Марв алқабындағы суару тармақтарының басты тоғаны – әйгілі Сұлтанбанд бұзып тасталды.

Самарқандықтар өз туған қалаларын тастап шығып кетті. Ал Марв тұрғындары сусыздықтан қуаң тартқан өз қыстақтарын тастап, өзге жерлерге барып орналасты. Үргеніш су астында қалып, тіптен ойран болды. Хорезм мен Мауарауннахрдың егінші халқының саны шұғыл азайып кетуінің салдарынан егін алқаптары да қатаң қысқарып, диқаншылық дағдарысқа ұшырайды.



Шебер қолөнершілер жеңімпаздардың жұртын көркейту үшін мәжбүри түрде Моңғолияға жіберілді. Бүкіл Шығысқа атағы жайылған қару-жарақ жасау, жұмсақ жібек маталар тоқу, әшекейлі шыны бұйымдар өндіру қолөнершілігі жойылды.

Ғасырлар барысында Қытай мен Үндістаннан Түркістан арқылы Кіші Азия мен Еуропаға өткен әйгілі Жібек жолы моңғолдар шапқыншылығы дәуірінде бүтіндей тоқтап қалды. Бұл кезеңде ғылым мен ағартушылыққа үлкен зиян келтірілді.



***Жалалиддин Мангуберді (толық аты Жалалиддин ибн Алаудин Мұхаммед) (1198–1231) – Хорезмшахтар мемлекетінің соңғы билеушісі. (1220–1231), шебер қолбасшы. Ануштегінилерден. Жалалиддиннің мұрнында қалы (манк) болғаны үшін Манкмұрынды атымен аталған. Кейіннен бұл ат айтылуда өзгеріп «Мангуберді» атымен әйгілі болып кеткен.**

***Парвон шайқасы (1221) – Жалалиддин Мангубердінің моңғол басқыншыларына қарсы жүргізген шайқастарының бірі. Парвон шайқасы моңғолдардың бұл соғыстағы ең үлкен жеңілісі болған. Моңғолдар басып алған көптеген қалаларда халық көтеріліске шығып, моңғол әскерлерін өлтірген.**

*** Синд өзені жағалауындағы шайқас - Жалалиддин Мангуберді мен Шыңғысхан жасақтары арасындағы шайқас (1221 жыл 25 қараша). Шайқаста Шыңғысханның жасақтары жеңіске жетеді.**



1. Жалалиддин қандай күш ерлігіне үндеген еді?
2. Не үшін Мұхаммед Хорезмшах халықты дұшпанға қарсы ұйымдастыра алмады?
3. Қай жердегі шайқас Жалалиддиннің дұшпан үстінен жеңіске жеткен алғашқы жеңісі еді?
4. Парвон шайқасынан соң неге Жалалиддиннің әскери күші әлсіреп қалды?
5. Синд өзені жағалауындағы шайқас жөнінде айтып бер.
6. Моңғолдардың басқыншылығы қандай салдарға алып келді.

Төмендегі кестені тақырыпқа тиісті мәліметтермен толтыр:

Қалалар	Қорғаныстың ұйымдастырылуы	Қанша мерзім қорғаныс етілді	Нәтижесі



§ 21. ЖАЛАЛИДДИН МАНГУБЕРДІ ШЕБЕР ҚОЛБАСШЫ

Тірек ұғымдар: *Жалалиддин мемлекеті, Басра маңындағы шайқас, Әзербайжанның басып алынуы, ішкі қақтығыстар.*

Жалалиддин мемлекетінің құрылуы. Жалалиддин Синд өзенінен кешіп өткеннен кейін қалған жауынгерлерін топтап, Солтүстік Үндістан аумағындағы бірнеше мемлекеттер билеушілерімен байланыс орнатуға әрекет етті. Бірақ Шатра облысының билеушісі Жалалиддин Мангубердінің ауыр жағдайынан пайдаланып, оған қарсы шабуыл жасайды. Бұл шайқаста жеңіске жеткен Жалалиддин Мангубердіге Шатра билеушісінің мың атты және бес мың жақсы қаруланған жауынгерлері тізе бүгеді және оның тарапына өтеді. Бұл сәттіліктен соң жан-тараптағы жаңа күштер Жалалиддинге келіп қосылады. Дели сұлтаны Шамсуддин Елтұтмыш Хорезмшахқа мынадай хат жібереді: «Сенің орнында исламның дұшпаны тұрғаны сыр емес. Сен бүкіл мұсылмандардың сұлтанысың. Мен мұндай жағдайда саған қарсы болуды қаламаймын. Тағдырдың қолында саған қарсы қару болуды қалаймаймын. Мен сияқты адам сендей адамға қарсы қылыш көтеруі кешірілмес жайт».

Солай етіп, Жалалиддин Мангуберді Солтүстік Үндістанда мемлекет құрады. Сұлтан өз жайын жақсартып алады, оған бойсынатын үнді мүліктерінде оның аты құтбаға қосып оқылған. Өз атынан күміс және мыс теңгелер соқтырып, салықтарды енгізеді. Бірақ Үндістанның үлкен-кіші билеушілері Хорезмшахтың күшейіп кетуінен қауіптенеді. Олар өзара тіл біріктіріп Жалалиддин Мангубердіге қарсы одақ құрмақшы екендіктері білініп қалады. Жалалиддин Мангубердінің екі қолбасшысы Юзидак палуан мен Сұнқұржық қиянат жасап Елтұтмыш тарапына өткен. Жалалиддин Мангуберді Солтүстік Үндістанда үш жыл билік жасайды. Ол Үндістанда орналасу, одақтастар табу қиын екендігін біліп, 1224 жылы бұл жерде өз әскерлерін тағайындап, өз Ираққа жол алады.



Иран мен Кавказдағы жеңістер. Жалалиддин өз жасағымен Кирман, кейін Шираз және Исфаханға барып жергілікті билеушілермен келісіп аздап берік күшке ие болады. Бірақ бұл жерлер інісі Ғиясиддинге тиісті болғаны үшін ол ағасының келуінен наразы еді. Жалалиддиннің келуі жергілікті тұрғындар тарапынан жақсы күтіп алынған, себебі Ғиясиддин дәуірінде өз бетіншелік пен зорлық-зомбылық күшейіп кеткен еді.

Солай етіп, Кирман, Парсы, Исфахан Хорезмшахқа бойсұнғандығын білдіріп, жалпы дұшпан – моңғолдарға қарсы күрес жүргізу тілектерін білдірді. **Жалалиддин** бұл жерлерде бірлескен мемлекет құруға кіріседі.

Сұлтан Жалалиддин, бір жақтан, құдіретті мемлекет тіктеліп жатқандай, екінші жақтан, Табаристан, Дамаск, мысыр билеушілері онымен жақсы қатынастар орнатқанынан қуанышты еді. Енді олармен одақ түзіп үлкен жасақ құрып, Шыңғысханға қарсы шабуыл жасаса болар еді. Жалалиддин бұл жорыққа жалпы басшы болуын ойлап, Бағдаттың халифасы Насырға хат жолдайды. Ол халифаны жалпы дұшпан – моңғолдарға қарсы күреске үндейді.

Бірақ сол дәуірдегі Бағдат халифасы алдыңғыдай күшке ие болмай, өзімші және топас билеуші еді. Халифа ислам әлеміне апат жаудырып жатқан моңғолдардан емес, бәлкім Хорезмшахтың күшейіп баруынан қауіптенді. Бағдат халифасы барған сайын күшейіп бара жатқан Жалалиддин Мангуберді құдіретін әлсірету, оның одақтастары арасына іріткі салусаясатын ұстанды. Оның Жалалиддин Мангубердіге қарсы жіберген 20 мыңдық жасақты Басра маңындағы шайқаста талқандалады. Бұл жеңістен кейін Жалалиддин Мангуберді Әзербайжанға қарай бет алады.

Әзербайжан билеушісі Өзбек ішкілік, жақсы өмірге беріліп мемлекеттің жұмыстарын өз жайына тастап қойған еді, мемлекетті іс жүзінде оның қатыны Малика хатун басқаратын еді. Бұдан тыс, билеуші тұрғындарды Гүржістан жасағының талан-тараждық жорықтарынан қорғай алмай жатқан еді. 1225 жылы мамырда Жалалиддин Мангуберді Мароға қаласын соғыссыз қолға алады. Табриз бен Ғазна Хорезмшахқа тізе бүгеді. Әзербайжан халқы Хорезмшах бейнесінде өзін



гүржілердің зорлығынан азат ететін құтқарушыны көрді. Гүржілер көптен бері Әзербайжанды талайтын, оларға қарсы тұратын күш табылмас еді. Енді Әзербайжан халқы Жалалиддин бейнесінде күдіретті күшке ие болған еді. Жалалиддин Хорезмшах Әзербайжан әскери жорықтары үшін қолайлы жерде орналасқандығы үшін бұл өлкені өз мемлекетінің орталығы ретінде таңдайды. Табриз қаласын жаңадан құрған мемлекеттің астанасына айналдырады.

Әзербайжанды иелегеннен кейін, Жалалиддин Мангуберді өзінің жасағын Гүржістанға қарай бастайды. 1225 жылы тамызда Гарни қамалы маңындағы гүржілердің 60 мыңдық жасағын талқандайды және Тифлиске қараб жүреді. 1226 жылы Гүржістан толық басып алынады.

Әзербайжан, Ширван (Армения) және Гүржістан Хорезмшах қолына өткеннен кейін моңғолдар Исфаған қаласы жанында пайда болады. 1227 жылы қыркүйекте Исфаған маңында Жалалиддин Мангуберді моңғолдардың Тайнол ноян бастаған жасақты жеңеді. Тайнол ноян Жалалиддин Мангубердінің шайқастағы ерлігіне таң қалып «Заманының шынайы баһадүрі екен, өз тең құрбыларының серісі екен», деген.

Ішкі келіспеушіліктер. Жалалиддин Мангуберді Кония, Жазира, Дамаск және Мысыр билеушілеріне хаттар жазып, оларды моңғолдарға қарсы күресу жолында бірлестіру әрекеттері бекер болды. Сұлтан Жалалиддин Мангубердінің өсіп келе жатқан абыройы Бағдат халифасын, Мысыр, Дамаск және Жазира билеушісін әуреге сала бастады. Ішкі шиеленістер мен қиянаттар басталды. Оның үстіне Кония сұлтаны Алаудин Қайкубод оппозиция күштерін Жалалиддин Мангубердіге қарсы бірлестіруге қол жеткізеді.

Жалалиддиннің інісі Ғиясиддин Пиршон бірінші болып қиянат жолына өтеді. Ол өз әскерлерімен ағасының сарайынан кетеді. Ғиясиддин ағасына көре алмаушылығы қозып, өзі тәуелсіз мемлекет құру және Жалалиддин сияқты абырой беделге ие болуды қалады. Ол Кирман әкімі тарапынан қолға алынып, өлтіріледі.

Моңғолдар бұл оқиғадан соң Жалалиддиннің мемлекеті олар ойлағандай күшті еместігін біліп, онымен келісім түзу

пікірінен қайтады. Әзербайжан мен Гүржістанға қарай тонау жұмыстарын бастап жібереді.

Жалалиддиннің бас уәзірі Шарафулмүлік сұлтанға бүлік ұйымдастыра бастайды. Оның Жазира мен Кония билеушілеріне Жалалиддиннің билігін тартып алуда көмек сұрап жазған хаты Жалалиддиннің қолына түсіп, ол қолға алынып, өлтіріледі.

1230 жылы тамызда Кония, Жазира, Дамаск пен Мысырдың бірлескен жасағынан Жалалиддин Мангубердінің күштері Арзинжан маңындағы шайқаста жеңіліске ұшырады. Жалалиддин Мангубердінің күшсізденгенінен пайдаланған моңғолдар үлкен жасақпен 1231 жылы Әзербайжанға бастырып кіріп, Жалалиддин Мангубердіні қуа бастайды. Моңғолдар оның сарайына ұйымдастырған түнгі шабуылы нәтижесінде Жалалиддин Мангубердінің аз санды әскерлерін талқандайды. Жалалиддин Мангубердінің өзі қуғыннан құтылып Күрдістан тауларына шығып кетеді. Бұл жерде қарақшы күрттердің қолына түсіп, қайғылы қайтыс болады.

Не бары 33 жыл өмір сүрген, бірақ аты елдерге әйгілі болған, Шыңғысханды таң қалдырған, өз елін шексіз сүйген соңғы Хорезмшах Сұлтан Жалалиддин Мангуберді жарық әлемнен көз жұмды. Оның аты ғасырлар барысында ұрпақтар үшін ерлік пен батылдық, отансүйгіштік рәмзі болып келді.

Сұлтан Жалалиддиннің тірі уақытында моңғолдар Орта Шығысты басып ала алмады. Бұл оқиға кейін – 1256 жылы болды. Жалалиддин Мангуберді он бір жыл барысында моңғолдарды тек қана Орта шығысқа, бәлкім Шығыс Еуропаға да қоймады.



1. Жалалиддин Мангуберді Солтүстік Үндістан аумағын қалай иелік етті?
2. Айтшы, неге Жалалиддин Мангуберді Үндістаннан кетуге шешім қабылдады?
3. Неге Бағдат халифасы моңғолдарға қарсы күресуден гөрі Жалалиддин Мангубердіге қарсы күресуге ұмтылды?
4. Әзербайжан мен Гүржістанға қарсы әскери жорықтардың себептері нелерден тұратын еді?



5. Жалалиддиннің мемлекетінде неге ішкі шиеленістер келіп шыққан? Не деп ойлайсың, оның алдын алуға болар ма еді?

§ 22. ЖАЛАЛИДДИН МАНГУБЕРДІ ОТАН ҚАҺАРМАНЫ

Тірек ұғымдар: *Жалалиддин Мангуберді туралы жасатылған тарихи шығармалар, тәуелсіздік жылдарында Жалалиддин Мангуберді туғанының 800 жылдығы кеңінен атап өтілді.*

Тарихи-көркем шығармаларда Жалалиддин Мангуберді бейнесінің жаратылуы. Ануштегинилер әулеті басқарған Хорезмшахтар мемлекетінің (1097–1231) көп жылдық тарихы сол дәуір мұсылман тарихшылары тарапынан жазылған қатар шығармаларда өз шешімін тапқан. Олардың негізінде бұл әулеттің соңғы өкілі, ұлы қолбасшы **Жалалиддин Мангуберді** билігі, оның моңғол басқыншыларына қарсы қаһарманша күресі, Батыс Азия далаларындағы қызметін күзетуге болады. Бұл деректердің арасында Жалалиддин Мангуберді жеке хатшысы (котиб ал-иншо), тарихшы **Сихобиддин ибн Ахмет ап-Насави** қаламына тән «Сийрат ас-султон Жалол ад-Дин Мангуберді» («Сұлтан Жалалиддин Мангубердінің автобиографиясы») атты шығарма жеке орынға ие.

Насо (Нисо) облысындағы қалалардың бірінің өкілі болған **Насави** 1224 жылы қызмет бабымен Ираққа барып қалады және сол жерде **Сұлтан Жалалиддиннің** қызметіне кіреді. Содан бастап ол Жалалиддиннің сенімді адамдарының біріне пайдаланып, **1231 жылға** дейін, яғни Жалалиддиннің өліміне дейін онымен бірге болған.

Насави өз қаһарманын жақыннан білген, шығармасында баяндалған оқиғалардың көпшілігінде тікелей қатысқандығы яки шахид адамдардың хабарларына сүйенген, ең қажеттісі, нақты пікір білдірген, бұлар шығарманың ғылыми құнын әрі сенімділік дәрежесін асырады. Автор өз шығармасын аяқтауға Жалалиддин өлімінен 10 жыл өткеннен кейін 1241 жылы кіріскен.

Жалалиддин Мангуберді туралы Шихабиддин Мұхаммет ан-Насави өзінің шығармасында былай жазады:



«Жалалиддин қарашадан келген, орта бойлы, түркілік бейнесінде және түрікше сөйлейтін адам еді, сонымен бірге парсыша да сөйлесе алатын еді. Ол батыл, ержүрек болып, шерлердің арасында ең зор шер еді, қорықпайтын шабангдоз, әскерлердің арасында ең батыры еді. Ол жуас, момын еді, ашушаң емес-ті, былапыт сөздерді айтпас еді. Ол өте шынышыл еді, күлмес еді, тек жымыиып қоятын, аз сөйлейтін. Ол шынышылдықты, адалдықты ұлықтайтын».

Қажетті деректерден тағы бірі атақты тарихтанушы Ибн ал-Асирдің «ал Комил фит-тарих» («Тарих туралы жетік кітап») шығармасы болып табылады. «Ал Камол фит-тарих» Қиыр және Таяу Шығыс мемлекеттері тарихының исламның таралуында 1231 жылға дейін болған дәуір туралы мәлімет беретін ең құнды деректердің бірі саналады. Автор Жалалиддиннің қызметіне кең орын ажыратады және көбінесе өзінің қажетті және анық мәліметтерімен басқа деректерді сезілерлі дәрежеде толтырады.

Жалалиддин Мангуберді туралы тарихшы және ірі мемлекет қайраткерлері Алаудин Атамәлік Жувайни тарапынан жазылған «Тарихи жахонкушо» («Жахон фотихи тарихи») шығармасы қажетті деректердің бірі ретінде атап өтілген. Мұнан тыс, Мирхонд «Равзат ус-суфо», Мырза Ұлықбектің «Тарихи арба улус» (Төрт ұлыс тарихы) шығармаларында Жалалиддин Мангуберді туралы мәліметтер жазып қалдырған. Ол туралы мәліметтер, сондай-ақ қытай, моңғол, армян және басқа тілдердегі деректерде де кездеседі.

Атақты ақын және қалам қайраткері Мақсуд Шайхзода 1944 жылы «Жалалиддин Мангуберді» тарихи драмасын жазған. Жазушы шығармасында өз елінің азаттығы мен тәуелсіздігі үшін моңғол басыншыларына қарсы күрескен соңғы Хорезм шахының жауынгерлік ерлігін тарихи тұрғыдан анық және шынайы суреттеген. Бірақ алдыңғы кеңес дәуірінде Жалалиддин Мангубердінің қолбасылық қызметі мен оның Отан азаттығы үшін жүргізген күресі туралы біржақты яки мүлдем пікір білдірілмейтін еді.

Тәуелсіздік жылдарында Жалалиддин Мангуберді атының тіктелуі. Өзбекстан өкіметі 1998 жылы Жалалиддин



**«Жалалиддин
Мангуберді»
ордені.**

Мангубердінің моңғол басқыншыларына қарсы күресте көрсеткен тамаша ерлігі, Отанға және өз халқына сенімі мен шексіз сүйіспеншілігін қадірлеу және оның болашақ рухын мәңгілік ету мақсатында «Жалалиддин Мангуберді туғанының 800 жылдығын атап өту туралы» қаулы қабылданды. Қаулыға сәйкес, оның елі Хорезмде Жалалиддин Мангубердіге ескерткіш орнатылды, үлкен көше, майдан, қоғамдық кәсіпорындарға және басқаларға оның аты қойылды. Жалалиддин Мангуберді туғанының 800 жылдығы тәуелсіз Өзбекстанда 1999 жылы кеңінен атап өтілді. Жалалиддин Мангуберді туралы видеофильм, пьесалар, дастан, жазылды. 2000 жыл 30 тамызда «Жалалиддин Мангуберді» ордені шығарылды.

Жалалиддин Мангубердінің өмір жолын талқылайтын, сол тарихи оқиғаларға бүгінгі күн көзімен қарап баға беретін болсақ, олар бізді міне осындай табиғи және гибратты сабақ, қорытындылар шығаруға үндейді.

Бірінші қорытынды сол, яғни өмір бар екен, мемлекет, ел-жұрт бар екен, осы еркін, тамаша өмірді көре алмайтын, қиянат пен шиеленістермен жасайтын, зорлықпен өз билігін орнатуға, халықтың тыныштығын бұзуға ұрынатын жауыз күштер әрдайым болады. Бұл – өмір. Бұл – өмірдің ащы шындығы. Оны ешкім жоққа шығара алмайды. Мұны тек қана өз тарихымыз бен өмірімізде, бәлкім басқа халықтар тарихы мен өмір мысалында да көруге болады.

Екінші қорытынды сол, яғни өмір бар екен, мемлекет, ел-жұрт бар екен, өзінің туылып-өскен, ата-бабаларының сүйегі жатқан, ертең перзенттерің кәмелетке жететін топырақтың әрбір уысын қасиетті деп біліп, оны қорғау, қажет болса, бұл жолда жан пида етуге дайын тұру керек.

Үшінші ащы қорытынды сол, яғни әрқайсы ел, әрқайсы жұрт шеттен келетін жауыз апаттан гөрі, өз ішінен шығатын сатқын, имансыз, өзінің мүддесін барша нәрседен үстем қоятын, керек болса, ең жақын адамдарын да сататын, өзін өстірген, кәмелетке жеткізген Отанына қол көтеретін пасық адамдардан өте сақ болу керек. Мұндай адамдар, жексұрын тұлғалардың мақтанышы, әуесі, мақсаттары ел-

жұрттың тыныштығы мен өркениетіне қандай қауіп екенін бүгінгі өмірімізде көріп тұрыппыз. Қайта айтамын, бұл тек кешегі тарихымыз, бәлкім бүгінгі өмірімізбен сабақтас ащы шындық.

Тағы бір сабақ сол, ел-жұрт және мемлекет үшін, оның тағдыры және болашағы үшін қайғыратын, адамдардың игі ниеттерін өзіне жолғары мақсат етіп қойған, елім деп, жұртым деп жанып жасайтын, әрқандай жағдайда да халықты бірлестіріп, әр түрлі жалалардан сақтау үшін жұмылдыра алатын тұлғалар ғана тарихта өшпес ат қалдырады. Бұл – ақиқат. Жалалиддин Мангуберді міне сондай батырлардың жарқын бейнесі және гибратты өкілі.

Сұлтан Жалалиддиннің бізге қалдырған тағы бір үндеуі сол, яғни ол баршамызды ана өлкеміздің ашық аспанымызды және тыныш өмірімізді қадірлеуге, өсіп келе жатқан, ертең біздің орнымызды иелік ететін, дүниеде ешкімнен кем болмаған перзенттеріміздің болашағын, бақытын қорғауға, жарық тәуелсіздікке ұмтылып жасауға шақырады.

...Сұлтан Жалалиддин бейнесі тек Хорезм, бәлкім бүкіл Өзбекстанның мақтанышы. Ол біздің азаттығымызға, тәуелсіздігімізге қауіп төндірмек болған әрқандай жауыз күшке қарсы тік тұрып күресуге, ерлікпен соққы беруге лайықты дәлелі мен рәмзі болады.

**Ислам Каримов,
Жалалиддин Мангуберді туғанының 800 жылдығына
арналған салтанатты шарада айтқан баяндамасынан.
1999 жыл 5-қараша.**



1. Кімдер Жалалиддин Мангуберді туралы тарихи шығармалар жазып қалдырған?
2. Жалалиддин Мангуберді туғанының 800 жылдығы Отанымызда қашан атап өтілген?
3. Қосымша деректерден пайдалана отырып Жалалиддин Мангуберді туғанының 800 жылдығына орай қандай шаралар жүзеге асырылғандығы және атақты қолбасшыға арнап жазылған шығармалар туралы мәліметтерді дәптеріңе жазып қой.
4. Жалалиддин Мангубердінің өмір жолы қандай қорытындылар шығаруға үндейді?

§ 23. ШАҒАТАЙ ҰЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Тірек ұғымдар: *Шағатай ұлысы, салық түрлері, Махмұт барабі көтерілісі.*

Шағатай ұлысы. 1224 жылы Шыңғысхан тарапынан Шағатай қарамағына берілген Мауарауннахр, Жетісі мен Солтүстік Түркістан Шағатай ұлысы құрылды. шығатайдың ұлысты басқаратын ордасы Елсуы (Иль) өзені жағалауында еді. Облыстар мен қолөнершілік қалаларын басқаруда Шағатай өзіне бойсұндырылған халықтардың жоғары тап өкілдерін қызметінен пайдаланады.

Мауарауннахрды тікелей басқару жұмыстары Мауарауннахр басып алынудан алдын Шыңғысхан құзырында қызмет еткен хорезмдік саудагер Махмұд Ялауышқа беріледі. Ол Хожент қаласын өзіне сарай етіп алады және сол жерде тұрып, Мауарауннахрды басқара бастайды. Әскери билік, халықты тізімге алу, салық жинау жұмыстары доруғашы және тауғаш деп аталатын моңғол ақсүйектері қолында болатын. Моңғол басқақтары (жергілікті әкім) қарамағына көп снды әскерлер Махмұдқа бойсұндырылған еді. Махмұд Ялауыш оларға сүйеніп моңғол қағандары талабын орындайтын және өзінің шексіз билігін жүзеге асырар еді.

Салық түрлері. Шағатай хандары орталық өкіметтің қазынасын халыққа әр түрлі салық салып, зорлықпен өндіріп отырған.

Дикандардан алынатын жер салығы бұл дәуірде «калон» деп жүргізілген. Мал өсірушілерге «қапчур» салықтары салынған. Мемлекет қазынасы үшін «шулен» атымен жүргізілген азық-түлік салығы да өндірілген. «Шулен» әрбір табыннан екі жасар қой, қымыз үшін әрбір мың аттан бір бие есебінде алынған.

Қолөнершілер мен саудагерлерден «тарғу» салығы өндірілген. Тарғу істеп шығарылған өнім немесе сатылған малдың отыздан бір бөлігі мөлшерінде өндірілген. Бұлардан тыс, тұрғындарға тұз салығы, жүн және күміс салығы салынған.

Салықтар жергілікті ақсүйектер тарапынан барот (жалға беру) ретінде алдыннан біржолата төлеп жіберіледі,

соң олар халықтан жинап алынады. Халықтан жинап алу уақытында салықтар, сөзсіз құжаттастырылған мөлшерден асырып өндіріледі.

Зорлы – зомбылықтың өте күшеюі, әр түрлі мәжбүрлі төлемдер, жинаулардың шектен тыс көптігі моңғолдарға деген наразылықты асырып, басқыншылардың өктемдігіне қарсы халықты бас көтеруге алып келді. Сондай көтерілстердің бірі Бұқара алқабындағы Тороб қыстағында көтерілген халық көтерілісі болды.

Махмұд Тараби көтерілісі. 1238 жылы Бұқараның Тороб қыстағында басқыншылар және дергілікті жер иеленушілері зұлымына қарсы көтеріліс басталады. Көтеріліске тороптық иелік жасаушы қолөнерші Махмұд басшылық етеді. Тарихта ол Махмұд Тараби атымен әйгілі болады.

Тарабидің жақын үзеңгілестерінің бірі Шамсиддин Махбуби және Бұқара халқы көтерілісшілерге қосылып қолына қару алады. Өздерінің қымбатты қаласы мен қыстақтарын моңғолдардан және олардың серіктес бір қызметкерлері – жергілікті басшылардан азат етуге аттанған адамдардан әскер жиналады.



*** Шағатай ұлысы – билік бөлінгенде оның Шыңғысхан ұлы Шағатайға тиген бөлігі. Кейіннен ол Шағатай мемлекетіне айналған.**

*** Қапчур – мал шаруашылығынан бас санының 2,5 пайызы мөлшерінде алынған салық.**

*** Калон – өнімнің 1/10 бөлігі мөлшерінде алынған салық.**

Махмұд Тараби өз жақтастарымен Бұқараға кіріп алғаннан кейін қаланың ішіндегі Рабия сарайын орда етіп алады. Бұл жерге Бұқараның төрелері, бай мансапқорлары, ірі жер иелері шақырылады. Ол өзін Бұқара және айналадағы облыстардың халифасы, яғни билеушісі де ресми түрде жариялауға оларды мәжбүрлейді. Содан кейін **Шамсиддин Махбуби** төре деп жарияланады. Махмұд Тараби Бұқарада өз билігін орнатқаннан кейін, моңғол жақтаушылары болған жергілікті шенеуніктер Бұқарадан қашып кетеді.

Қашқын шенеуніктер мен моңғолдар жәрдемші **Махмұд Ялауыш** көмегінде **Кармана** маңында күш жинап Бұқараға аттанады. Ортада шайқас басталады. Моңғолдар жеңіліп **Кармана** жаққа қарай қаша бастайды. Шайқаста көтерілістің басшылары **Махмұд Тараби** мен **Шамсиддин Махбубилар** да қайтыс болады. Көтерілісшілер олардың орнына Тарабидің інілері Мұхаммед пен Әліні бастық етіп сайлайды. Арадан бір апта өтпей оларға қарсы моңғолдардың жаңа жасағы шабуыл жасайды. Шайқаста көтерілісшілер талқандалып, Тарабидің екі інісі де қайтыс болады. Моңғолдар Бұқараны тағы да басып алып, ол жерде алдыңғы тәртіптерді қайта орнатады.

Шағатай салықтарды ретке келтіру реформасында **1238 жылы Махмұд Ялауышты** жәрдемшіліктен шеттетуге мәжбүр болады. Оның ұлы **Масудбек** көмекші етіп тағайындалады. Ұлы қаған **Оқтай Махмұд Ялауышты Пекин** қаласына әкім етіп тағайындайды.



1. Дүние тарихынан алған біліміне негізделіп, айтшы, Шыңғысхан басып алған өлкелерді қалай бөлді?
2. Шағатай ұлысы қашан және қай жерде құрылды?
3. Моңғолдар қандай салықтарды енгізді?
4. Махмұд Тараби көтерілісі қашан және қалай басталды?
5. Қандай себептер Тараби көтерілісінің жеңілісіне себеп болды?

Төмендегі кестені тақырыпқа тиісті мәліметтермен толтыр:

Шағатай ұлысы	Аумағы	Салық түрлері	Махмұд Тараби көтерілісінің себебі

§ 24. ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӨМІР

Тірек ұғымдар: *ақша реформасы, жер иелігі, Шағатай ұлысының бөлінуі, мәдени өмір.*

Ұлы қағанның жарлығы. XIII ғасырдың орта шенінде Шағатай ұлысының моңғол ұлықтары шеңберінде отырықшылыққа көшу, қала өміріне жақындау, жергілікті отырықты халықтың бай мәдениетінен пайдалану үдерісі күшейеді. Моңғолияның ұлы қағаны **Мөңке** салық және асар жұмыстарын ретке келтіру бойынша арнайы – жарлық шығарады. Жамдар бойлап пошта қызметі үшін ажыратылған аттардың саны белгіленіп, халықтан артық ат талап етуге тыйым салынады. Сондай-ақ елшілерге қолдарында тікелей тапсырмалары болмаса, қала немесе қыстақтарға кірмеуі және халықтан олар үшін белгіленетін артық жем-шөп пен азық-түлік алынбайтыны түсіндірілді. Осылайша халық өз бетімен жинап алынатын қисапсыз төлемдерден азат болады.



Ям – жол аядамалары. Шабарлар ат алмастыратын орын. Ямда әрдайым аттар лакқа дайын тұрған.

Маьсудбектің ақша реформасы. Мауарауннахрда баяу болса да қала өмірі, атап айқанда, қолөнершілік пен сауда қатынастары жандана бастайды. Қалалардың ішкі тұрмысы, әсіресе тауар мен ақша айналымдарының қайта тіктелуінде Маьсудбек жағынан **1271 жылы** жүзеге асырылған ақша реформасы маңызды мәнге ие болады. Ол Мауарауннахрдың 16 қаласы мен облыстарында бірдей салмақтағы және жоғары сапалы саф күмістен теңгелер соқтырып, мемлекетте оларды айналымға шығарады.

Кебекхан және оның реформалары. XIV ғасырдың бірінші жартысында Шағатай ұлысында моңғолдардың отырықшылыққа өту үдерісі күшейіп, олардың әлеуметтік өмірінде елеулі өзгерістер пайда бола бастайды. Мауарауннахр сынды мәдениеті дамыған өлкемен берік

байланыс орнатуға және отырықты өмір сүруге ұмтылған Шағатай хандарының бірі Кебек (1318–1326) болатын. Ол билікті тікелей өз қолына алып, Қашқадария алқабындағы ежелгі Насаф қаласының жанында өзіне сарай құрдырады. Сарай моңғол тілінде «Қаршы» деп аталады. Кебекхан өз сарайын моңғол билеушілері арасында бірінші болып Мауарауннахрға көшіреді. Ол мемлекетті сол сарайда тұрып басқарады. Кейіннен сарай айналасында жаңа ғимараттар құрылады және ескі Насаф қаласымен бірігіп кетеді. Содан бері бұл қала «Қаршы» деп атала бастайды.

Кебек мемлекеттің басқару құрылымын және оның экономикалық тұрмысын ретке салу мақсатында әкімшілік пен ақша реформасын өткізеді. Мемлекетте бірыңғай ақша енгізіледі. Ирандағы Хулакилер мемлекеті мен Алтын Орда хандығының күміс теңгелері үлгісінде екі түрлі ақша: салмағы 8 грамдық үлкен күміс теңге және 1 грамдық ұсақ теңге соқтырылған. Үлкен теңге – «**динар**» және кішкенесі – «**дірхам**» деп аталған. «**Кебеки**» деп аталған бұл теңгелер Самарқант пен Бұқарада соқтырылып, айналымға шығарылған.

Экономикалық тұрмыстың жандануы. Моңғолдар шапқыншылығы заманында тоқырап қалған қолөнершілік, сауда және диқаншылық бірте-бірте қалпына келе бастайды. Қолөнершілік пен ішкі-сыртқы сауданың жандануы, сөзсіз қираған қалалардың қайта тіктелуіне себеп болады. Көптеген қалалар мен облыстар әлі бүлінген және жартылай бүлінген күйінде жатқан болса да, Үргеніш пен Бұқара қалалары қайта тіктеледі. Көне Самарқанттың қираған орнына таяу жерден жаңа қала бой көтереді. Қалаларда түрлі мемлекеттік, қоғамдық және ағарту ғимараттары құрылды. Қалалардың базарлары халық көп жиналатын орынға айналды.

Жер иелену. Моңғолдар үстемдігі кезінде Орта Азияда жер иеленудің мүлкі девон, мүлкі инжу, мүлкі уақып, мүлк деп аталатын төрт түрі бар еді.



Меншіктердің едәуір бөлігі әскери ұлықтарға мемлекет алдындағы қызметтері үшін тарту етілген жерлер болып, олар «суюрғал» жерлері деп аталатын еді. Мұндай жерлерге ие болған жер иеленушілер – суюрғал иелері барлық салық пен төлемдерден босатылды. Суюрғал жерлері ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде өтетін еді.

Шағатай ұлысының бөлінуі. Моңғол билеушілері мен шонжарлары ортасында басып алынған жерлерге тиісті екі түрлі көзқарас бар еді. Кейбіреулері жергілікті шенеуніктер, саудагерлермен тіл табысу, қол-өнершілік, диқаншылықты өркендету, ислам дінін қабылдауды жақтайтындар еді. Ал басқалары отырықшылық пен қала тұрмысына қарсы болып, қалаларды бұзып тастау, бақ пен егін жайларды жайлауларға айналдыруды қалайтын еді.

Шағатай ұлысының бір қатар хандары біртіндеп өз ру-тайпаларымен Мауарауннахрға көшіп келіп, жергілікті тұрғындармен араласып, тұрақтана бастайды. Жетісуда жасап жатқан моңғолдар Мауарауннахрға көшіп келгендерді «қараунас» (дурагай, шатыс) деп, ал Мауарауннахрда жасап жатқан моңғолдар оларды «жете» (қарақшы, тонаушы) деп атай бастады. Бұл іс жүзінде бір-бірін қорлау еді. Олардың арасындағы шиеленіс, өшпенділік күшейе түсті. Нәтижеде Шағатай ұлысы XIV ғасырдың 40-жылдарында екіге бөлініп кетті.



- * **Мулки девон – мемлекет жері.**
- * **Мулки инжу – билеуші және әкімдерге қарасты жерлер.**
- * **Мулк – жеке меншік жерлер.**
- * **Мулки уақып – мешіт және медресе жерлері.**

Шағатай ұлысының Шығыс Түркістан мен Жетісу бөлігі Моңғолстан деп атала бастады. 1348 жылы Шағатай әулетінен шыққан Тұғлық Темір Моңғолстан ханы етіп көтерілді. Ұлыстың батыс бөлігі – Мауарауннахр дербес басқарылатын болды.



1. Моңке қаған мемлекетте ішкі жағдайды жұмсарту үшін қандай шараларды қолданған?
2. Максудбектің ақша реформасы қандай нәтиже берді?
3. Кебекхан қандай реформаларды жүзеге асырған?
4. Экономикалық өмірдің жандануына нелер себеп болады?
5. Моңғолдар дәуірінде жер иелігінің қандай формалары бар еді?
6. Не үшін Шағатай Моңғолдар ұлысы бөлініп кетеді?

Төмендегі кестені Шағатай ұлысында әлеуметтік-экономикалық өмір тақырыбына тиісті мәліметтермен толтыр

Өткізілген реформалар	Реформаның нәтижелері	Жер иелігінің формалары

§ 25. ЭТНИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР ЖӘНЕ ӨЗБЕК ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Тірек ұғымдар: *этникалық үдеріс, өзбек халқы, «Қауыншы мәдениеті».*

Этникалық үдеріс. Әлемдегі басқа халықтар сияқты өзбек халқының қалыптасуы да ұзақ жылдар бойы жүзеге асқан этникалық үдерістер жемісі.

Өзбектер жеке этникалық бірлік (ұлыс) болып, Мауарауннахр, Хорезм, Жетісу, жартылай Шығыс Түркістанның батыс аймақтарында қалыптасқан. Өзбек халқының негізін қазіргі Өзбекстан аумағында ежелден отырықшы болып жасап келе жатқан, суармалы диқаншылық, қолөнершілікпен шұғылданған жергілікті соғдылар, бактриялықтар, хорезмилер, ферғаналықтар, шаштықтар, жартылай шаруа қаңлылар, көшпенді сақ-массагет сияқты этникалық топтар құраған. Сондай-ақ Оңтүстік Сібір, Алтай, Жетісу, Шығыс Түркістан және Еділ мен Орал өзендері жағалауларынан түрлі дәуірлерде Мауарауннахрға кіріп келген этникалық топтар да өзбек халқының этногенезіне қатысады. Жоғарыда аталған этностар негізінен түркі және шығыс иран тілінде сөйлескен.

Әмудария мен Сырдарияның аралығында жоғарыда аттары айтылған тайпа мен ұлыстардың этникалық тұр-



ғыдан алғашқы араласу үдерістері нәтижесінде отырықшылыққа икемделген түркілік аймақтық кеңістік, өзбек халқына тән антропологиялық түр қалыптасады.



*** Этникалық үдеріс – келіп шығуы бір-біріне жақын болған әр түрлі тайпа мен ұлыстардың ғасырлар барысында қосылып кетуі.
* Түркістан – түркі жұртшылық қоныстанған өлке.**

Қаңлы мемлекеті дәуірінде түркі тілдес этностар басымдылық жасап, өзіне тән бейімделген мәдениет қалыптасады. Археологиялық шығармаларда бұл мәдениет «Қауыншы мәдениеті» деп аталған. Антрополог ғалымдарының пайымдауынша, нақ осы дәуірлерге келіп, Орта Азияның алқап пен аймақтарында өмір сүрген елдің сыртқы келбетінде қазіргі өзбек және алқап тәжіктеріне тән антропологиялық типі (келбеті) толық қалыптасады.

Өзбектер этногенезіне қатысқан кезектегі этникалық топтар – кушандар, хианилер, кидарилер және эфталиттер.

Сондай-ақ, өзбектер этногенезіне Түрік қағандығы дәуірінде Орта Азияның орталық аймақтары және Хорезмге келіп тұрақтанған түркі тайпалар белсенді ықпал жасайды. Түркі тектес елдер мен жергілікті отырықшы халық арасындағы этникалық-мәдени қарым-қатынастардың дамуы нәтижесінде түркі топтың мәдени жетістіктерінің жергілікті мәдени-тұрмыстық дәстүрлерімен жедел үйлесуі жүзеге келді. VII ғасырдан бастап өлкеміз «Түркістан» деп атала бастаған.



*** Өзбек халқының негізін соғдылар, бактриялықтар, хорезмилер, ферғаналықтар, шаштықтар және сақ-массагеттер құраған.**

*** Қаңқа мемлекеті дәуірінде «Қауыншы мәдениеті» және Орта Азияның антропологиялық түрі (келбеті) толық қалыптасады.**

Өзбек халқының қалыптасуы. VIII ғасырдан араб және шетел халықтарының Орта Азияға кіріп келуі аймақтағы

этникалық үдерістерге күшті ықпалын тигізбеген болса да, Мауарауннахрдағы отырықшы және жартылай отырықшы түркі тілдес ел, соғдылар мен Хорезмнің жергілікті халқы өз мекендерінде қалып, арабтардың билігі астында дара исламдық нанымдылық бірлігі үйлесті.



*** IX–XII ғасырларда өзбек халқы қалыптасты. Оның негізін өлкемізде өмір сүріп келген егінші және мал өсіруші жергілікті халық құрады.**
*** Мауарауннахрда орналасқан халық ежелден екі тілде: соғды және түрік тілдерінде сөйлескен.**

IX ғасырда Мауарауннахр аймағында бірегей түрік тектес этникалық топ, белсенді түркі тектес тіл ортасы пайда бола бастады да сонымен қатар соғдылар мен басқа жергілікті этностарда да түріктектену үдерісі жеделдеді. Бұл дәуірде Мауарауннахр және Хорезмде түрік этникалық топ күшті этникалық негізге ие болып, бұл топ негізінің көпшілігін отырықшы болған жергілікті түрік этностары құраған.

Қараханилер дәуірінде Мауарауннахр мен Хорезмде саяси өкімет түрік тектес әулеттерге өткендіктен пайда болған этникалық үдерістер өзбек халқының қалыптасуында қорытынды басқыш болды. Нақ осы дәуірде өзбек халқына тән факторлар қалыптасқан. Бұл дәуірде өзбектердің жалпы ұлыс тілі жүзеге келді.



1. Өзбектер қайсы өлкелерде қалыптасқан? Бұл өлкелерді жазусыз картада бояп шық.
2. Өзбек халқының негізін қайсы этникалық топтар құрған?
3. «Қауыншы мәдениеті» қайсы дәуірге тиісті және оның маңызы неде?
4. Қашаннан бастап өлкеміз «Түркістан» атымен атала бастады?
5. Қай ғасырларда өзбек халқы қалыптасты? Оның өзегін қайсы халық құрады?
6. Өзбек және Өзбекстан деген атаулар қандай мағыналарды білдіретіндігі жайлы ойлап көр.



IV ТАРАУ. АТА-БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ МӘНГІЛІКKE TIICTI PУXAHИ ҚАЗЫНА

§ 26. МАУАРАУННАХР ЖӘНЕ ХОРЕЗМНІҢ МӘДЕНИ ӨМІРІ

Тірек ұғымдар: *«Байт ул-хикма», «Дор ул хикма және азарту», ұлы ғұламалар, араб тілінің маңызы.*

«Байтул ул-хикма». IX–XII ғасырларда Мауарауннахр мен Қорасанда болып жатқан саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мемлекеттің мәдени өміріне де күшті ықпалын тигізді.

Мауарауннахр арабтар жағынан басып алынғаннан соң, жаулап алынған өзге мемлекеттер қатарында бұл өлкеде де тек Ислам діні ғана емес, оған қоса араб тілі мен оның емлесі де енгізілді. Өйткені араб тілі халифалықтың әрі мемлекеттік тілі, әрі ғылым тілі еді. Сол себепті де араб тілінің орны мен маңызы күшейіп, оны меңгеруге құлшыныс арта түсті.

Араб тілі мен жазуын жақсы меңгерген оқымыстылар пайда болды. **Бағдат** қаласы Шығыстың ірі ғылым және мәдениет орталығы еді. IX ғасырда бұл қалада **«Байт ул-хикма»** («Данышпандар үйі») құрылған еді. **«Байт ул-хикмада»** үлкен кітапхана, Бағдат пен Дамаскіде астрономиялық зерттеулер өткізетін обсерватория бар еді. Бұл білім ордасына келген талапкерлер зерттеулермен қатар ертедегі грек және үнді ғалымдарының ғылыми мұрасын зерттеу және шығармаларын араб тіліне аударма жасау істерімен шұғылданатын еді. **Әл-Хорезми, Ахмет әл-Ферғани, Ахмет әл-Марвази, әл-Аббас Жавхари** және **Яхия бин Әбу Мансур** сияқты Мауарауннахр және қорасандық ғалымдар шығармашылықпен айналысып, орта ғасырдың ғылымы мен біліміне үлкен үлес қосты.




Әл-Хорезми.



Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми. Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми (783–750) Хорезм өңірінде дүниеге келіп, сол ортада есейді. Алғашқы сауаты мен түрлі саладағы білімдерін ол туған жері – Хорезм мен Мауарауннахрдың қалаларында көптеген ұстаздардан алады. Содан соң ол халифа Маъмун дәуірінде (813–833) «Байтул ул-хикмада» меңгеруші ретінде қызмет етеді. Өз заманының әйгілі математигі, астрономы және географы ретінде ғылымға үлкен үлес қосты. Әл-Хорезми 20-дан астам шығармалар жазды. Солардың 10-ы ғана бізге жетіп келген. Шығармаларының арасында, әсіресе математикаға тиісті шығармалары «Ал-жабр вал-муқобала» атақты.

Тіпті «алгебра» атауы осы кітаптың қысқарған түрдегі «ал-жабр» деп аталған қысқаша атауынан шыққан. Хорезмидің аты математика ғылымында «алгоритм» атауы түрінде өз көрінісін тапты. Оның «Ал-жабр» шығармасы сан ғасырлар бойы ұрпақтар қолында жер өлшеу, арық қазу, үй салу, мұраны бөлу және басқа есеп пен өлшеу жұмыстарында қолданба болып қызмет етті. Хорезмидің бұл кітабы XII ғасырда Испанияда латын тіліне аударылып, қайта өңделеді. Хорезмидің арифметикалық шығармасы үнді цифрларына негізделген ондық есептеу жүйесінің Еуропада, сонымен қатар бүкіл әлемге таралуында үлкен мәнге ие болды. Осылайша отандасымыз Хорезми алжабрді дербес ғылым дәрежесіне көтеріп, тарихта өзінен өшпес із қалдырды.



Ахмет әл-Ферғани
ескерткіші
Ферғана қ.

Ахмет әл-Ферғани. «Байтул ул-хикмада» қызмет еткен ұлы ғалымдардың бірі ұлы астроном, математик және географ Абул Аббас Ахмет ибн Мұхаммед ибн Касир әл-Ферғани (797–865) болып табылады. Ол Ферғана алқабындағы Кува қаласында туылғаны үшін Шығыста әл-Ферғани, ал Еуропада Алфраганус деген атпен белгілі болған. Ол астрономия, математика және география ғылымдарымен шұғылданды. Дамаскідегі

обсерваторияда аспан денелерінің қозғалысы мен орнын анықтау, «зиж» (астрономиялық кесте) жасау жұмыстарына басшылық етті. Ол **832–833 жылдарда** Сирияның сол-түстігіндегі Синжар даласы мен ар-Ракка аралығындағы Жер меридианының бір дәрежесінің ұзындығын өлшеуде қатысты.

861 жылы әл-Ферғани жетекшілігінде Ніл өзені жағасында құрылған ежелгі гидрометр – өзен ағысының деңгейін өлшейтін «Миқияс ан – Нил» құрылымы және оның басқыштары қайта тіктелді.

Біздің заманымызға дейін Ахмет Ферғанидің сегіз шығармасы сақталған болып, олардың арасында **«Самовий ҳаоакатлар ва умумий илми нужум»** атты. Бұл кітап XII ғасырда латын және ибрани тілдеріне ардарма жасалып, тек мұсылман Шығысында емес, бәлкім Еуропа мемлекеттеріндегі астрономия ғылымының дамуын бастап берді. Еуропада атақты болған ғұламаның аты XVI ғасырда Айдағы кратерлердің біріне берілген еңбегі.

** «Орта ғасырлар Шығыс тарихы содан дерек береді, яғни мәдениет пен тәлім-тәрбие медицина, әдебиет, өнер мен архитектура салаларындағы шексіз жетілу, ғылыми мектептердің жүзеге келуі, жаңа-жаңа дарынды ұрпақтар толқынының пайда болуы және кәмелетке келуі – бұлардың баршасы бірініші кезекте экономика, қыстақ пен қала шаруашылығының жедел өсуі, қолөнершілік пен сауданың жоғары дәрежеде дамуы, жолдардың құрылуы, жаңа керуен жолдарының ашылуы мен алдымен тұрақтылықтың қамтамасыз етілуімен тікелей байланысты болған».*

Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті Ислам Каримовтың 2014 жыл 16 қарашада Самарқантта болып өткен **«Орта ғасырлар Шығыс ғұламалары мен ойшылдарының тарихи мұрасы, оның заманауи цивилизация дамуындағы ролі және маңызы»** тақырыбындағы халықаралық конференцияның ашылуы шарасындағы айтқан баяндамасынан.

Тәуелсіздік жылдарында Ахмет әл-Ферғанидің құнды ғылыми мұрасы халқымызға қайтарылды. 1998 жылы қазанда ғұлама Ахмет әл-Ферғанидің туғанының 1200 жылдығы мерекеленді. Ферғана қаласында әл-Ферғани атымен бақ құрылды және ұлы ғалымға ескерткіш орнатылды.



Мәдени және рухани ояну. IX ғасырдың екінші жартысында халифаттың үстемдігі аяқталып, Саманилердің басқаруының құрылуымен мәдени өмірдің дамуына кең жол ашылады. Мауарауннахрдың мәдени өмірінде ояну дәуірі басталды.

Бұқара, Самарқант, Үргеніш, Марв, Балқы, Нишапур сияқты орталық қалаларда кітапханалар, кітап дүкендері құрылған.

1004 жылы қалыптасқан «Дор ул-хикма ва маориф» («Білімпаздық пен ағарту үйі») – «Маъмун академиясының» негізін **Әбу Насыр ибн Ирақ** (X ғасыр – 1034), **Әбілқайыр ибн Хаммор** (991–1048), **Әбу Сахл Масихи** (970–1011), **Әбу Райхан Беруни** (973–1048), **Әбу Әли Ибн Сина** (980–1037) және басқалар қалаған.

1017 жылы Махмұт Ғазнауи Хорезмге бастырып кіргеннен соң, «Дорул хикма ва маорифтың» қызметі тоқтатылған, ғалымдардың көпшілігі Ғазна қаласына мәжбүрлеп алып кетілген.

1997 жылы 11 қарашада Өзбекстан Президентінің «*Хорезм Маъмун академиясын қайта ұйымдастыру туралы*» жарлығы шықты. 2006 жылдың күзінде Республикамызда «**Хорезм Маъмун академиясының**» 1000 жылдығы атап өтілді.

2014 жыл мамыр айында Самарқант қаласында орта ғасырларда шығыс әлемінде жасап шығармашылықпен шұғылданған ұлы ғұлама мен ойшылдардың ғылыми мұрасын терең талқылау және танып білу, оның заманауи цивилизациясы тарихында тұтқан орны мен рөліне баға беру мақсатында «Орта ғасырлар Шығыс ғұламалары мен ойшылдарының тарихи мұрасы, оның заманауи цивилизацияның дамуындағы рөлі мен маңызы» тақырыбында халықаралық конференция өткізілді. Онда екі жақын мемлекеттерден келген өкілдер қатысты. Конференция соңында тиісті құжаттар қабылданды.

Әбу Насыр Фараби. **Әбу Насыр Фараби (873–950)** Арыс өзенінің Сырдарияға құйылар жерінде орналасқан Фараб қаласында туылған. Ол алдымен туған ана қаласында, содан соң Самарқант, Бұқара мен Бағдатта білім алған. Өмірінің соңғы жылдарында Халаб және Дамаск қалаларында жасаған.

Фараби *математика, астрономия, медицина, музыка, логика, пәлсапа, тілтану, тәрбиетану және әдебиет са-*



лаларында шығармашылықпен айналысқан. Ол 160-тан астам шығарма жазып, орта ғасыр ғылымы мен мәдениетіне үлкен үлес қосты. Бұлардың арасында «Аристотельдің «Метафизика» шығармасына шолу», «Музыка кітабы», «Бақыт пен игілікке жету туралы», «Тірі болмыс мүшелері туралы», «Қарапайым қала тұрғындары» және басқа да көптеген шығармалары қажетті маңызға ие болған. Ол орта ғасырларда тиянақты саналған ғылымдардың сипаттамасын жаратты.



Әбу Насыр Фараби.

Фараби юнон пәлсапасын терең білгені, оған анықтамалар берегені және дүниеге таратқаны әрі заманының ғылымдарын нақты меңгеріп, ғылымдардың дамуына үлкен үлес қосқаны үшін Шығыста Арастудан кейінгі ірі ойшыл – «**Муаллимус-сони**» және «**Шығыс Аристотелі**» аттарымен әйгілі болды. Кейбір тарихи деректерде келтірілгендей, Фараби 70-тен артық тілді білген.

Ойшыл қалдырған мұра тек Шығыс мемлекеттерінде емес, бәлкім Еуропада да таралған және әлеуметтік-пәлсапалық пікір дамуына сезілерлі әсер етті.

Әбу Әли ибн Сина. Әбу Әли ибн Сина 980 жылы Бұқара маңындағы Афшона қыстағында жергілікті шенеуніктің жанұясында дүниеге келген. Мектепті бітірген соң, ұстазы Әбу Абдуллахтан логика, пәлсапа, математика және технология ғылымдарын үйренеді. Он алты жасынан бастап түрлі ғылым салалары бойынша Шығыс және Батыс ғалымдарының ғылыми шығармаларын өз бетінше үйренеді. Әсіресе, ол медицина ғылымының ертедегі ғұламалары **Гиппократ пен Галеннің** және орта ғасыр Шығысының ұлы емшісі және ойшылы **Әбу Бәкір ар-Разидің** (865–925) шығармаларын мұқият зерттейді.



Әбу Әли Ибн Сина.

Ибн Сина он жеті жасында-ақ ауызға іліккен емші әрі ғалым болып жетіледі. Ол әмір Нұх ибн Мансұрды емдеп жазғаннан кейін, саманилердің сарай кітапханасынан пайдалануға рұқсат алады. Ибн Сина тағдыр талқысымен Гургеніштегі (Үргенішке) Хорезм Маъмун академиясы қатарында шығармашылы пен айналысады. Ол 1037 жылы қайтыс болады және Хамаданда жерленеді.



*** Әбу Әли ибн Сина Шығыста «Шайх ур-раис», ал Батыста «Авиценна» атымен даңқы шыққан.**

Ибн Сина 450-ден астам, соның ішінде медицинаға байланысты 43 шығарма жазған. Оның 5 томдық «Ал-қонун фит-тиб» («Медицина заңдары») атты энциклопедиялық шығармасында аурулардың келіп шығу себептері мен көздері, диагностика, емдеу әдістері, дәрілік шөптердің және дәрі-дәрмектердің ерекшеліктері, диета, адам денсаулығы үшін дене шынықтырудың маңызы сынды медицинаның көптеген өте қажетті мәселелеріне айрықша көңіл бөлінген. Оның «Ал-қонун фит-тиб» шығармасы XII ғасырда-ақ латын тіліне аударылып, XVII ғасырға дейін Еуропа медицинасында негізгі қолданба кітап ретінде пайдаланылған.

Әбу Райхан Беруни. **Әбу Райхан Беруни** (973–1048) Хорезмнің Кат қаласында туылып, Үргеніште білім алған. Хорезмшах Абул Аббас Маъмун II сарайында жиналған ғалымдармен бірге Маъмун академиясында шығармашылықпен айналысты. Хорезм Махмұт Ғазнауи жағынан басып алынғаннан кейін, Беруни басқа ғалымдармен бірге Ғазна қаласына алып кетіледі және өмірінің соңына дейін осы жерде шығармашылықпен шұғылданды. Беруни 1048 жылы Ғазнада қайтыс болады.



Әбу Райхан Беруни.

Беруни астрономия, география, математика және тарих ғылымдары бойынша 160-тан астам ғылыми еңбектер жазған. Оның «Көне

халықтардан қалған ескерткіштер», «Үндістан», «Минералогия», «Геодезия» сияқты ірі шығармалары солардың қатарына жатады. Ол өзінің астрономияға қатысты шығармаларында Коперниктен бес ғасыр бұрын Жердің Күн айналасында айналуы жөніндегі тұжырымды орта ғасырда бірінші болып айтты. Беруни Жердің домалақ екенін дәлелдеп берді. Ол 1029 жұлдыздың координаттары көлемі белгіленген жұлдыздар кестесін және әлемнің географиялық картасын жасады. Беруни еуропалық ғалымдардан 450 жыл алдын Америка құрлығының бар екендігін шамалап, өз шығармаларында бірнеше рет жазған. Берунидің батыс жартылай шарда үлкен құрлық бар екендігі туралы пікірі XV-XVI ғасырларда өз шешімін апты. Беруни Жердің айналасы ұзындығын өлшеуде жаңа әдіс - математикалық әдісті істеп шықты. Ол бірінші болып Жер шарын глобусты жаратқан. Берунидің ғылыми және пәлсапалық үлкен мұрасы күмәнсіз дүние ғылымы мен мәдениеті қазынасына қосылған үлкен үлес болды.

«... егер Еуропа Ояну дәуірінің нәтижелері ретінде мәңгілік және өнер шығармалары, архитектура маржандары, медицина мен адамды тану барысында жаңа ойлап табулар жүзеге асқан болса, Шығыс Ояну дәуірінің өзіне тән ерекшелігі, алдымен, математика, астрономия, физика, химия, геодезия, фармакология, медицина сияқты анық және медицина пәндерінің, сондай-ақ тарих, пәлсапа мен әдебиеттің дамуында көрініс тапты».

**Ислам Каримов,
Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті**



1. «Байт ул-хикма» қайсы қалада құрылған? «Байт ул-хикма» туралы Өзбекстан ұлттық энциклопедиясынан қосымша мәліметтер тауып дәптеріңе жазып қой.
2. Айтшы, не үшін IX–XII ғасырларда өлкемізде ғылым жоғары дамыды?
3. Мұса әл-Хорезми мен Ахмет әл-Ферғанидың математика пәнінде орны нелерден тұрады?



4. «Маъмун академиясы» қайсы жылдарда қызмет еткен? «Маъмун академиясы» туралы Өзбекстан ұлттық энциклопедиясынан қосымша мәліметтер тауып дәптеріңе жазып қой.

Төмендегі кестені Мауарауннахр және Хорезмнің ұлы ойшылдары тақырыбына тиісті мәліметтермен толтыр:

Ұлы ойшылдар	Жасап шығармашылықпен айналысқан жылдары	Қайсы пәндердің дамуында үлес қосқан	Жазған шығармалары

§ 27. ӘДЕБИЕТ

Тірек ұғымдар: *түркі жазба әдебиет, «Араб және араб болмағандардың ұстазы», «Құдатғу білік», «Диуани лұғат ат-түрік», «Хибат ул-хақайық».*

Түркі жазба әдебиеті. Осы заманда Мауарауннахр және Шығыс Түркістанда түркі тектес халықтардың ежелден жалғасып келе жатқан ауыз әдебиетімен қатар жазба әдебиеті де пайда болады. Бірқатар ірі шығармалар жазылады. Олардың ішіндегі ең құндылары Юсуф Хас Хажибтің «Құдатғу білік» (XI ғасыр), Махмұт Қашқаридің «Девони лұғатит-түрік», Ахмад Югнакидің «Хибат ул-хақайық», Ахмед Яссауидің «Хикмет» сияқты шығармалары.

Бұл дәуір түрік әдеби тілі ескі өзбек және ұйғыр тілдерінің жүзеге келуіне де маңызды басқыш болды.

Махмұт аз-Замахшари. Әбілқасым Махмұт аз-Замахшари 1075 жылы Хорезмнің Замахшар қыстағында дүниеге келген. Ғылымға болған құштарлық оны Бұқара, Марв, Нишапур, Исфахан, Шам, Бағдат, Хижрат және Меккеде жасап, араб тілі мен әдебиетін, діни ілімдерді, көркем жазу өнерін, араб мақалдары мен салт-дәстүрлерін терең үйренуіне себеп болды. Ол аймақтың географиясына қатысты мағлұматтарды жинайды.



Махмұт Замахшари түрлі сала ғылымдарына қатысты 50-ден астам еңбектер жазып қалдырды. Әсіресе оның араб тілі фонетикасы мен морфологиясына арналған «Ал-Муфассал», Құран Кәрім әсерімен жазылған «Ал-Кашшоф» туындысы мұсылман әлемінде әйгілі болды. Замахшари «Арабтардың және араб еместердің ұстазы», «Хорезмнің мақтанышы» сынды абыройлы атақтармен мадақталған. Каирдегі әлемге даңқы жайылған Ал-Азхар діни университетінің студенттері осы күнде де «Ал-Кашшоф» негізінде Құран Кәрімді үйренеді. Ол сондай-ақ тарихтағы бірінші көп тілді сөздік арабша-парсыша-түркі сөздіктің негізін салушы болған. Махмұд Замахшари 1144 жылы Хорезмде қайтыс болған.

1995 жылы Өзбекстанда Махмұд Замахшаридің 920 жылдығы кеңінен атап өтілді.

Жүсіп Хас Хажиб. Түркі жазушысы, ойшыл және мемлекет қайраткері болған Жүсіп Хас Хажиб (XI ғасыр) «Құдатғу білік» дастанының авторы. Ол қараханилердің орталық қалаларының бірі болған Баласағұнда туылған. Жүсіп бұл жерде араб, парсы тіл және ондағы әдебиеттерді тиянақты үйренді. Философия, логика, математика және басқа білімдерді толық иелеп, мемлекет жұмыстары, басқарма ережелерімен қызықты. Жүсіптің өмірі мен шығармашылық жолы туралы мәліметтер өте аз. Жүсіп Хас Хажиб туралы мәлімет беретін жалғыз дерек көзі «Құдатғу білік» дастаны болып саналады. Ол 1069 жылда «Құдатғу білік» («Бақытқа жетелейтін білім») шығармасын Баласағұнда жаза бастайды және 1070 жылда Қашқарда бітіреді. Шығарманы қараханилер билеушілерінен болған Табғач Буғраханға тарут жасайды. «Құдатғу білік» Табғач Буғраханға ұнайды, Жүсіпке «Хас Хажиб» (есік ағасы) дәрежесін береді. Содан бастап жазушыны **Жүсіп Хас Хажиб** деп атай бастайды.

Шығармада адам және оның әлеуметтік маңызы, өмірдегі орны мен міндеті жан-жақты талқыланады. «Құдатғу білікте» қарапайым халық, еңбексүйгіш адам жеке құрметпен суреттеледі. Ол ғылым мен ағартуға бақыттың кілті деп қарайды.

Соның үшін де өзінің дастанын «Құдатғу білік» деп атайды. Онда ғылым мен ағартуды таратып, ғалымдарды ұлықтайды,



мемлекеттік бастықтарын ғылым өкілдерінен тәлім алуға және олардың насихаттарымен жұмыс істеуге шақырады.

Махмұд Қашқари. XI ғасырда жасап шығармашылықпен айналысқан Махмұд Қашқаридің өмірі мен шығармашылық жолы туралы жеткілікті мәлімет сақталып қалмаған. Ғалымның толық аты Махмұд Қашқари ибн Хусейн ибн Мұхаммед. Әлеуметтік келіп шығуы тұрғысынан қараханидтер әулетіне тиісті болған. Жастығында бастауыш білімді алып, Қашқар, Бұқара, Самарқанд, Марв, Нишаупр қалаларында білімін асырған. Ол араб, парсы, түркі сияқты 7-8 тілді жақсы меңгерген. 1056–1057-жылдарда мемлекеттегі ішкі шиеленістер нәтижесінде ғалым өз отанын тастап кетіп, 15 жыл барысында айналадағы туысқан халықтар арасында жүруге мәжбүр болады. Сол жылдары ол түркі халықтары жасайтын өлкелерді шарлап, бұл жерлердегі түркі тайпа мен ұрықтар, олардың келіп шығуы мен аталуы, орналасу орындары, әдет-ғұрыптары, әсіресе, тіл ерекшеліктерін тиянақты үйренеді. Соң Бағдатқа барып 1072 жылы дүниеге әйгілі шығармасы «Диуани луғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жиынтығын») жазып аяқтайды.

Махмұд Қашқаридің бұл шығармасы сол дәуірдегі Орта Азия халықтарының тарихы, тұрмысы, мәдениеті, әдет-ғұрыптары, әдебиетін үйренуде ең құнды дерек көзі саналады. «Диуани луғат ат-түрік» шығармасы алғашқы универсал сөздік болып, өз авторын дүниеге энциклопедист ғалым ретінде танытты. Бұл шығармада ғалым түркі тайпа мен ұрықтар (халықтар) тілдеріндегі сөздердің мағынасын араб тілінде сипаттап берді. Махмұд Қашқаридың шығармасы, өзі айтқанындай, «алдын ешкім түзбеген және ешкімге белгілі болмаған жеке бір тәртіпте» түзілген. Соған сәйкес, **Махмұд Қашқари** түркі халықтарының тілі, мәдениеті, этнографиясы мен фольклорының бірінші зерттеушісі болып саналады. «Диуани луғат ат-түріктің» құны тағы сонда, яғни ғалым өз шығармасында дүние картасын қосымша еткен.

Ахмет Югнеки. XII ғасырда түркі тілінде шығармашылықпен айналысқан ақын және ойшылдардың тағы бірі **Ахмет Югнеки** еді. **Ахмет Югнекидің** дара әдеби мұрасы



«Хибатул хақайық» («Haqiqatlar tuhfası») сақталып қалған. Ол түркі әдеби тілінің қымбат және құнды ескерткіші болып саналады. Өз шығармасында Жүсіп Хас Хажиб сияқты ғылым, ғалым мен ғұламаларды ұлықтайды, ағартушылықты насихаттайды, адамдарды ілімді және білімді болуға шақырады. Югнеки өзін ақын емес, бәлкім әдеп авторы деп санаған. Өзіне тән әдеп кітабы болған бұл шығармаға Құран Кәрім және Хадис мағыналары сіңдірілген. Ол Ислам дінінің әдепті үгіттеуі кемел адамды жетілдіру мақсатымен жазылған.



1. Түркі жазба әдебиеттерден ең құндыларын айт.
2. Айтшы, түркі әдеби тілі қайсы тілдердің жүзеге асуында қажетті маңызға ие?
3. Махмұд Замахшари қай жерде туылған және ол қайсы аттармен ұлықталған?
4. «Құдатғу білік» шығармасы кім тарапынан жазылған?
5. Махмұд Қашқари және оның «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасы туралы айтып бер.
6. Айтшы, неге Ахмет Югнеки өзін ақын емес, әдептік авторы деп санған?

Төмендегі кестені әдебиет өкілдері туралы мәліметтермен толтыр


Жазушылар	Қашан жасаған?	Қайсы аттармен ұлықталған?	Жазған шығармалары

28-§. ДІНИ БІЛІМДЕРДІҢ ДАМУЫ

Тірек ұғымдар: *хадис, шариғат ілімі, фикх, дін, софизм, тариқат, идеология.*

Имам әл-Бұхари. Жаратылыстану ілімі ғалымдарымен қатар IX ғасырда ислам ілімін жетілдіру жолында Мауарауннахрлық киелі ғұламалардың да еңбектері үлкен болды. Бұл жөнінде әсіресе, Мұхаммед ибн Исмайыл әл-Бұхари (810–870) және оның замандасы әрі шәкірті Әбу Иса Мұхаммед ат-Термизидің (824–894) қосқан үлесі орасан зор.





Самарқанттағы
Имам әл-Бухари
жәдігерлігі.

Имам әл-Бұхари ислам іліміне тиісті 20-дан астам шығарма жазды. Оның бір ғана «Ал-жоме ас-сахих» шығармасына 7275 хадис енгізілген.

1998 жылы қазанда ұлы ойшыл Имам әл-Бұхаридің туғанына 1225 жыл толуы атап өтілді. Самарқант маңындағы Хартанг қыстағында «Имам әл-Бұхари ескерткіш кешені» құрылды. 4 томдық «Ал-Жами ас-Сахих» кітабы алғаш рет өзбек тілінде баспадан шығарылып, оқырмандарға ұсынылды.



***Хадис (арабша: насихат, нақыл) – Ислам дінінде Құраннан кейінгі қасиетті дерек, Мұхаммед пайғамбар (с.а.у)ның қызметі мен көрсетпелері жөнінде топталған мәліметтер жиындысы.**

Әбу Мансур әл-Матуриди. Шариғат ілімінің дамуына үлкен үлес қосқан ұлы ғұлама Әбу Мансур әл-Матуриди (870-944) Самарқант қаласына жақын жердегі Матурид қыстағында туылған. Әл-Матуриди ислам әдеп ережелері, рухани-құлықтық, кемелдік сырларынан білім беруге арналған көптеген шығармалар жазған. Олардан «Китаб ат-Тавхид» («Алланың жалғыз екендігі») және «Таъвилот ахл ас-сунна» («Суннилік дәстүрінің талдауы») атты



Әбу Мансур
әл-Матуриди
жәдігерлігі.
Самарқант қ.

еңбектері ғана сақталып қалған. Оларда діни ілім, исламдық әдет-ғұрыптар адам баласының кемелденуінде дүниетанымының қалыптасу мәні талданған. Әл-Матуриди 944 жылы Самарқантта қайтыс болған.

Тәуелсіздік шарапатымен діни құндылықтарымыз тіктеліп жатқан Отанымызда 2000 жылы қарашада Имам әл-Матуридидің туғанына 1130 жылдығы атап өтілді. Самарқантта әл-

Матуриди қўрметіне арналған ескерткіш кешені қўрылды, шығармалары өзбек тілінде баспадан шықты.

** Ислам әлемінде «Мұсылмандардың нанымын түзетуші» деген жоғары абыройға ие болғаны бұл қўнды тұлғаның үлкен ақыл-зердесі және табандылығынан дерек береді.*

Ислам Каримов. «Жоғары руханият – жеңілмес күш».

Бұрханиддин әл-Марғинани. Әйгілі заңтанушы ғалым Бұрханиддин әл-Марғинани 1117 жылы Риштанда (Ферғана аңғарында) дүниеге келген. Әл-Марғинанидің ең қўнды еңбегі – төрт томдық «Хидоя» шығармасы. «Хидоя» ислам заңгерлігі бойынша жазылған ең кемел шығарма болғандықтан, мұсылман мемлекеттеріндегі заңгерлер оны бірнеше ғасырлар бойы әрі теориялық, әрі іс-жүзіндік қолданба міндетін атқарып келген. Кітап бірнеше тілдерге аударылған.

Қазіргі күнде де маңызды мағлұмат көзі ретінде пайдаланылуда. Сол себепті ғұлама тек қана дерек ретінде ғұламалар, бәлкім қарапайым халық арасында да «хидаят жолының сарбаны» деген үлкен қўрметке ие болды. Бұрханиддин вал-милла (Ислам дінінің дәлелі) деген абыройлы атқа ие болды.

2000 жылы ал-Марғинанидің туған күні кеңінен атап өтілді. Сонымен Марғылан қаласы орталығында Бұрханиддин Марғинани ескерткіші қўрылып, сол жерде оның символдың мұнарасы орнатылды.

Дін. IX–XIII ғасырлардың рухани өмірінде ислам діні қажетті орын алады. Бұл кезеңде мұсылман Шығысында кең тарап, дүние жүзілік дін дәрежесіне көтерілген Ислам діні және шарифат мұсылман дүниесінің идеологиясына айналды. Мауарауннахр халқы Ислам дінін қабылдап шарифаттың талаптарын орындауға, араб тілі мен жазуын үйренуге кірісті. Орталық қалаларда көптеген мешіттер мен мердеселер салынды.

Ал XII ғасырда Бұхараның Дарбазаи Мансур махалласында, тіпті, заңгерлерге арналған арнайы «Факихтер



медресесі» құрылған. Бұндай жоғары дәрежелі оқу орны негізінен ислам ілімінің басты көздері: Құран Кәрімді, Хадис Шәріпті және араб тілін жетік үйренуге баса назар аударған. Шариғат қағидаларын жан-жақты терең үйренуде «Тафсир» – Құран Кәрімнің сипаттамалары өте бай және бағалы қайнар көзі болып саналған. Шариғат ілімі (ислам заңгерлігі) құлық және шариғат қағидалары жөнінде толық мағлұмат береді.

Ислам діні ілімінің өркендеуі мен насихаттауының кеңеюінде, әсіресе, Бұқара қаласы орталыққа айналды. Бұқара медреселерінен көптеген білімді шариғаттанушы ғалымдар, қазылар, имамдар жетіліп шығады. Сондықтан Бұқара IX ғасырдан бастап «Қуббат ул-ислам»– «Ислам дінінің күмбезі» деген атпен даңқы шығады.

Сопылық. Сопылық ілімі орта ғасырларда мұсылман Шығысында кең таралады. Бұл ілім алдымен VIII ғасырдың орта шенінде Ирақта дүниеге келеді.



***Сопылық (суфизм) – мұсылмандарды адалдыққа, пәктікке, теңдікке, адамның қадір-қасиетін жерге ұрламауға үндеуші, әр кімді өзінің адал еңбегімен жасауға, басқалардың күшімен пайдаланбауға үгіттеуші білім ортасы.**

*** Қағидат – сопылық ережелеріне бойынсұнып жасау, яғни кемел адам дәрежесіне жетуді көрсететін жол.**

Сопылық ілімі негізінде адам еңбегі және оның кемелденуі жатады. Мауарауннахрдың түрлі өлкелерінде сопылықтың түрлі қағидалары пайда болады. Түркістанда XII ғасырда Яссауия, XII ғасырдың соңында Хорезмде Кубравия, XIV ғасырда Бұхарада Нақшбандия және басқалар пайда болады.

Мауарауннахрда кең таралған сопылық – Яссауия қағидасы болып, оған Ахмет Яссауи негізін қалайды. Қағидаттың негіздері Яссауидің әйгілі «Хикмет» атты еңбегінде баяндалады. Ахмет Яссауидің пікірінше, шариғатсыз қағидат, қағидатсыз ағарту, ал ағартусыз ақиқат бола алмайды. Бұлардың әрбірі екіншісін толықтырады

және жетілдіреді. Яссауия ілімінің негізінде кемелдікке жанкештілікпен бұл дүниеден безіну арқылы жету идеясы алға қойылады. Оған тек бұл дүниенің рақаты мен молшылығынан бас тартып, шын беріліп дұға және сиыну жолында азап шегіп, ауыр еңбек ете алған адам ғана жетіп барады. Қысқасы, Яссауи қағидасында ауыр еңбек пен азапты шариғат жолында болуы және дүниеден безуді уағыздаса да, адам заты әулие дәрежесінде жоғары көтеріледі. Адамның кез келген мал-дүниеден және мемлекеттен үстем тұратыны аталады.

Сопылық ілімінің ұлы тұлғаларының тағы бірі Нажмиддин Кубро (1145–1221) болып саналады. Ол Хорезмде «Кубравия» қағидасының негізін қалайды.

Кубравия ілімінің Яссауия ілімінен айырмашылығы, ол бұл дүниеден безінуді уағыздамайды. Онда кемелдікке жету жолындағы азапты еңбек барысында бұл дүниенің игіліктерінен нәр алу қажет деген идея алға қойылады. Кубравия ілімінде халыққа және Отанға деген махаббат аса күшті болып, ол қандай ауыр сәттерде де халықпен бірге болуға, Отанды қорғауға және оның тәуелсіздігі жолында күресуге шақырады.

Сопылық XIV ғасырда Нақшбандия қағидасында дами түседі. Оған Бахауддин Нақшбанд негіз салады. Ол 1318 жылы Бұқара маңындағы Қасри Хиндувон қыстағында маталарға нақыш салатын кәсіпкердің жанұясында дүниеге келеді. Жастайынан білім алумен қатар матаға гүл салуды жетік меңгеріп, ата кәсібі көркем нақышкерлікті меңгерген.

Қожа Бахауддин «Хаётнома» және «Далил ул-ошиқин» атты шығармалар жазып, өз қағидасына негіз салады. Нақшбандия қағидасы Мауарауннахрда, Қорасан мен Хорезмде кең тарайды. Нақшбандия қағидасы адамдарды адал да пәк болуға, өз еңбегімен күнелтуге, мұқтаждарға қайыр-садақа беруге, кіршіксіз және кішіпейіл болуға шақырады. Оның «Дил ба яру даст ба қор», («Ділің Аллада, ал қолың жұмыспен болсын») деген хикметі Нақшбандия қағидасының өмірлік мәнін бейнелейді. Ол бұл дүниеден безінуді жокқа шығарып, еңбексүйгіштікті, әділдікті, білімділікті уағыздайды. Нақшбандия ілімі дамуына кейінгі

ғасырларда Әлішер Науаи, Әбдірахман Жәми, Қожа Ахрар сияқты ұлы ғұламалар да үлкен үлесін қосады.

Тәуелсіздік шарапатымен Ахмет Яссауи, Бахауддин Нақшбанд, Нажмиддин Кубро секілді бабаларымыздың ардақты есімдері тіктеліп, зияратханасы көркейтілді. Шығармалары басылып, олардың құнды рухани мұраларынан қазіргі ұрпақтар сусындауда. Себебі исламдық идеология мен сопылық ілімі негізінде ата-бабаларымыз кемелденіп, өзінен өшпес тарихи мұра қалдырған.



1. Мауарауннахрлық ғұламалардан кімдерді білесің?
2. Ал-Матуриди қандай шығармалар жазған?
3. Рухани өмірде ислам дінінің маңызы неде деп ойлайсың?
4. Сопылық қандай ілім?
5. Яссауи ілімі негізінде қайсы көзқарас үстемдік етеді?
6. Кубравия іліміндегі Отансүйгіштік идеяларын сипаттап бер.
7. Нақшбандия ілімі адамдарды неге шақырады?

29-§. СӘУЛЕТШІЛІК, ӨНЕР ЖӘНЕ МУЗЫКА

Тірек ұғымдар: *сәулетшілік, өнер, нақыштық, оймашылық, көркем жазу, шашмақам.*



Бабкент мұнарасы.
(XII ғасыр).

Сәулетшілік. Орта ғасыр қоғамының әлеуметтік-саяси құрылым мен ислам діні идеологиясы мәдени өмірдің бұл салаларына да күшті ықпал етті. Самарқанд, Бұқара, Үргеніш, Терміз, Өзген және Марв сияқты қалаларда бұл дәуірде көптеген сарай, мешіт, медресе, мұнара, кесене және керуенсарайлар салынды. Бұқара қаласындағы Ысмайыл Самани кесенесі, Намазгох мешіті, Минораи Калон, Вабкент, Жарқорғандағы мұнаралар және басқа да көптеген ғимараттар сол замандағы сәулеткерліктің үлгілері болып табылады. Бұл ескерткіштер өзіне тән

сәулет өнерінің қалыптасқандығынан дерек береді.


Бұл дәуірде жонылған тастан, күйдірілген кірпіш және суға төзімді құрылыс қоспаларынан әр түрлі су құрылымдары, су қоймалары – бөгендер, науалар, көпірлер, су қоймалары және кариздер құрылады. Мұндай ғимараттардың өлшемдері асқан математикалық дәлдікпен жасалған. Мәселен, X ғасырда Нұрата жоталарындағы Пасттау сайы бөгеліп, сол жерде пайда болған Ханбанди су қоймасына 1,5 миллион метр куб су жиналған. Тоған гранит тастан және суға төзімді құрылыс қоспасынан жасалған. Бұл су қоймасын құрғанда судың вертикаль және горизонталь қысым күші және сол аумақтарда жиі болып тұратын жер сілкіністерінің сілкіну күштерін де ескерген. Бұл, күмәнсіз, XVII ғасырдағы әйгілі француз физигі Блез Паскаль тарапынан табылған судың қысым күші жөніндегі заңдылықтың содан 7 ғасыр бұрын-ақ Мауарауннахрлық инженерлерге белгілі болғандығынан дерек береді.

X ғасырдан бастап құрылыс саласында қаңқа арқылы үй салу әдісі кең таралады. Дара қаңқалы және қос қаңқалы құрылыстардың ең астыңғы қаңқаларынан бастап тірек-бағандары мен көлденең салынатын бөрене қырларына дейін ағашты дәнекерлеу әдісі қолданылып, қаңқаның аралығы шикі кесек кірпішпен немесе балшық кесек сазбен соғылып шыққан. Осындай әдіспен үй салу қазірге дейін сақталып келеді. Афрасияб, Барахша, Бұқара және Пайкент қалаларының құлаған қалдықтарын қазған кезде табылған үй орындарынан анықталғанындай X–XI ғасырларда да пахса мен шикі кірпіштен соғылған ғимараттар қала сәулетшілігінде басты орынға ие болған.

Нақышкерлік, оймакерлік және көркем жазу. IX–XII ғасырдың бас



**Жарқорған
мұнарасы
(XII ғасыр).**



**X ғасырдағы су
қаймасының
тоғаны. Хонбанди.**

кезінде сәулетшілікпен қатар ою-өрнек салу және ағаш ою өнері де едәуір дамиды. Ғимараттың ұстыны, есігі және қабырғаларының кейбір бөліктері түрлі мазмұндағы жазулармен безендірілетін еді.

Бұл дәуірде көркем жазу халық өнерінің маңызды және кең таралған салаларының бірі болды. Кітап басып шығару әлі дами қоймағандығы, қолжазба кітаптардың нұсқалары тек қолмен ғана көшірілетіндігінен көркем жазу өнері анағұрлым дамыды. Алуан түрлі әдістермен көркемдеп жазылған үлгілер сәулетшілік нақыштарда да жанды мазмұн мен эстетикалық әсер беретін әшекей ретінде қолданылады.

Музыка өнері. IX–XIII ғасырдың бас кезінде музыка өнері де айрықша дамыды. Мерекелер, тойлар, халық серуендері мен басқа да жиындар ән-күйсіз өтпейтін еді. Бұл кезеңде күйшілер шілтер, танбур, қобыз, рубаб, най, сырнай, керней, қоснай және цитра сияқты алуан түрлі шекті, соқпалы үрлемелі саздық аспаптарынан кең пайдаланған.

Халық күйлері негізінде кейінірек тәжік және өзбек халықтарының классикалық күйі «Шашмақом» үшін іргетас болған «Рост», «Хусравани», «Бода», «Ушшақ», «Зерафканда», «Бузрук», «Сипахан», «Наво», «Баста», «Тарона» тәріздес жаңа-жаңа күйлер шығарылған. Музыка өнері поэзия және музыкатану ілімімен тығыз байланыста дамиды.



Шашмақом – (парсыша - алты және мақам) - өзбек және тәжік халықтары музыка мұрасында орталық орын ұстанған күй мен өлеңдер жиынтығы.



1. IX–XII ғасырларда сәулетшілік үлгілері туралы айтып бер. Олар туралы қосымша әдебиеттерден мәліметтер топтастыр.
2. Нақыштық, оймакерлік және көркем жазу қалай дамыды?
3. «Шашмақом» не?



V ТАРАУ ӘМІР ТЕМІР ЖӘНЕ ТЕМУРИЛЕР МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТАРИХЫ

§ 30. XIV ҒАСЫРДЫҢ ОРТАЛАРЫНДА МАУАРАУННАХРДА ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЖАҒДАЙ

Тірек ұғымдар: *саяси бытыраңқылық, саяси күрес майданы, мемлекет тәуелсіздігі үшін күрес, сарбадарлар.*

Саяси бытыраңқылық. XIV ғасырдың 50–60-жылдарында Мауарауннахр 10-ға жуық дербес бектіктерге бөлініп кеткен. Ол жердегі әкімдіктер өздерін бірегей әкімі деп жариялайды. Мемлекеттегі әрбір облыс жеке әкімшілікке ажыралып, олардың арасында келіспеушіліктер күшейіп кетеді де қанды соғыстарға айналады. Саяси бытыраңқылық, өзара ұрыс және жанжалдар экономикалық күйреуге себеп болып, мемлекеттік тұрғындарын, әсіресе, диқандар шаруашылығын тас-талқанын шығарған еді.

Бұның үстіне Шығыс Түркістан мен Жетісуда пайда болған Моңғолияның хандары Мауарауннахрға бірнеше рет жорықтар жасап, оны тонайды. Моңғол әмірлерінің елді қырғынға ұшыратқан жорықтары, басқыншылығы және зұлымдығына қарсы халық қозғалысы басталады.

Міне, осындай ішкі соғыстар күшейген, моңғол зұлымдығына қарсы еңбекші халық қозғалыстары басталған бір дәуірде мемлекетте жаңа саяси күш жетіліп келе жатыр еді.

Әмір Темірдің жастық дәуірі. Әмір Темір Кеш (Шахрисабз) облысындағы Қожа Илғар қыстағында (Яккабақ ауданында) 1336 жыл 9 сәуірде дүниеге келген. Оның толық аты-жөні – Әмір Темір ибн Әмір Тарағай ибн Әмір Баркул. Әмір Темірдің анасы Такина хатун Кеш елінің абыройлы бикелерінің (бек оғоларының) бірі болып саналған. Оның әкесі Әмір Тарағай барлас руының ақсақалдарының бірі болып, ата-бабалары Кеш және Насаф облысында өз иеліктеріне ие болған және осы елге билік жүргізген.

Әмір Темірдің жастығы туған жері Кеште өтті. Жеті жасқа толғанда әкесі оны оқуға береді. Әмір Тарағай ұлын жастайынан асылдыларға ұқсатып оқытқан және жан-жақты білім берген: үлкен-кішіні құрметтеу, мәміле ілімі, аңға шығу және әскери ілімдерді үйреткен. Жас Темірді жеті жасынан медресеге оқуға береді. Ол медресеге келгенде әліппеден тиянақты хабардар болған. Он екі жасынан бастап балаларға тән болған ермек ойындардан бас тартып, кейіннен өзінің құрбыларымен сипохилыққа тән ойындармен айналысады. **Әмір Темір** жастайынан-ақ шабандоздық пен аңшылыққа қатты қызықты, садақ тартып, ат жарыстыруды, алуан түрлі әскери ойындар ойнауды өте ұнататын еді. Осылайша Әмір Темір тұлпарларды іріктеп, таңдай алатын білікті шабандоз әрі ержүрек батыр жігіт болып ер жетеді. Оның айналасына балалықтағы достары мен мектептестері топтасып, бірге жаттығып, жарыстарға қатысатын, бірте-бірте нөкер бөлісіп, әскери топқа бірігіп, жетіле бастайды. Бертін келе олар Әмір Темірдің үзеңгілес достарына айналып, оның жасағында әскербасылық дәрежесіне дейін көтерілген.

Солай етіп, Әмір Темір өз заманының оқымысты және ұқыпты билеушілерінің бірі болып жетіледі. Медицина, математика, астрономия, сәулетшілік пен тарих ілімінен де жақсы хабардар болған. Әмір Темірмен бетпе-бет отырып сұқбаттасуға қол жеткізген ұлы араб философы Ибн Халдунның айтуынша, Әмір Темір түрік, араб, парсы халықтары тарихын терең үйренген, діни, дүниелік және пәлсапалық білімдердің ең күрделі тұстарына дейін жақсы меңгеріп алған адам екен.

Өзінің алғашқы әскери қызметін **Әмір Темір** қоластындағы нөкерлерімен бірге кейбір облыс әмірлеріне қызмет көрсетуден бастаған. Олардың өзара күрестерінде қатысып, ерлік көрсеткен, соғыстарда шыныққан. Әскери шеберлік пен адамилық Әмір Темірдің абыройын арттырып, оның атағы бүкіл Қашқадария аңғарына, соның ішінде, Кеш облысына жайылған.

Әмір Темір Шағатай хандарынан Қазағанның немересі, Әмір Хұсайынның қарындасы Олжай Түркен Оғоға некесі арқылы Әмір Темір мен Балқы әмірі Әмір Хұсайын арасында одақтастық орнығады.

Әмір Темірдің саяси күрес майданына кіріп келуі. XIV ғасырдың 50-жылдары аяғында Мауарауннахрда әмірлердің өзара күресі күшейіп, мемлекетте саяси бытыраңқылық үдейді. Моңғолстан хандары Мауарауннахрдағы ауыр саяси жағдайдан пайдаланып, бұл өлкеде өз биліктерін орнатуға ұмтылады. Тұғлық Темір 1360–1361 жылдарда Мауарауннахрға бірін-соңды екі рет басып кіреді. Мауарауннахр бектері бірлесе алмай халықты тастап кетеді.



Сайыпқыран Әмір Темір.



* Даруға – (моңғолша бақылаушы, қала бастығы). Моңғолдар мемлекетінде жергілікті әкімдер құзырындағы ұлы қаған уәкілі, аймақ бастығы. Даруға міндетіне төмендегі жауапкершіліктер жүктелген: халықты тіркеуге алу; жергілікті халықтан әскер жинау, пошта байланыстарын тәртіпке келтіру; салықтар жинау; жиналған салық-алымдарды ұлы қаған сарайына жеткізу.

Әмір Темірдің немере ағасы, Кеш облысының билеушісі Әмір Қажы Барлас Қорасанға қарай қашады. Ал 24 жасар Әмір Темір басқаша жолды таңдайды.

Темір өз елін моңғолдардың шабуылынан қорғау үшін көп ойлап, Тұғлық Темірдің құзырына баруға шешім қабылдайды. Нәтижеде Тұғлық Темірдің жарлығымен Кеш облысының даруғасы (әкімі) етіп тағайындалады.

Осылайша Әмір Темір саяси күрес майданына кіріп келді. Кейіннен өзінің бұл әрекеттері Темірбек халықты моңғолдар тарапынан талқандалудан қорғаудың жалғыз жолы – жақсы ойланған жоспар 100 мың кісілі әскерден күшті деп сипаттады.



Тұғлық Темір ұлы Ілиясқожаны Мауарауннахрдың билеушісі етіп тағайындап, Моңғолстанға қайтып кетеді. **Ілиясқожа** мен **Әмір Темір** тіл табыса алмайды. Осыған байланысты ол Мауарауннахрдың беделді әмірлерінің бірі Балқының әкімі **Хұсайын** мен одақтасып, моңғолдарға қарсы күрес жүргізеді. **1363 жылы** Әмударияның сол шөлінде **Құндыз** қаласының маңында ортақ жауға қарсы күресте жеңіске жетеді. Кейінгі екі жыл бойы одақтастар **Ілиясқожа** басқарған жете жасақтарымен бірнеше рет шайқасады. Ақыры **1364 жылдың** аяғында олар моңғолдарды Мауарауннахрдан қуып шығарады.

Бірақ Мауарауннахрдан айырылғысы келмеген **Ілиясқожа 1365 жылдың көктемінде** тағы да Мауарауннахрға әскер тартады. Екі жақтың әскерлері **1365 жылы 22 мамыр** күні Ташкент пен Шыназдың ортасындағы Шыршық өзенінің бойында шайқасады. Тарихта ол шайқас «Лай шайқасы» деген атпен белгілі болады. Өйткені дәл сол күні күшті нөсер жаңбыр құйып, ұрыс алаңы батпаққа айналған, тіпті аттар да батпаққа батып қалған.

Шайқаста **Әмір Темірдің** әскері қаһармандықпен шайқасып, жеңіске жетейін-ақ деп дұшпанның оң қанатына ойсырата соққы беріп тұрғанда, **Хұсайын** өз әскерлерін дұшпанның сол қанатына тастамай ұрыс алаңын тастап кетеді. **Әмір Темір** шегінуге мәжбүр болады.

Осы жеңістен кейін **Ілиясқожа** ешқандай қарсылықсыз **Хожент пен Жызақ** қалаларын алып, одан ары **Самарқантқа** бет алады. Самарқантта қарулы әскер болмаса да, халық қаланы қорғауды өз қолдарына алады. Ұзаққа созылған моңғол үстемдігіне қарсы көтерілген бұл халық қозғалысы тарихта «Сарбадарлар қозғалысы» деген атпен даңқы шығады.

Самарқант сарбадарлары. Сарбадарлар қозғалысы **XIV ғасырдың 60-жылдарында** Мауарауннахрда моңғол хандарының шабуыл жасауына байланысты іске асты. Самарқант сарбаздарына медресе оқытушысы Мәулензада Самарқанди, қолөнерші **Әбу Бәкір Калави** және қала махаллаларының бірінің ақсақалы, шебер мерген **Хурдаки Бухарилер** басшылық жасайтын еді. Сарбадарлар моңғолдарға Самарқант қаласында ойсырата соққы береді.

Мұның үстіне *Ілиясқожаның* аттары арасында өлет ауруы тарап, аттары қырыла бастайды. Шарасыз қалған Ілиясқожа әуелі Самарқантты, кейін бүкіл Мауарауннахрды тастап кетуге мәжбүр болады.

Сарбадарлар бай-манаптардың мал-мүлкінің бір бөлігін кәмпескелеп, кедейлерге бөліп берген. Бұл билеуші таптардың қатаң наразылығына себеп болған.

Сарбадорлар басшылығындағы самарқандықтардың моңғол ханы *Ілиясқожаны* жеңгені және қаладағы тәртіпсіздіктер жөніндегі хабар *Әмір Темір* мен *Әмір Хұсайынға* жетеді. Олар **1366 жылдың көктемінде** Самарқантқа аттанады және қала маңындағы Конибил мекеніне келіп тоқтайды. Бектер сарбадарлардың басшыларымен келіссөз жүргізеді. Ұшырасудың бірінші күнінде олардың шарапатына зияпат беріп, олардың атына мақтаулар айтады. Бірақ ертеңіне *Әбу Бәкір Кулуви* мен *Хурдаки Бұхарилар* *Әмір Хұсайынның* бұйрығымен дарға асылады. Мұнан еш хабары болмаған *Әмір Темір Мәулензаданың* өмірін *Әмір Хұсайыннан* сұрап алады және оны өлмінен құтқарып қалады.

Осылайша сарбадарлар басшысыз қалдырылып, қозғалыс бастырылады. Мауарауннахрда *Әмір Хұсайынның* билігі орнатылады. Дегенмен көп уақыт өтпей-ақ *Хұсайын* мен *Әмір*



***Сарбадарлар (парсыша «сар» – бас, («дар» – дор, бас дарға тіккендер) – XIV ғасырда Иран және Орта Азияда моңғолдардың зұлымына қарсы халық көтерілісіне қатысушылар. Көтерілісте кең халық қатысқан. Сарбадарлар мақсатқа жету үшін азаттық жолында дарға асылуға да дайынбыз деген ант астында күрес жүргізген.**

Темірдің арасындағы қатынас шиеленісіп, соңы ашықтан-ашық жауласуға айналады. **1366–1370 жылдарда** олардың ортасында бірнеше рет өзара қақтығыстар да болады.



1. Не себептен Мауарауннахрда саяси бытыраңқылық күшейді?
2. Әмір Темірдің жастық шағы, өспірімдігі туралы нелерді білесің?
3. Әмір Темір қандай жағдайда саяси күрес майданына кіріп келді?



4. «Лай шайқасы» туралы баяндап бер.
5. Сарбадарлар кімдер, олар кімдерге қарсы күрескен?
6. Әмір Темір туралы қандай кітаптарды оқығансың?

Төмендегі кестені толтыр. Бұл күндерде қандай оқиғалар болып өтті?

XIV ғасырдың 50–60 жылдары	1363 жыл
1336 жыл 9 сәуір	22 мамыр 1365 жыл
1360 –1361 жылдар	1365 жыл 22 мамыр
1360–1361 жылдар	1366–1370 жылдар

§ 31. ӘМІР ТЕМІР – ОРТАЛЫҚТАНҒАН МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Тірек ұғымдар: *Әмір Темір билігінің басталуы. Жоғарғы өкімет рәмізі, орталықтанған мемлекет, Мауарауннахр мен Қорасанның біріктірілуі.*

Әмір Темірдің өкімет басына келуі. XIV ғасырдың 60-жылдарында Мауарауннахрда орын алған ауыр саяси және экономикалық жағдай мемлекетті біріктіріп, күшті бір мемлекет құруды талап етті. **Әмір Темір** өз заманының мұндай талабын басқа әмірлерге қарағанда жақсырақ түсінді. Сондықтан да ол орталықтанған мемлекет құруға кірісті. Мұндай мақсатты іске асыруда ақсақалдар, әскерилер, саудагерлер мен қала қолөнершілерінің таптарына сүйенеді. **Әмір Темір** бұл үлкен мақсатын іске асыру үшін күресті ең алдымен ішкі жауларына қарсы күрестен бастайды.

1370 жылдың көктемінде **Әмір Темір** бүкіл әскерлерімен күшті қарсыласы – Балқы билеушісі **Әмір Хұсайынға** қарсы жолға шығады. Жасақ Терміз маңындағы *Био қыстағына* келгенде, оның құзырына атақты ғұламалардан **Сейіт Береке** келеді. **Сейіт Береке** **Әмір Темірдің** бастаған ісін қолдап, оған Жоғары биліктің рәмізі литарвалар мен жалау тарту етіп, оның ұлы болашағына болжам жасайды. Бұл оқиға, күмәнсіз саяси маңызға ие еді. Өйткені литавра мен жалау мұсылмандардың әдетіне сай тәж бен тақтың рәмізі болып, оны жоғары мәртебелі руханидің қолынан алу тез арада оның тәж бен тақ және салтанат иесі болуына белгі береді.



Әмір Темірдің әскері Балқыға жетіп барғанша, оларға жол-жөнекей жаңа күштер келіп қосылады. Бұл кезде Әмір Хұсайынның көп әмірлері оны тастап кетеді. Соғыста Әмір Хұсайынның сарбаздары жеңіледі, екі күндік қоршаудан соң, **1370 жылдың 10-сәуірінде** Балқы қаласы Әмір Темірге тізе бүгеді. Әмір Хұсайын өлтіріледі.

Ертеңіне болып өткен құрылтайда **Әмір Темірдің** билігі ресми тән алынып, ол *Мауарауннахрдың әмірі* болып жарияланады.

Орталықтанған мемлекеттің құрылуы. Мемлекетті саяси және экономикалық тұрғыдан нығайтып, көптен бері жалғасып келе жатқан ішкі бытыраңқылықты жоюға, тыныштық пен бейбіт өмірді құру мақсатында Әмір Темір **1370 жылы шілде** айында Самарқантта үлкен құрылтай шақырады. Құрылтайда орталық мемлекет жүйесін қалыптастыру және жасақ жинау мәселелері талқыланады. Самарқант мемлекет астанасы деп жарияланады. Самарқантта берік қорғандар, бекіністер және сарайлар құрылады. Бұл ғимараттар Самарқант моңғолдар тарапынан талқандалғаннан кейін 150 жыл өткеннен кейін бірінші рет құрылған жалпы мемлекет деңгейіндегі ғимараттар еді.

Әмір Темір мемлекетте заң және тәртіп жұмыстарын енгізеді. Арнайы жасақ құрып, оларға үлкен жеңілдіктер береді. Ол ірі әскери бөлімдердің қолбасшылары мен әскерлерін тағайындайды.

Әмір Темір таққа отырғаннан кейін Шағатай ұлысының барша жерлеріне өзін мұрагер деп білді. Сайыпқыран Сырдарияның төменгі ағысындағы жерлерді, Ташкент облысын, Ферғана алқабын және Хорезмді өз билігінің қол астына енгізді. Әмір Темір **1372 жылдан** бастап Хорезмге бес рет әскери жорық жасады және **1388 жылы** Хорезм түпкілікті бойсұндырылды.

1381 жылы *Хират, Сейстан, Мазандаран* басып алынды. Содан соң *Серахс, Жам, Қавсия, Сабзавор* қалалары соғыссыз Әмір Темірге бойсұнды және оның қарамағына өтті. Осылайша Әмір Темір Мауарауннахр, Қорасан мен Хорезмді біріктіріп, ірі орталықтанған мемлекет құрды. Бұл үлкен аумақта жасайтын халықтардың бірігуі, олардың тағдырында жағымды маңызға ие болды.



1. Әмір Темір мен Әмір Хұсайын арасындағы келіспеушілік қалай аяқталды?
2. 1370 жылдың ІІсәуірінде өткізілген құрылтайдың тарихи маңызы қандай?
3. Самарқанд қаласын қайта құруда Әмір Темірдің қызметі жөнінде нелерді біліп алдың?
4. Мауарауннахр қандай жолмен біріктірілді?
5. Хорезмге жасалған жорықтары мен оның нәтижесі туралы айтып бер.
6. Бұл дәуірде Әмір Темірдің тарихи қызметі неден тұратын еді?

§ 32. ӘМІР ТЕМІР ҮСТЕМДІГІНІҢ ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ӘСКЕРИ ҚҰРЫЛЫМЫ

Тірек ұғымдар: мемлекет басқаруы, жасақтың құрылымы, әскери жорықтар, сұйырғал жерлер, «Темір түзіктері».

Мемлекетті басқару. Сайыпқыран Әмір Темір өз заманының талап-мұқтаждықтарынан туындаған мемлекет басқаруын жетілдірді, оған жаңаша рух пен мазмұн берді. Мемлекеттің құрамдық құрылысы әскери-саяси тәртіптерге негізделген болса да, қоғамның дамуы, барлық әлеуметтік таптардың мүдделерін қамтамасыз ету көзделген еді.

Әмір Темір патшалығында мемлекетті басқару екі мекемеден – **орда** және **уәзірліктен** (девон) құралған. Орданы Ұлы билеушінің өзі басқарған. Атқару өкімет – девонды девонбегі (бас уәзір) басқарған. Девонда әскери уәзір, мүлікшілік және салық істерінің уәзірі, қаржы уәзірі қызмет атқарған. Бұдан тыс шекаралар мен бағынышты мемлекеттердің басқаруымен шұғылданатын және үш уәзір болып, олар девонбегіне есеп беріп тұрған.

Сыртқы және ішкі төтенше жағдайлардан хабар беріп тұратын мыңға жуық жаяу, мың атты әскерлері болған. Бүкіл салтанатты бойлап бір күндік жол аралығында ямханалар құрған. Әрбір ямда 50-200 бастан ат ұсталған.



Сайыпқыран мемлекет басқаруы жұмыстарында Ислам қағидаларына негізделген. Оның Құран Кәрім мен Хадиске қатынасы шынайы және жоғары дәрежеде болған. Пайғамбарлар ұрпақтары, шайх-машайықтарға құрметі шексіз еді. Мемлекетті күшейттіруде де дәл солай адамдарға сүйеніп жұмыс жүргізген.

Сұйырғал жерлер. Әмір Темір үлкен патшалық қарамағындағы өлкелерді негізінен төрт бөлікке бөліп ұлдары, немерелері және еңбегі сіңген әмірлеріне сұйырғал есебінде сыйға тартады. Мауараунахрдан тыс, өз иелігіндегі барлық облыс және мемлекеттерді Әмір Темір өлімінен алдын балалары мен немерелеріне мынадай етіп бөледі: Қорасан, Грузия, Мазандаран мен Сейстан (орталығы Қытай) **Шахрухқа**, Батыс Иран, Әзербайжан, Ирак пен Армения (орталығы Табриз) **Мираншахқа**, Парсы, яғни Иранның оңтүстік бөлігі (орталығы Шираз) **Омар шайхқа**, Ауғаныстан мен Солтүстік Үдістан (орталығы Ғазна, кейіннен Балқы) **Пірімұхаммедке** сұйырғал етіп берген.

Ұлыстар орталық өкіметке бағынғанымен, олар белгілі бір дербестікке ие еді. Ұлыс билеушілерінің өз алдына мемлекеттік девонханасы, жасағы болған. Олардың орталық өкіметке бағыныштылығы хираждың бір бөлігін Самарқантқа жіберіп тұру және жоғары билеушінің әскери жорықтарында өз әскерлерімен қатысу, яки талап етілген әскерді жіберіп тұрудан құралған.

Әскер құрылысы. Әмір Темір мемлекет тәуелсіздігі және қорғанысы жолындағы ішкі және сыртқы саясатын жүргізуде негізінен әскери күшке сүйенетін еді. Сол үшін де ол әскер басшыларын таңдау және оларды тәрбиелеу, әскери бөлімдер мен олардың орналасу тәртібіне, нөкерлер мен сарбаздардың қарулануы мен ішкі тәртіп мәселелеріне айрықша мән беретін.

Сайыпқыран тәртіпті жасақ құруға, шайқас уақытында жасақтың бөліктерін басқаруға шайқас тағдырын шешетін жерлерге әскери күштерді шапшаңдықпен бағыттауға, болған тосқауыл мен шектеулерді кәсіпкерлікпен шешуге,

жасақтағы жауынгер рухын жоғары дәрежеде ұстап тұруға қол жеткізген.

Әмір Темірдің жасағына мал өсірушілер қатары отырықшы халықтан да әскер жиналған. Әскери бөлімдерді облыстардан жинаумен *тавошы* мансабындағы қызметкерлер шұғылданатын. Әскерде әскери күштердің негізін құраған атты әскерлермен бір қатарда жаяулар да қызмет еткен. Әмір Темір жасағы сан жағынан анық құрылған, оның жауынгерлік тәртібі жетіліп барған. Өз заманының жетекші қару және техникасымен қамтамасыз етілген, бөлімдер бір-бірінен бас-киім, жалау мен түктерімен айрықшаланады. Мұндай айрықшалану шайқаста жасақты басқаруда ыңғайлы болған.

Әмір Темірдің әскері ондық әскери бірігулер негізінде құрылған әскери бөлімдерден тұратын. Жасақ **туман** – он мыңдық, **хазара** – мыңдық, **қошун** – жүздік және айл – ондық бірігулерге бөлінген. Әмір Темір он мыңдық әскерді басқару үшін **туман ағасы**, мыңдық бөлім бастығына **мирихазара**, жүздіктер үшін **қошунбасы** және ондықтар үшін **айлбасы** сияқты әскери мансаптарды енгізді.

Сайыпқыран Шығыста біріншілдерден болып жасаққа атшашар қару – зеңбірек алып кірген. Таулы өлкелерде шайқас әрекеттерін жүргізетін арнайы әскери жасақ пен бөлімдер құрылған. Ибн Арабшахтың куәлік беруінше, Сайыпқыран жасағында әйелдерден құралған бөлімдер болып, олар еркектермен бір сапта тұрған. Қаһармандық пен ерлік үлгілерін көрсеткен.

Шайқасқа кіру әдісі. Әскери жорық кезінде алдыңғы шепте хабаршылар, олардың арасынан *жасауыл* бөлімшесі, олардан соң маңдай – авангард бөлімі жүретін. Ал маңдай бөлім мен әскердің негізгі бөлімдері аралығында бас қолбасшының ордасы және оның айналасында резерв бөлімдер жайғасып, олар *«изофа»* деп жүргізілген.

Әмір Темір әскерінің негізгі қуатты бөлімдері *орталық*, оң қанат – *борангар*, ал сол қанат – *жуангар* деген қанаттарынан құралған. Әрбір қанаттың алдында бір-бірден

қосымша күзетші маңдай-авангарды, ал жан-жағында бір-бірден күзетші әскери құрамалар – қанбулдар болатын. Осылайша жасақ жеті бөлім – *қолдардан* құралған еді. **Шарафиддин Әли Язди** әскерді жеті қолға – бөлімге бөліп орналастыру тәртібін бірінші болып Әмір Темір енгізген деп жазады. Бұл қолдар шайқаста дербес әрекет жасап, тек әскер қолбасшысына бағынған.

Әмір Темір соғысудың жаңа әскери тәсілдерін қолдаған. Атап айтқанда, шайқас уақытында жасақтың қанаттарын дұшпанның шабуылынан қорғау мен өз кезегінде күштерді жан тараптан айналып өтіп, оған арттан соққы беру мақсатында құрылған - қанбұлдың енгізілуі болған.

Әмір Темірдің әскери жорықтары. Әмір Темірдің әрбір әскери жорығында түрткі болатындай себеп бар еді. Бұл себептер - өз мемлекетінің шекараларын нығайту, сыртқы дұшпандардан қорғау, керуен жолдарын түрлі жол тосқауылшылардан тазалау, қиянатшы, сатқын, өтірікшілерді жазалау, бойсұнбағандарды бағындыру, өзінің саяси әсерін кеңейтіруден құралғандығын тарихи деректерден біліп алуға болады.

Әмір Темірдің көмегімен **Тоқтамыс Алтын Орда** тағына иелік етеді. Кейінірек Тоқтамыс сатқындық жолына өтеді. Ол Әмір Темірге қарсы ашықтан ашық күреске шығады. Нәтижеде Әмір Темір **Тоқтамысқа** қарсы үш рет әскери жорыққа шығуға мәжбүр болады.

Соңғы табанды шайқас **1395 жылдың 15 сәуірінде** Солтүстік Кавказдағы **Терек** өзенінің бойында болды. Шайқаста Әмір Темір жасағы дұшпанға қарсы аттан түсіп, жауды садақпен ату әдісін қолданды. Оқ пен қылыш екпініне төтеп бере алмаған **Тоқтамыс** әскерінің қатары бұзылып, артқа шегінді және бытырап кетті. Тоқтамысхан санаулы жасағымен шеңгелзарға қашып кірді және қуып келе жатқан әскерлерден жасырынды.

Ресей тарихшылары **Б.Д.Греков** пен **А.Ю.Якубовскийдің** атап көрсетуіне қарағанда, Әмір Темірдің Тоқтамысты жеңуі тек Орта Азия үшін ғана емес, сонымен қатар

бүкіл Шығыс Еуропа, сондай-ақ Ресей княздықтарының бірігуі үшін үлкен маңызға ие болды.

Әмір Темір өз салтанатының оңтүстік шекараларын бекемдеу және кеңейттіру мақсатында Иран, Әзербайжан, Ирак, Шам (Сирия) үстіне үш рет жасақ тартады. Бұл жорықтар тарихта үш жылдық, бес жылдық және жеті жылдық ұрыстар деп аталған.

Әмір Темір өз қалауымен тізе бүккен, мали аман төлеген қалаларға тимеген, жасақтарын мұндай қалаларға кіргізбеген. **1398–1399 жылдары** Үндістанға жорыққа аттанады және Делиді жаулап алады.

Кең көлемді әскери жорықтар нәтижесінде Сайыпқыран Әмір Темір үстемдігінің шекарасы Оспан түріктері мемлекетінің шекарасына барып тірелді. Әмір Темір Осман түріктері сұлтаны **Баязит Илдиримен** қатынасты жақсартуды қолдаған. Баязит *қарақұюндар, музаффарилер, жалайырилердің* Әмір Темірге қарсы іс-әрекеттерін қолдаған. Мұның нәтижесінде екі мемлекеттің арасында қақтығыс болуы анық болып қалды.

Әмір Темір мен Сұлтан Баязиттің әскерлері арасындағы шешуші шайқас **1402 жыл 20 шілдеде** Анкара маңында, Чубук мекенінде болады. Бұл шайқас тарихта «*Анкара шайқасы*» деп аталады. Ұзаққа созылған қанды шайқаста Сайыпқыранның күштері түрік әскерлерін жеңеді. Сұлтан Баязит тұтқынға алынады.

Баязитті жеңген Әмір Темірді ұлы жеңісімен құттықтап, Франция, Англия және Кастилия мен Леон корольдері құттықтап, өз құттықтауларын жолдайды. Өйткені Сайыпқыран енді ғана оянып келе жатқан Еуропаға үлкен қатер төндіріп тұрған Осман түріктерінің империясына соққы беріп, бүкіл Еуропаның құтқарушысына айналған еді.

Кіші Азиядан Самарқантқа оралған Әмір Темір **1404 жылдың 27 қарашасында** 200 мың әскермен Самарқанттан Қытайға аттанады. Бірақ Қытайға жорық Әмір Темірдің кенеттен қайтыс болуына (**1405 жыл 18-ақпан**) байланысты іске аспай қалды.



«Темір түзіктері». Әмір Темірдің көзі тірісінде-ақ оның әскери өнері мен мемлекетті басқару тәсілдеріне арналған арнайы шығарма жазылып, ол **«Темір түзіктері»** деген атпен әйгілі болады. Онда мемлекетті басқаруда кімдерге сүйену, тәж бен тақ иелері қызметінің тәртібі – ұстанған жолы мен міндеттері, уәзір мен жасақ бастықтарын тағайындау тәртіптері белгілеп берілген. Әмір Темірдің: *«...мемлекет жұмыстарының тоғыз бөлігін кеңес, іс-шаралар және қатынас арқылы, қалған бір бөлігін қылышпен іске асырдым», «Күш – әділетте»* деген сөздері оның мемлекетті ақыл-парасат және әділеттілікпен басқарғандығын көрсетеді.

Осылайша, Сайыпқыран Әмір Темір мемлекетті басқару және әскери салада өзіне тән әдіс енгізіп, сол негізде орнатқан мемлекетімен әлемді таң қалдырды.



1. Айтшы, Әмір Темірдің үстемдігі қалай басқарылған?
2. Әмір Темір мемлекетіндегі ұлыстардың негізгі ерекшелігі неден құралған?
3. Сұйырғал жерлер кімдерге, не үшін берілген?
4. Айтшы, Әмір Темір әскері қандай тәртіпте құрылған?
Шыңғысхан жасағынан несімен айрықшаланады?
5. Әмір Темір қандай әдіспен соғысқа кірген?
6. «Темір түзіктерінде» нелер баяндалған?

Төмендегі кестені Әмір Темір үстемдігінде мемлекет басқаруы тақырыбына тиісті мәліметтермен толтыр.

Мемлекет басқаруы	Ұлыстар	Жасақтың құрылуы	Шайқасқа кіру әдісі



§ 33. ӘМІР ТЕМІРДІҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Тірек ұғымдар: *Шығыс және Батыс мемлекеттерімен қатынастар, дипломатиялық байланыстар, елшілердің келуі, Ұлы Жібек жолында сауда қатынастары.*

Сыртқы саясат. Әмір Темір мемлекетімен Византия, Түркия, Үндістан, Испания, Франция, Англия, Алтын Орда, Моңғолстан, Қытай сияқты мемлекеттер экономикалық, саяси және мәдени байланыстар орнатты. Әмір Темір мемлекетінің сыртқы саясаты өз алдына мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көрші мемлекеттерде өз әсерін нығайту, Түркия, Үндістан, Испания, Франция мен Англиямен экономикалық, елшілік мәдени байланыстарды орнату және дамыту сияқты міндеттерді қойған.

XIV ғасырдың соңында жүзеге келген белгілі халықаралық жағдай Әмір Темір мемлекеті, Түркия, Мысыр және Алтын Орда ең күдіретті мемлекеттер ретінде саяси майданға шықты. Бұл дәуірде Әмір Темір Моңғолстан, Алтын Орда және Мысырмен одақтағы Оспанилер Түркиясы қарама-қарсы тұратын.

Моңғолстанмен қатынастар. Мауарауннахрда моңғолдар басқыншылығынан құтылып, мемлекетте Әмір Темір үстемдігі орнатылды, бірақ оның жерлері әлі тыныш емес еді. Моңғолстанда ұлыс бектерінің көтерілістері және олардың Ташкент облысымен Ферғана алқабындағы тонаушылық әрекеттері болып тұратын еді. Солтүстік жақта Ақ Ордада Жошы ұлысының тақ үшін күресі күшейген, олардың Хорезм билеушілерімен қосылып, Бұқара, Самарқанд Чорджой және Қаршыға жасаған тонаушылық жорықтары жалғасты.

Бұларды жоймай тұрып Әмір Темір өз мемлекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмас еді. Деректерге сүйене отырып, Әмір Темір бұл мәселені келісулер жолымен шешуге кірісті. Бірақ пайдасы болмады. Оны қарумен шешуге мәжбүр болды. Әмір Темір 1371–1390-жылдарда алып барған жеті әскери жорықтан кейін Моңғолстанда тыныштық орнату және оны өзінің әсер шеңберіне енгізіп алуға қол жеткізді.

Мысырмен байланыстар. Әмір Темір мен мысыр сұлтаны Барқұқ арасындағы ресми байланыстар 1385 жылдан басталған еді. 1386–1405-жылдар барысында Әмір Темір мен Мысыр сұлтандары, сондай-ақ олардың Суриядағы әскерлері арасында шамамен 25 рет хат пен елшілердің алмасуы болды. Әмір Темір Мысыр сұлтаны Барқұқпен достық қатынастар орнатылуы, саудагер және сауда өкілдерінің тікелей келіп-кетулерін жүзеге асырулары, бұдан кейін ортада ешқандай келіспеушілік пен араздық болмауы туралы ұсыныстар білдіріп, өз елшілерін жіберген еді. Бірақ Сұлтан Барқұқ Әмір Темір жіберген елшілерді өлтіріп, ұсыныстарын қабылдамайды. Кейіннен Әмір Темір Сұлтан Бараязид үстінен жеңіске жетіп, Мысыр өзіні бағынғандығын тән алады.

Алтын Ордамен қатынастар. Әмір Темірдің көмегімен Тоқтамыс Алтын Орда тағына келген болса да, оның Мауарауннахрға тонаушылық жорықтары күшейген еді. Мұнан тыс, Тоқтамысхан Мысыр, Ирак және Түркиямен әскери одақ құрып, Әмір Темірге соққы бермек болды. 1384 жылда Тоқтамыстың елшісі Мысыр сұлтаны Барқұқпен ұшырасуда Әмір Темірді жоғалту ұсынысын береді. Мұндай ұсынысқа сол жылы Мысырға келген Түркия мен Сивас елшілерінің мемлекеттері Әмір Темірге қарсы болған әскери одаққа қосылуын айтты. Түркия, Мысыр және Алтын Орданың өзара жақындасуы Әмір Темір мемлекетіне шынайы қауіп төндіреді. Соның үшін Әмір Темір бұл әскери одақ әрекетке келуіне жол бермеді. Әмір Темір одақтастарды біреулеп саптан шығару саясатын ұстанды. 1395 жылы Тоқтамысханға, 1402 жылы Йылдырым Баязидке күшті соққылар берді.

Қытай және Үндістанмен қатынастар. Шығыстың ең үлкен мемлекеттерінің бірі Қытаймен қатынастар Әмір Темір дәуірінде бірқатар шынайы болған еді. Бұған қытай билеушілерінің ұлы мемлекеттік саясаты себеп болған еді. Мин императорлары қытайға көрші болған мемлекеттерді Қытайға тәуелді деп санайтын. Әмір Темірдің елшілері және саудагерлері алып барған сәлемдерді **олпан** деп атайтын еді. Темір де Қытай елшілерімен соған жараса

қатынаста болды. Клавихонның мәліметтеріне қарағанда, 1404 жылы Самарқантқа келген Қытай императорының елшілері басқа мемлекет елшілерінен жоғарыға отырғызып қойылған еді. Әмір Темір бұйрығына сәйкес, олар да басқа мемлекет елшілері қатарынан өзіне жараса жерге, төменірекке отырғызғаны белгілі болады.

Халықаралық саяси жағдай. Сайыпқыран Әмір Темір дүние жүзілік саяси өміріне де ықпалын тигізді. Бұл кезеңде, бір жағынан, сұлтан Баязиттің Балқан түбегі мемлекеттеріне тізесін батыруы күшейіп, бүкіл Еуропаны қауіп-қатерге салып отырған еді. Екінші жағынан, Баязиттің өзі Батысқа қарай батыл адымдап бара жатқан айбынды қарсылас – Әмір Темірдің күшті қысымына душар болған еді. Мұндай саяси жағдайда Баязитке қарсы күштердің белгілі дәрежеде бірігуі табиғи болатын.

Ең алдымен Баязиттен жеңіліп, өз жерлері мен мүліктерінен мақрұм болған Кіші Азия мемлекеттерінің билеушілері Әмір Темірден көмек сұрап, оның Қарабақтағы ордасына барып орналасады. Тіпті Византия мен Галатадағы Генуя әкімінің бастығы, Франция королі және Сұлтания қаласының католик миссионерлері де Әмір Темірден жәрдем сұрайды. Бұның есесіне олар әскери жорық кезінде оған жәрдем беру және Константинопол мен Пераның Баязитке төлеп келген баж салығын бұдан былай Әмір Темірге төлеп отыруға да уәде береді. Мұндай ұсыныс Әмір Темірге мақұл болады. Өйткені Түркияны теңіз жағалауындағы тірегінен айыру үшін оған теңізден медет қажет болатын. Сөйтіп, XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың бас кезінде сұлтан Баязитке соққы беруге қолайлы саяси жағдай туады. Бұл жағдайдан Әмір Темір шеберлікпен пайдаланады.

Елшілік байланыстар. Анкара маңындағы түріктердің 160 мың кісілік жасағы үстінен қол жеткізген ұлы жеңістен кейін Әмір Темірдің Батыс Еуропа мемлекеттерімен болған байланыстарының мазмұны түптен өзгереді. Енділікте Темір олармен дос ретінде қатынастарды нығайту және өзара сауда қатынастарын жолға қою сияқты мәселелерге мән береді.



Әмір Темір 1402 жылдың жазында Франция мен Англияға арнайы елшілер арқылы Карл VI және Генрих IV аттарына хат жолдайды. Елшілер Парижге 1403 жылдың мамыр айында жетіп барады. Елшілер екі мемлекеттің саудагерлері үшін еркін сауда қатынастарының жүргізілуін қамтамасыз етуді және егер король мен герцогтар разы болса, осынау еркін сауданы тиісті бітім немесе келісіммен нығайтуды ұсынады.

Франция королі Карл VI 1403 жылы 15 маусымда Әмір Темірге жолдаған жауап хатында мәлім болғандай, Франция Әмір Темірдің ұсыныстарын ризашылықпен қабылдаған.

Сол дәуірде Әмір Темірдің Англия королі Генрих IV пен жүргізген дипломатиялық қатынастарында батыс облыстардың билеушісі Мираншах белсене қатысады. Солтүстік Иран, Ирак, Әзербайжан және Арменияны қамтыған иеліктер билеушісі Мираншах Әмір Темірдің қартайып қалған дәуірінде Батыс Еуропа билеушілерінің назарын өзіне тарта бастайды. Бұл тұста ол Еуропа мемлекеттерімен өзара сауда қатынастарын жандандыру мақсатымен христиан дінбасыларына тілектестік білдіріп, саудагерлердің дербестігін қамтамасыз ету бойынша шараларды іске асырды. Сол себепті көп өтпей Батыста Мираншах «католик дінінің демеушісі» ретінде даңқы шықты.

Кастилия (Испания) королі Генрих III Шығысқа өте қызығып қалған еді. 1402 жылдың көктемінде алдымен Испания елшілері Әмір Темірдің Кіші Азиядағы ордасына жіберіледі. Елшілерге Әмір Темір мен Баязиттің күш-құдіретін, байлығын және әскерінің санын білу және олардың қол астында жасап жатқан халықтардың әдет-ғұрпы, діні мен заңдары туралы нақты мәліметтер жинау тапсырылады. Шығыс және Батыс мемлекеттері елшілерінің қатарында Испания елшілері де Әмір Темір жағынан қабылданып, корольдің атына жазылған арнайы хат пен тарту-таралғылармен шығарып салады. Әмір Темір оларға қосып өзінің Мұхаммедқазы есімді өз өкілін Испанияға елші етіп жібереді. Генрих III 1403 жылы Әмір Темірдің құзырына екінші рет арнаулы елшілер жібереді. Оларға

Клавихо бастық етіп тағайындалады. 1403 жылы 21 мамырда Испаниядан аттанып кеткен елшілер Самарқантқа келеді. Әмір Темір тарапынан Самарқантта Испания елшілері зор салтанатпен қабылданып, оларға үлкен құрмет көрсетеді.

Клавихо бастаған Испания елшілері 1404 жылдың қыркүйек-қараша айларында Самарқантта болады. Әмір Темірдің Қытайға жорығына байланысты басқа көптеген мемлекеттердің елшілері сияқты испан елшілері де 1404 жылдың 21 қарашасында Самарқанттан қайтарып жіберіледі. Клавихо Испанияға 1406 жылдың наурыз айында қайтады. Клавихоның бұл сапардан алған әсерлері «Ұлы Темірдің тарихы», «Темір ордасы» және «Самарқантқа саяхат күнделігі» деген аттармен испан тілінде бірнеше рет басып шығарылады.

Сыртқы сауда. Әмір Темір өз мемлекетінің астанасы Самарқанттың айналасында ірге көтерген бірқатар жаңа қыстақтарды Шығыстың әйгілі қалалары Дамаск (Дамашк), Мысыр (Каир), Бағдат, Сұлтания және Шераз аттарымен атады. Өйткені Самарқанттың үлкендігі, әсемдігі және айнала-төңірегінің гүлдендірілуі тұрғысынан әлемдегі ең үлкен қалалардан да биік тұруға тиіс еді.

Сыртқы сауда да Самарқант үлкен орын тұтқан. Самарқантқа түрлі мемлекеттерден, атап айтқанда, Қорасаннан минералдар; Үндістан мен Синдтен жақұт, алмас; Қытайдан атлас, шай, жасын тасы, мүшік және басқа да тауарлар; ал өзге мемлекеттерден алтын мен күміс әкелінетін. Клавихо Қытай астанасы Ханбалықтан 800 түйеге тиелген сауда керуені келгенін өз күнделігінде жазған. Бұл кезеңде Әмір Темір мен оның жергілікті әкімдері Қытай мен Үндістаннан Орта Азия арқылы Таяу Шығысқа және Еуропа мемлекеттеріне баратын халықаралық сауда жолы – Ұлы Жібек жолында сауда керуендері қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша маңызды шаралар қолданады. Шығыс пен Батыс арасында сауда және елшілік байланыстары өркендеді. Ал бұл Әмір Темір мемлекетінің сыртқы экономикалық және елшілік байланыстарының тұрақты болуына алып келді.





1. Айтшы, Әмір Темір мемлекетімен қайсы мемлекеттер экономикалық, саяси және мәдени байланыстар орнатты?
2. Әмір Темір сыртқы саясатта өз алдына қандай міндеттерді қойды?
3. XIV ғасырдың соңында қайсы мемлекеттер ең күдіретті мемлекеттер ретінде саяси майданға шықты ?
4. XV ғасыр бастарында халықаралық саяси жағдай қандай еді?
5. Еуропа билеушілері не үшін Әмір Темірмен дипломатиялық байланыстар орнатуға әрекет жасады?
6. Не үшін Мұхаммед Батыста «католик ағымының демеушісі» деген сапамен әйгілі болды?
7. Не үшін Әмір Темір Самарқант айналасындағы қыстақтардың атын Шығыстың әйгілі қалаларының атымен атады?

§ 34. ӘМІР ТЕМІРДІҢ ДҮНИЕ ТАРИХЫНДА ТҮТҚАН ОРНЫ

Тірек ұғымдар: Әмір Темірдің Отанымыз және дүние тарихында тұтқан орны, Әмір Темір дүние және ұлттық тарихшылардың назарында, тәуелсіздік жылдарында Әмір Темір ескерткішінің тіктелуі.

Әмір Темірдің Отанымыз бен әлем тарихында алатын орны. Әмір Темір мемлекетті 35 жыл басқарды. Үндістан мен Қытайдан сонау Қара теңізге дейін және Арал теңізінен Парсы шығанағына дейінгі ұлан-ғайыр аумақты қамтыған мемлекетті құрды. Бұдан тыс, Кіші Азия, Сирия, Мысыр мен Төменгі Волга, Дон жағалаулары, Балқаш көлі мен Іле өзені және Солтүстік Үндістанға дейінгі мемлекеттерді толығымен өзіне бағындырды. Ол тек Мауараунахр мен Түркістанды ғана көркейткен жоқ, тіпті өзіне бағындырылған мемлекеттердің қалаларын да қайта қалыптастырды. Бағдат, Дербент және Байлакон қалалары солардың қатарына жатады. Ең маңыздысы, Иран, Әзербайжан және Ирактағы бытыраңқылық пен бейбастыққа шек қойып, Шығыс пен Батысты байланыстырып тұратын көне керуен жолдарын қайта тіктеді. Осы арқылы тек Мауараунахр емес, сонымен қатар Қиыр және Таяу Шығыс мемлекеттерінің экономикалық және мәдени дамуына, халықтар мен мемлекеттердің өзара жақындасуына үлкен үлес қосты.



Әмір Темір Еуропаның Франция, Англия және Кас-тилия сияқты ірі корольдіктерімен тікелей сауда және дипломатиялық байланыстар орнатты. Саяси бытыраңқылық жойылып, орталықтанған мемлекеттің құрылуы үлкен тиімді нәтижелерге алып келді. Мемлекеттің өндіргіш күштерін және моңғолдардың бір жарым ғасырлық билігі нәтижесінде дағдарысқа ұшыраған экономиканы қайта қалыптастыруға қолайлы жағдай туды. Сонымен қатар шаруашылықтың негізі болып табылатын суармалы егіншілікте айтарлықтай жанданулар байқалды. Жаңа-жаңа каналдар қазылып, суармалы егін алқаптары кеңейді. Қолөнершілік, ішкі және сыртқы сауда дамыды, ғылым мен мәдениет кемелденіп, қалалар көркейтілді, халқы да көбейе түсті.

Сайыпқыран Әмір Темір атақты мемлекет қайраткері, даңқты қолбасшы ретінде Өзбекстанда мемлекет істерінің өркендеуінде маңызды орын иелейді. Тарихи деректерде Әмір Темір Сайыпқыран атымен бірге «Сохиби жаһон» және «Сохиби адл» – «Әділет иесі» деген аттармен ұлықталады. Халықаралық ЮНЕСКО ұйымының ұсынысымен 1996 жылы Ташкент, Самарқанд және шет елдерде Әмір Темір туғанының 660 жылдығы кең деңгейде мерекеленді және сол жылы Өзбекстанда «Әмір Темір жылы» деп жарияланды.

Әмір Темірдің негізгі тарихи қызметі сондай, яғни дәл соның үстемдігі дәуірінде Еуропа мен Азия құрлықтары алғаш рет өздерінің геосаяси майданда жасап жатқандығын сезінді.

Бұл, әсіресе, бүгін өте қажет. Себебі адамзат соны түсінді, яғни біз баршамыз бір-бірімізге тығыз байланысты, өзара қатынаста жасар екенбіз, демек, енді жаңа және қауіпсіз дүниені орнату үшін мүмкіндік пайда болды.

**Ислам Каримов,
Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті.**

1402 жылы дүниеге, әсіресе, Балқан жартыаралы және Еуропадағы халықтар мен мемлекеттерге қауіп төндірген Түркия сұлтаны Баязид I Йылдырым талқандалғаннан кейін француздар Әмір Темірдің алтыннан ескерткішін кұрдырып, астына «Еуропаның кұтқарушысы» деп



жаздырып қойған екен. Бүгін бұл ұлы затты ұлы жасампаз, ұлы мемлекет қайраткері, шебер қолбасшы, ғылым мен мәдениет демеушісі ретінде бүкіл дүние тән алды. Мемлекет қайраткерлері, ғалым мен ақылды адамдар қазірет сайыпқыран туралы ыстық пікірлерін айтуда, оның өмірі мен қызметіне жоғары баға беруде.

Еуропа ғалымдарының Әмір Темір тұлғасы және оның қызметіне қызығуы XVI ғасырдан басталған еді. 1553 жылы Италияның Флоренция қаласында италян ғалымы Перондиноның «Скифиялық Тамерланның ұлылығы» шығармасы басылып шықты. Бұл Еуропа ғалымдарын Әмір Темір туралы бірінші ғылыми зерттеу еді. Бұл ғасырда испан тарихшысы Перо Мексиканың «Ұлы Темір тарихы» атты шығармасы басылды. 1582 жылы Севилияда белгілі Испания елшісі Клавихонның «Естеліктер» кітабы баспадан шықты. Ағылшын драматургы Христофор Морлоның «Ұлы Темір» атты сахналық шығармасы да сол ғасырда жаратылды. Сондай ұлы Сайыпқыранға аталған шығармалардың арты тоқтамады. Қазіргі кезге келіп Әмір Темір және Темурилер туралы 33 мемлекетте 500-ден астам шетелдік зерттеушілердің шығармалары басылған.

Кеңес дәуірінде Әмір Темір тұлғасы мен қызметіне әділетсіздікпен жандасып, біржақты баға беріп келінді. Соған қарамай, 1968 жылы философ ғалым И.М.Момыновтың «Әмір Темірдің Орта Азия тарихында тұтқан орны және рөлі» атты шығармасының басылуы қоғамның бұл тақырыпқа қызығуын одан әрі күшейтті. Шығарма кескін сынға ұшырады. Бірақ И.М.Момыновтың Әмір Темір тұлғасын үйрену ұсынысымен шығуы бұл оның ғылыми ерлігі және жоғары отансүйгіштігінің жарқын көрінісі еді.

...мұндай тұлғаның жүзеге келуі дәуірдің, заманның талабы. Шағатай ұлысының зұлымы, шағын феодал бектердің зұлымдық езуі, моңғол хандары, Алтын Орда бектерінің Мауарауннахрға тоқтаусыз басқыншылық жорықтары азаптанған, қиратылған. 150 жыл барысында шетелдің үстемдігінен халден тайған мемлекеттің,



халықтың тәуелсіздікке жету талабы еді. Бұл тарихи қажеттілік Темірде, оның қолбасыларында анық көрінді. Темір мемлекет қайраткері ретінде белгілі дәрежеде бұл қажеттілікті, талапты, өзінде көрсетті, яғни Мауарауннахрда тәуелсіз орталық бірлескен мемлекет құрды, мемлекет қажеттіліктеріне жауап берді.

И.М.Момынов

Тәуелсіздік жылдарында Әмір Темір ескерткішінің тіктелуі.

Өзбекстан Тәуелсіздікке жеткеннен кейін Өзбекстанның Бірінші Президенті Ислам Каримовтың әрекетімен Әмір Темірдің дүние тарихында тұтқан орны өз орына қойылды. Өзбекстанда оның қызметін үйренуге және оны жалпыластыруға кең жол ашылды. Әмір Темірдің аты Өзбекстанда мәңгілік етті. Көптеген қалалар мен қыстақтардағы үлкен көшелер, майдандар, қоғамдық қожалықтары, мектептер, кинотеатрлар және басқалар оның атымен аталды.

Ислам Каримов ұсынысымен және оның басшылығында Ташкент, Самарқанд, Шахрисабз және басқа қалалардың орталық майдандарында Әмір Темірге ескерткіш орнатылды. 1995 жылда Халықаралық Әмір Темір қоры құрылды. 1996 жылы Ташкенттегі Әмір Темір бағында Темурилер дәуірі музейі ашылды, «Әмір Темір» ордені енгізілді.

2017 жыл 30-маусымда Өзбекстан Республикасы Президенті Ш.М.Мирзиёев «Камолот» жастар әлеуметтік әрекетінің IV құрылтайында айтқан баяндамасында жастарға әскери білім беретін курсанттар мектептеріне «Темірбектер мектебі» деп ат беру ұсынысын ілгері сүрді және бұл ұсыныс жастар тарапынан мақтанышпен қабылданды.



1. Әмір Темірдің Отанымыз және дүние тарихында тұтқан орны туралы өз пікірлерінді айт.
2. Әмір Темір қандай аттармен ұлықталды?
3. Қайсы оқиғадан кейін Әмір Темірдің Еуропада абыройы артып кетті? Неге дәл сол оқиғадан кейін не деп ойлайсың?



4. Еуропа ғалымдарының Әмір Темір тұлғасы және қызметі туралы қызығуы қашаннан басталған?
5. И.М.Момыновтың кітабы неге сынға ұшыраған деп ойлайсың?
6. Өзбекстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Әмір Темірдің атын мәңгілік ету үшін жүзеге асырылған жұмыстар туралы қосымша мәліметтер жина. Әмір Темір туралы қандай көркем шығармалар оқығансың? Оқыған шығармаларыңның мазмұнын айтып бер.

§ 35. ТЕМУРИЛЕР ДӘУІРІНДЕГІ САЯСИ ҮДЕРІСТЕР

Тірек ұғымдар: *Қарсылас, патша тағы үшін күрес, Шахрух билігінің орнауы.*

Тақ үшін күрес. Сайыпқыран **1405 жылы 18 ақпан** күні Қытайға қарай жорыққа аттанған кезде, қақаған қыста, Отырар қаласында қаза табады. Әмір Темір қайтыс болған соң, оның ондаған жылдар бойғы іс-әрекеттерінің нәтижесінде орнатылған ірі мемлекет ыдырай бастайды. Мұның негізгі себебі патшалық карамағындағы елдер соншалық әр қилы, әрі алыс аймақтарда созылып жатқандықтан, оларды бір орталықтан тұрып басқару қиын болатын. Оның үстіне олардағы қарсылас күштер бөлініп шығу үшін қолайлы сәтті күтіп тұрған еді.

Патшалықтың ыдырауына Әмір Темір мұрагерлері арасындағы тәж-тақ үшін ұзақ жылдар бойы жалғасқан жасырын тайталастық, өзара карама-қайшылықтар мен қақтығыстар себеп болды. Әмір Темірдің өлімінен алдын тақ мұрагері етіп немересі **Пірімұхаммедті** (Қабул, Қандағар және Үндістан облыстарының билеушісі) тағайындалған еді. *Пірімұхаммедті* такка отырғызуды қолдайтындар күшті болса да, Мираншахтың ұлы **Халил Сұлтан Мырза** өз бетімен **1405 жылдың 18 наурыз** күні Самарқандты басып алып, өзін Мауарауннахрдың жоғары билеушісі деп жариялайды. *Пірімұхаммедтің* жолын бөгеп, оның жоспарларын бұзу ниетінде тіпті ол Әмударияның оң жағалауындағы жерлерді де өз билігіне қосып алады.

Халил Сұлтан атасынан қалған қазыналардың арқасында Сайыпқыранның беделді ұлықтары мен бектерінің біразын



өзіне қаратып, Мауарауннахр тағын қолға алғанымен, көп өтпей ол Әмір Темірдің адал әмірлерінің, облыс әкімдерінің және шахзадалардың күшті наразылығы мен бүлігіне душар болады. Бірінші болып Түркістан мен Ферғананың әкімі әмір **Құдайдат** пен **Шейх Нұриддин** Халил Сұлтанға қарсы бүлік шығарады. Тіпті Халил Сұлтанның өз інісі **Сұлтан Хұсайын Мырза** да Әмударияның сол жағалауындағы облыстарда өз билігін орнату ниетімен ағасына қарсы бас көтереді. Сондай-ақ Әмір Темір тағының заңды мұрагері **Пірімұхаммед** Әмудариядан кешіп өтіп, **Халил Сұлтанға** қарсы Насафқа қарай әскер аттандырады. Мауарауннахрда басталған әулет күрестері осылайша үдеп кетеді.

Нәтижеде мемлекет ыдырап, кейбір облыс билеушілері әкімі жеке болып алады. **Пірімұхаммед 1407 жылдың 22** ақпанында өз уәзірі **Пір Әлі Таз** басқарған бүлікшілердің қолынан қаза табады. **1408 жылдың 22-сәуірінде** Қарақұйынды түрікмендердің тайпа көсемі Қаражүсіппен арадағы шайқаста **Мираншах** қаза табады. Әзірбайжан мен Ирак облыстары да темурилердің қолынан кетеді.

1409 жылдың көктемінде Мауарауннахрдағы жағдай одан ары шиеленісе түседі. **Әмір Құдайдат** Оратөбе мен Шахрухия қалаларын оңай ғана басып алып, Самарқантқа қарай әскер шығарады. **Шераз маңында**, Зарафшан өзені бойында болған шайқаста **Халил Сұлтанның** әскері жеңіліске ұшырап, өзі тұтқынға алынады.

Шахрух билігінің орнауы. Сол дәуірде Қорасандағы әмірлердің бүлігін бастыруға үлгірген Шахрух енді бүкіл назарын Мауарауннахрға бағыттайды. Өйткені ол ата жұртындағы оқиғаларға немқұрайды қарай алмайтын еді. Ол **1409 жылы 25 сәуірде** Әмудариядан өтіп, Самарқантқа қарай беттейді. Дерлік бес жылға созылған өзара күрес пен бүліктер халықтың қатаң наразылығына себеп болған еді. Сол үшін де темірзадалар мен әмірлер арасындағы күреске шек қою мақсатымен Шахрух бастаған қозғалыс мемлекет халқының көптеген таптары жағынан қолдау табады. Осыған байланысты Мауарауннахрдағы бейбастықтарға шек қойылып,

Мауарнауннахр мен Қорасанда өз билігін орнатады және мемлекетте бейбітшілік пен тыныштықты орнатуға қол жеткізеді.

Шахрухтың ұзаққа созылған билігі дәуірінде Әмір Темір патшалығының негізгі бөлігі оның қолында сақталып қалса да, бұл үлкен мемлекет екі мемлекетке бөлінген еді. Олардың бірі Әмудариядан оңтүстікте орналасқан **Шахрух** басшылығындағы өкімет, оның орталығы **Герат** қаласы еді. Ал екіншісі Әмудариядан солтүстікте Мауарнауннахр және Түркістан аумағында **Ұлықбек** басшылығындағы өкімет болып, оның астанасы **Самарқанд** еді.



1. Әмір Темір патшалығының ыдырау себептері неде?
2. Сен Халил Сұлтанның әрекетін қалай бағалайсың?
3. Шахрух Мырза қашан Самарқандқа жорық жасады, неге оны халық қолдады?
4. Ойлап көрші, мемлекеттің ыдырауы сол ел азаматтарының өміріне қалай әсер етеді. Елді аман және бүтін сақтау үшін не істеу керек?

§ 36. МЫРЗА ҰЛЫҚБЕКТІҢ ҮСТЕМДІГІ ДӘУІРІНДЕ МАУАРАУННАХР

Тірек ұғымдар: *Ұлықбектің саяси майданға шығуы. Ұлықбектің ішкі және сыртқы саясаты. Ұлықбектің қайғылы қазасы.*

Ұлықбек – Мауарауннахр билеушісі. 1409 жылы Шахрух Самарқандтан Гератқа қайтудан алдын он бес жасар Мырза Ұлықбекті Мауарауннахр мен Түркістанға әкім етіп тағайындайды. Ұлықбек (1394–1449) Мауарнауннахр мен Түркістанның әкімі деп жарияланса да, негізінде оның әкімшілігінің шекаралары бастапқыда тек Самарқанд, Бұхара және Насаф облыстарымен ғана шектелген еді.



Мырза Ұлықбек.

Өйткені Шахрух Ферғанадан сонау Өзгенге дейін – **Амирак Ахмадтың**, ал Хисари Шадман **Мұхаммед Жаһангирдің** қарамағына берілген еді. Түркістан Шейх Нұриддиннің иелігінде еді. Сол кезде ол Ұлықбекті де, Шахрухты да тән алмайтын еді. Сондықтан да мемлекетте тыныштық жоқ еді.

Шейх Нұриддин Түркістанмен қанағаттанбайды. **1410 жылы 20 сәуірде** Самарқант маңында **Қызылрабат** мекен-жайында бүлікшіл одақшылар мен **Мырза Ұлықбектің** әскерлері арасында соғыс болады. Соғыста Ұлықбек жеңіліп, Калифке қарай шегінеді. **Шахрух** Самарқантқа жетіп келіп, **Шайх Нұриддин** бүлігі бастырады. **1412 жылдан** бастап Мауарауннахр мен Түркістанды басқару толығымен 18 жасар Ұлықбектің қолына өтеді. **Ұлықбек 1414 жылы** Ферғана мен Қашқарды басып алады.

1413 жылы Шахрух тарапынан Хорезмді Алтын Орда хандарының қолынан қайтарып алғаннан кейін Ұлықбек мемлекетінің батыс және оңтүстік шекараларының қауіпсіздігі тұрақтанған болса да, бірақ оның солтүстік батыс және солтүстік шығыс жақтары әлі де қатерлі еді. Сол себепті **Ұлықбек** Дешті Қыпшақта басталған өзара келіспеушіліктерге және Моңғолстанда өріс алған ішкі күрестерге баса назар аударуға және араласуға мәжбүр болады.

Ұлықбек әкесінің разылығымен **1425 жылдың ерте көктемінде** Моңғолстанды басып алуға аттанады. Ыстықкөл маңында болған қақтығыста **Ұлықбек** моңғолдарды жеңеді және жергілікті қарсылас күштерді де жойып, мемлекеттің шығыс шекарасын нығайтып алады. Қолға түсірілген олжалар арасында екі бөлек нефрит тасы да бар еді. Кейінірек осы нефриттен Әмір Темір кесенесі үшін құлпытас жасатылады. Моңғолстанда болған бұл соғыста **Ұлықбек** қол жеткізген жеңістің белгісі ретінде Жызаққа таяу Жыланөтті шатқалында хижри **828 (1425) жылы Ұлықбек** жартасқа қашап жаздырған өзіне тән «Зафарнама» қазіргі күнге шейін сақталған. Дешті Қыпшаққа қарсы жасалған жорықта **Ұлықбектің** жолы болмайды. Атасы **Шахрухтың** үлкен әскермен көмекке жетіп келуі ғана **Ұлықбекті** апаттан сақтап қалған.

Тақ үшін күрес. Шахрух 1447 жылдың 12 наурыз күні немересі *Сұлтан Мұхаммедтің* бүлігін бастыру кезінде Рай облысында орнына мұрагер белгілеуге үлгере алмай қайтыс болады. *Шахрух* бұл дүниеден көз жұмысымен-ақ Қорасан мен Мауарауннахрда Темури шахзадалардың арасында тәж-тақ таласы қайта өріс алып, мемлекет тұрақсыздық және терең әлеуметтік саяси үрейге тап болады. Дәстүрге орай, таққа Шахрухтың тұңғыш ұлы **Ұлықбек** отыру тиіс еді. Бірақ таққа Байсұңғұрдың ұлы **Алауддавла** отырады. Тәж бен тақ үшін тағы да күрес басталады.

Басынған шахзадалар Ұлықбекке қарсы әрекет бастайды және 1447 жылдың көктемінде **Алауддавла** Ұлықбектің үлкен ұлы **Абдуллатифтің** әскерін тас-талқан етіп, өзін тұтқынға алады. Ұлықбек *Алауддавламен* бітім жасауға мәжбүр болады. Бұл бітімге орай Абдуллатиф азат етіледі, Ұлықбек Герат пен Қорасанға болған талабынан бас тартады. Бірақ көп өтпей-ақ бітім бұзылады. 1448 жылы көктемінде Ұлықбек пен Абдуллатифтің 90 мың адамдық біріккен жасағы Гератқа аттанады. Тарнаб маңында болған шайқаста Алауддавланың әскері жеңіліп, Герат қолға алынады. Ұлықбек Қорасанда *Абдуллатифті* қалдырып, өзі Самарқантқа қайтады. Себебі Мауарауннахрда Ұлықбекке қарсы бүлік басталған еді.

Абдуллатиф атасы *Шахрухтың* Гераттағы тағына отыруға қолы жеткенімен, онда әкесіне деген өшпенділік пайда болады. Жеңіс туралы жан-жаққа жіберілген мадақ қағаздарында **Абдуллатифтің** аты інісі Абдулазизден кейін аталғаны, Ықтияруддин бекінісіндегі қазынаны Ұлықбектің алып қойғаны өте атаққұмар әрі дүниеқор Абдуллатиф үшін сылтау болады. Ол әкесінің дұшпандарымен астыртын тіл байласып, жасырын **Ұлықбекке** қарсы әрекет бастайды. Абдуллатиф Гератта небары он бес күн билік басында болады. Әбілқасым Бабыр әскерінің қалаға жақындап қалғанын естіп, астананы шайқассыз босатып, өзі Мауарауннахрға қарай қашады. Ұлықбектің жарлығымен Балқыға әкім болып тағайындалған соң, облыста «тамға»

салығын жойып, саудагерлерлерді өзіне қаратып алады. Әкесіне наразы әмірлерді өз төңірегіне жинайды. Тіпті Әбілқасым Бабырмен де байланысып, Ұлықбекке қарсы бірігіп күресуге шақырады. Осылайша **Абдуллатиф** өз әкесіне қарсы ашықтан-ашық дұшпандық жолына өтеді.

Ұлықбектің қайғылы қазасы. Ұлықбек мемлекеттің бүтіндігін сақтап қалу үшін өзінің бүлікшіл әрі айлакер ұлына қарсы жорыққа шығудан басқа амалы қалмайды. Бірақ мемлекетте саяси жағдай шиеленісіп, **Ұлықбектің** жағдайын одан сайын қиындата түседі.

Гераттан Самарқантқа қайтып келе жатқанда Ұлықбектің алдынан Дешті Қыпшақ көшпенділерінің шабуылына душар болады. Әбілқайырхан басшылығындағы көшпенділер сол кезде Ташкент, Шахрухия, Самарқант және Бұқара айналасындағы қыстақтарды талан-тараж етіп, патшалар мен ірі төрелердің қала төңірегіндегі шарбақтары мен сарайларын ойран етеді. Екі жақтан шапқан дұшпандармен болған қақтығысулардың салдарынан Ұлықбек әскері қатты соққыға ұшырап, әлсіреп қалады. Сол сәтте Самарқантта уақытша әкім етіп қалдырылған Ұлықбектің кіші ұлы Абдулазизге қарсы Самарқант әмірлерінің наразылығы күшейіп, Ұлықбек оны жоюға мәжбүр болады.

Әкесінің қиын жағдайда қалғанын бақылап отырған **Абдуллатиф** қолайлы кезден пайдаланып, бас көтереді де, Әмудариядан кешіп өтіп, Термізді, Шахрисабз бен Хұзарды оңай ғана басып алады. Содан соң Самарқантқа қарай беттейді. **1449 жылдың қазан айында** Дамаск қыстағы маңында қатты шайқас болады. Бұл шайқаста Ұлықбек жеңіледі. Самарқант әмірі **Мираншах Қавшин** қала қақпаларын жаудырып, Ұлықбекті ішке кіргізбейді. Ол Шахрухияға да кіре алмайды да амалсыз Абдуллатифке тізе бүгуге мәжбүр болады. Шаһар қазысы **Шамсуддин Мұхаммед Мискиннің** қарсылығына қарамай, **Абдуллатиф** жауыз дін ғұламаларының жасырын батасын алып, әкесінің өлтірілуін ұйымдастырады. **1449 жылы Мырза Ұлықбек 55 жасында қайғылы қаза табады.**

Сөйтіп, **Ұлықбек** Мауарауннахрды қырық жыл басқарды. Бұл дәуірде мемлекеттің саяси өмірінде аяусыз күрес жүріп жатқан болса да, мемлекетті нығайтуға, мемлекет бірлігін сақтап қалуға және мәдени тұрмысты көтеруге, дамытуға әрекет жасады, бұл жолда өзі бас болды.



1. Ұлықбектің Мауарауннахр билеушісі болуы қалай іске асты?
2. Ұлықбек не үшін және қай жерлерге әскери жорыққа шықты?
3. Шахрух қайтыс болған соң қандай оқиғалар болды?
4. Ұлықбектің қайғылы тағдыры жөнінде баяндап бер.
5. Ұлықбек 40 жылдық билігі кезінде мемлекетті басқаруда нелерге мән берді?
6. Әкесін өлтіруші Абдуллатиф туралы сен қандай пікірлесің?

§ 37. ТЕМУРИЛЕР ҮСТЕМДІГІНІҢ ДАҒДАРЫСҚА ҰШЫРАУЫ

Тірек ұғымдар: *саяси тұрақсыздық, мемлекет ыдырауының басталуы, Қорасандағы жағдай.*

Саяси тұрақсыздық. Ұлықбек өлтірілгеннен кейін бірнеше күн өткен соң **Абдуллатиф** тақ талапкерлерінен құтылу үшін өз інісі **Абдулазизді** және әкесіне адал басқа әмірлерді де өлтіртіріп, темурилердің Мауарауннахрдағы тағын толық иемденіп алды. Мемлекет бұқараларынан «Әкесін өлтіруші» деген қарғыс алған Абдуллатиф пен оның жақтаушылары тақта ұзақ отыра алмады. Арадан алты жарым ай өтер-өтпестен сарайда Абдуллатифке қарсы қастандық ұйымдастырылып, ол өлтірілді.

Қарсылас күштер Самарқантта Шахрухтың немересі, **Мырза Абдулланы**, ал Бұхарада Мираншахтың немересі **Әбусейітті** патша етіп көтереді. Нәтижеде олардың арасында билік үшін күрес басталады.

Мауарауннахр мен Қорасанда тоқтаусыз жалғасып жатқан өзара күрестер Дешті Қыпшақтағы билеушілер үшін өте мақұл болды. **1451 жылы Әбілқайырхан** үлкен әскермен Әбусейіттің көмегі және қатысуымен Ташкент, Шыназ және Жызақ арқылы Самарқанға Мырза Абдуллаға



қарсы аттанады. Шераз қыстағы маңындағы Бұлыңғыр өзені алқабында шайқас болады. Өзара қақтығыста Мырза Абдулла жеңіледі және соғыста қаза табады. Сөйтіп Әбусейіт Әбілқайырханның көмегімен Самарқанды алып, Мауарауннахрға әкім болады.

Қорасан бұл уақытта Шахрухтың немересі **Әбілқасым Бабырдың** қарамағында еді. Қорасанда саяси бытыраңқылық айрықша белең алады. Темурилер заманы жылнамашыларының жазуына қарағанда, осы кезеңде Қорасан он бір бөлікке бөлініп кетеді. Олардың арасында қақтығыстар тоқтаусыз жалғасады. **1457 жылы Әбілқасым Бабыр** қайтыс болған соң, жағдай қиындай түседі. Қорасанда да, Гератта да өкімет билігіне талапкерлер көп болғанымен, олардың бірде-біреуі мемлекетті басқара алатын күшке ие емес еді. Осындай қолайлы жағдайды пайдаланған **Әбусейіт 1457 жылы** Герат тағына отырады да, үстемдіктің екі бөлігін біріктіреді. Бірақ облыс әкімдерінің дербес билікке ұмтылыстарына, бытыраңқылыққа қарсы тұра алмайды. Әсіресе оны Әбілқасым Бабырдың өлімінен кейін Хорезмді басып алған Омар Шейх Мырзаның ұрпағы **Сұлтан Хұсайынның** бүліктері көбірек алаңдатады.

1469 жылдың ерте көктемінде Әбусейіт Әзербайжанға, Батыс Иранға және Иракқа дейінгі облыстарды еншілеп тұрған түрікмендерге қарсы шайқаста қаза табады. Әкесінің өлімінен кейін Әбусейіттің мұрагерлері Сұлтан Хұсайынмен соғысуға батына алмай, Мауарауннахрға қайта оралады. **1469 жылы 24 наурызда Сұлтан Хұсайын** Қорасанның әкімі ретінде Хиратқа үлкен салтанатпен кіріп барады. Нәтижеде Темурилер мемлекеті тағы да екі дербес бөлікке: **Сұлтан Хұсайын** билік еткен Қорасанға және Әбу Сейіттің ұлы **Сұлтан Ахмет** билігіндегі Мауарауннахрға бөлініп кетеді.

Бытыраңқылық. Мауарауннахрда Әбусейіттің ұлдары: алдымен **Сұлтан Ахмет** (1469–1494), кейін **Сұлтан Махмұт** (1494–1495) және одан соң Махмұттың ұлы **Сұлтан Әли** (1498–1500) дербес билік жүргізеді. Бірақ Мауарауннахрда бытыраңқылық қайта үдей түседі. Бұл тұста Мауарауннахр

тәуелсіз елге айналып, өзара қақтығысып жүрген Темури шахзадалар басқарып отырған көптеген облыстарға бөлініп кеткен еді. Мемлекет, ел-жұрттың басына үлкен қатер төнген уақытта дін ғұламаларының бірі **Қожа Убайдуллах Ахрар** қиындықтарды жою жолында бірнеше рет жанқиярлық көрсетті. **1454 жылы** Хират әкімі Әбілқасым Бабыр Мауарауннахрға басып кіріп, Самарқанды қоршауға алғанда Қожа Убайдуллах Ахрар бұл дауға тікелей араласып, қарсыластарды жарастырды.

Сұлтан Хұсайын мен Әлішер Науаи. *Сұлтан Хұсайын Байқара* Әмударияның оңтүстігіндегі жерлерге билік етіп, ол өз қарамағында Қорасан, Хорезм, Солтүстік және Шығыс Иран облыстарын біріктірген еді. Ол 40 жылдан астам өкімет тізгінін қолдарында ұстаған темурилер әулетінің ең соңғы ірі билеушісі болып, оның дәуірінде шахзадалар мен әмірлердің бейбастақтығына қарамай, мемлекеттің шаруашылық және мәдени тұрмысы нығайды. Қорасанның көркеюінде, өркендеуінде де, өз заманының іскер де дана билеушісі *Сұлтан Хұсайынмен* қатар ұлы қаламгер әрі көрнекті мемлекет қайраткері *Әлішер Науаидың* да қызметі өте үлкен болды.

Әлішер Науаи 1441 жылы Хиратта дүниеге келген. Оның ата-бабалары Темурилер сарайында қызмет еткен. Сұлтан Хұсайын мен Әлішер Науаи бір мектепте оқыған. Олар бала кездерінен-ақ Қорасан билеушісі **Әбілқасым Бабырдың** қызметінде болған. Ол өлген соң олар 12 жыл бойы басқа-басқа қалаларда жасады. Бұл кезеңде Хұсайын алдымен Хорезмде, содан соң Қорасанның Обивард, Ниса, Мешхед және басқа облыстарында кезбелік етіп, күш жинап, *Әбусейітке* қарсы бүліктер шығарады. Бұл жылдарда *Әлішер Науаи* Мешхед пен Хиратта білім алады. Сол кездерде-ақ Науаи ақындық талантымен көзге түскен еді. Жастайынан Сұлтан Хұсайынмен жақын қатынаста болған Әлішер Әбусейіттің өзіне дұшпандығын сезген соң, Самарқантқа көшіп барып, сол жақта біраз жасауға мәжбүр болады. Самарқантта ол ғылым-біліммен және ақындық

өнермен айналысады. Бұл жерде ол атақты ғалым, пәлсәпа, логика, құқық, араб тілі, әдебиет және поэзияның өткір ғалымы Фазлуллах Әбуллайс Самарқандиден сабақ алады.

1469 жылы Сұлтан Хұсайын Гератты басып алған соң Науаиды өз құзырына шақырады. Әлішерді ол бастапқыда мөршілік лауазымына, кейін уәзір етіп тағайындайды.

Сұлтан Хұсайынның үстемдігі дәуірінде **Әлішер** Науаи мемлекетте орталықтанған патшалықтың жүзеге келуі, облыстардың көркейтілуі, қыстақтарда диқаншылық, қалаларда қолөнершілік және сауданың нығайып дамуы жолында қызмет етті. Әлішер Науаи әдебиет, өнер және ғылым-ағартудың дамуы, халықтың тыныштық пен бейбітшілікте тіршілік етуінің жақтаушысы еді.

Бірақ **Сұлтан Хұсайын** мемлекеті **Әлішер** күткеніндей өркендемеді. Сұйырғал тәртібіне негізделген бұл мемлекетте, бір жағынан, облыс әкімдері, тіпті тәж бен тақ мұрагерлері **Бадруззаман** және **Мұзаффар Хұсайын Мырза** бүліктері шығады. Екінші жағынан, зұлымдықтың салдарынан Хират және оның облыстарында халық қозғалыстары көтеріледі. Үшіншіден, өз мүдделерін көздеген ашкөз сарай әкімдері бүлік пен қаскөйлікті үдетіп, оның батқағына Сұлтан Хұсайынды да батырады. Мұндай жағдай, сөз жоқ, бас уәзірлік лауазымында тұрған данышпан Науаидың сарайдан, тіпті, астанадан қашықтауына мәжбүр етеді.

Сөйтіп, **XV ғасырдың екінші жартысындағы** тұрақсыз саяси жағдайға байланысты Темурилер мемлекеті дағдарысқа ұшырады.



1. Әкесін өлтірген Абдуллатифтің тағдыры қалай аяқталды?
2. Сұлтан Әбусейіт қандай жолмен Мауарауннахрда өкіметті иеледі?
3. Қорасандағы жағдай қандай еді?
4. Сұлтан Әбу Сейіт Хират тағына қашан, қалайша отырады, қай шайқаста қайтыс болады?
5. Мауарауннахрдың тыныштығы жолында Қожа Убайдуллах Ахрардың қызметі неде?
6. Сұлтан Хұсайын Байқара мен Әлішер Науаи туралы нелерді біліп алдың?



§ 38. ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ ЖАСАМПАЗДЫҚ

Тірек ұғымдар: экономикалық өмір, қолөнершіліктің түрлері. Ішкі және сыртқы сауда, ақша айналымы, жер иелігі, салық түрлері.

Қолөнершілік. Мауарнауннахрдың Самарқант, Бұқара, Ташкент, Шахрухия, Терміз, Шахрисабз, Қаршы және басқа көптеген қалалары қолөнершілік орталығына айналады. Қалаларда қолөнершілік махаллаларының саны артып, кәсіптік-мамандықпен байланысты жаңа-жаңа тұрғын мекендер, көшелер, сауда орындары, күмбездер (төбесі күмбезді базарлар) пайда болды. Көптеген қалаларда зергерлік, мыскерлік, ине жасаушылық, қару-жарақ жасау, тас қашаушылық, шыны жасау, кен өндірушілік сияқты қолөнершілік махаллалары болған.

Орта ғасыр қолөнершілігінде құмырашылық ең кең дамыған көп тармақты салаға айналады. Ол кесе жасаушылар, құммен айналысушылар және тандыр жасаушылар секілді бірнеше тармақтарға бөлінеді. Осы тұста тас жону, оны өңдеп, өрнекті нақыштар және әшекейлі жазу өнері де жетіледі. Самарқанттағы Бибіханым жөме мешітінде Құранды қою үшін орнатылған үлкен тас тұғырық, Гөр Әмірдегі нефрит қабіртасы, Шахизинда және басқа жерлердегі сағаналарға бедерлі оюлар салынып, оюмен аяттар, өлеңдер және тарихи естеліктер жазылған.

Самақант қолөнершілігінде әсіресе, қағаз істеп шығару жеке орынға ие еді. Самарқант қағазы орта ғасыр Шығыс көркем жазуында өте әйгілі болып, оның белгілі бір бөлігі шет өлкелерге шығарылған.

Құрылыс, ағаш ою-өрнегі. Бұл дәуірде мемлекеттің ірі қалалары, атап айтқанда, Самарқант мен Хиратта құрылыс жұмыстары кең өріс алып, құрылысшылардың рөлі күшейеді. Кірпіш қалап ғимарат көтеретіндерді «банно» және ұстын мен төбелі қалқа немесе күмбездерге нәл мен қыспалар қаптап, ғимаратты әрлеушілерді «устоз» деп атаған.

Бұл дәуірде ағаш өңдеу де дамыған. Шебер ағаш ұсталары ағаш ою өнерімен шұғылданған. Олар нақышты



есіктер, торлар (қоршауға), ұстындар, сөрелер, үстелдер, сарай күмбездері, орындықтар және басқа да көптеген жиһаздар жасаған. Гөр Әмір мен Шахизинданың аяттар жазылған нақышты есіктері XV ғасыр халық шеберлерінің ағаш ою өнеріндегі ең құнды үлгілері болып саналады.

Сауда байланыстары. XV ғасырда темурилер бірқатар алыс және жақын көрші мемлекеттер: Қытай, Үндістан, Тибет, Иран, Ресей, Еділ бойы және Сібірімен ұдайы сауда жасаған. Шет елдермен өзара сауданы нығайтуда темурилердің көршілес мемлекеттермен орнатқан елшілік қатынастары үлкен рөл атқарған. Ұлықбек пен Шахрух Қытаймен ұдайы түрде елшілер алмасып тұрған. Олардың дәуірінде Тибет және Үндістанмен де тату көршілік байланыстары орнатылады.

Ақша айналымы. Экономикалық даму белгілі бір дәрежеде сол дәуірде өткізілген ақша реформасымен де байланысты еді. Ұлықбек **1428 жылы** айналымдағы *фулустық ақша* реформасын жүзеге асырды. Ұлықбек жеңіл салмақта соғылған және айналымда жүрген шақа ақшалармен айырбастауға тыйым салды.



* **Тамға** – сауда бажы; саудагерлерден алынатын салық.

* **Фулус** – мыстан жасалған ұсақ шақа ақша.

Ол ескі шақаларды жаңасымен алмастырып, ішкі сауданың *фулустық теңгеге* сұранымын қанағаттандыру үшін бір уақыттың өзінде Бұхара, Самарқанд, Қаршы, Терміз, Ташкент, Шахрухия және Әндіжан қалаларында ақша соғатын шеберханалар ұйымдастырып, бірдей салмақтағы фулустар соқтырады және айналымға шығарады. Халық арасында «*фулуси адлия*», яғни «әділетті теңге» деп аталып кеткен Ұлықбектің осынау жаңа *фулустары* ішкі көтерме саудаға кең жол ашылды.

Сонымен қатар **Ұлықбек** сыртқы саудадан мемлекет қазынасына түсетін табысты арттыру мақсатымен «тамға» салығын біраз көбейтті.



Осылайша **Ұлықбек** заманында мемлекеттегі ішкі және сыртқы сауданың ұлғаюы қолөнершілік өнімдерінің көлемін арттырып, кәсіп пен өнер салаларының дамуында негізгі факторлардың біріне айналды.

Диқаншылық пен мал шаруашылығы. Мемлекетте жиі-жиі болып тұратын өзара ішкі соғыстарға қарамай, XV ғасырда да Мауарауннахр мен Қорасан қыстақтарында бірқатар көркейту жұмыстары жүзеге асырылды. Жеке мамандардың тың жерлерді игеру, каналдар қазып, бақ орнатып, қараусыз жатқан тастанды жерлерді суарып, көркейту сияқты еңбектері қолдап-қуатталды. Тіпті бұндай мамандар бір-екі жылдың барысында барлық салықтар мен алымдардан босатылады.

Шаруашылықтың негізгі өмірінде, әсіресе, жайлау шаруашылығы: жылқы бағу, түйе өсіру және қара мал өсіру қажетті орынға ие болған.

Жер иелігі. XV ғасырдың барысында Мауарауннахр мен Қорасанда бұрынғыдай жер мен мүлік иеленудің негізгі төрт түрі «*мүлки девони*» – мемлекет жерлері, «*мүлік*» – жеке меншік жерлері; «*мүлки уақып*» – медресе және мешіттер қарамағындағы жерлер, сондай-ақ «*қауымдық жерлер*» болған. Суарылатын жерлердің ең үлкен бөлігі мемлекет мүлкі есептелген. Бұл жерлерге, бұрынғыдай, мемлекет билеушісі сұлтан яки әмірлер иелік жасайтын.

Темурилер дәуірінде мемлекет жерлерін «*сұйырғал*» ретінде тарту ету кеңінен таралады. Сұйырғал иелерінің бағыныштылығын күшейту мақсатында орталық үкімет кейде олардың қарамағындағы жер көлемін қысқартып тастайтын, немесе олардың құқықтарын шектеп, бойсұнбаған жағдайда сұйырғал құқықынан айырып, басқа біреуге берілетін еді.

Бұл дәуірде бас билеуші ірі мүлік иелеріне жақсы қызметі үшін *тархандық жарлығын* беру дәстүрге айналады. Тархандық жарлығын алған меншік иелері барлық салық, төлем және міндеттемелерден босатылған. Тархандық жарлығы, әдетте, әмірлер, бектер, сарайдағы мансап иелері, сейіттер және басқа да жоғары тап өкілдеріне берілген.

Мұндай жарлық алған меншік иесінің атына «тархан» мәртебесі қосып айтылған.

XV ғасырда да алдыңғы кездердегідей өте көп жер мен су, мешіт, медресе, ханақаһ, бейіттерге және мазарларға біріктіріліп, мұндай жерлер «мүлки уақып» деп аталған. Әдетте жер мен судан тыс, көптеген дүкен, кәсіпорын, диірмен, майжуаз, базар сөрелері, керуенсарайлар да уақып етіліп, олардан түскен табыс медресе, мешіт, аурухана және ханақаһтарды жөндеу, жиһаздау, мутавалли, мүдәріс, тәуіп және шәкірттерге берілетін жалақылар, сондай-ақ, қонақүй және емханалардың күнделікті қаражаттары үшін жұмсалған.

Салық түрлері. Суарылмалы егіншілік жерлерінен алынатын негізгі салық «хираж» деп аталған. Хираж өнім не ақша түрінде төленген. Ол өнімге және жердің құнарлылығына қарап белгіленген. Атап айтқанда, өзен, бұлақ суларымен суарылатын алқаптардан хираж өнімнің үштен бір бөлігі (33%) мөлшерінде алынған. Ал қолдан суарылмайтын жерлерден өнімнің алтыдан бір, яғни 16,5%-нан сегізден бір, яғни 12,5% мөлшерінде салық өндірілген.

Меншік жерлерінің бір бөлігінен «ушр», яғни өнімнің оннан бір бөлігі (10%) шамасында салық алынған. Мұндай жерлер, әдетте, өз заманының білімі мен ғылымына, ағартушылық және рухани өмірінде қажетті беделге ие болған ғұламалар мен машайықтар қарамағында болған. Шаруа малдарынан қырықтан бір, яғни 2,5% көлемінде зекет алынған.



*** Бегар – жергілікті халыққа жүктелген сарай, қоғамдық ғимараттар, қорғаныс пен суару құрылымдарын және жол құрылысы жұмыстарында бұқаралық істеп беру міндеті, қасиетті бұқаралық асар.**

Негізгі салықтардан тыс жергілікті халық *бегар* жұмыстарында да қатынасқан. Бегарға қатысатын әрбір кісі істеу үшін керекті құрал-жабдықтарды, жеткілікті азық-түлігін өзімен бірге алып келуі тиіс еді.



1. Темурилер дәуірінде қолөнершіліктің қандай түрлері дамыды?
2. Ағаш шеберлігінің, қағаз істеп шығарудың өркендегеніне мысалдар келтір.
3. Сауда қатынастары қалай жолға қойылған еді?
4. Ұлықбектің ақша реформасы және оның нәтижелері туралы нелерді біліп алдың?
5. Темурилер дәуірінде диқаншылық қалай дамыған еді?
6. Темурилер дәуірінде жер иеленудің қандай түрлері болған?
7. Темурилер дәуірінде қандай салық түрлері болған?
8. «Тархан» жарлығы туралы айтып бер.

Жоғарыдағы тақырып негізінде төмендегі кестені толтыр.

Қолөнерші- ліктің түрлері	Сауда байланыстары	Жер иелігі	Салық түрлері

Әмір Темір мемлекетінің картасы



VI ТАРАУ. XIV-XV ҒАСЫРЛАРДА ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ЗАМАНАУИ ЦИВИЛИЗАЦИЯ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

§ 39. БІЛІМ ЖҮЙЕСІ

Тірек ұғымдар: *қоғамдық Медресе, жоғары медресе.*

Медреселердің қызметі. Темір және теурилер дәуірінде медресе жоғары мәлімет беретін орталық міндетін атқарған. Мауарауннахр мен Қорасанда негізінен мемлекет пен мемлекетшіл тұлғалардың қаражаттары құрылған көптеген медреселер бар еді. Мереседе діни ілімдер мен кеңестік пәндер: заңтанушылық, логика, математика, геометрия, астрономия, медицина, тарих, география, әдебиет, өлең (аруз ілімі), араб тілі мен оның морфологиясы (қофия) оқытылған. Медреседе ең ілімді мамандар сабақ берген. Оларға жеке жұмыс ақысы төленетін еді.

1404 жылы Сараймүлік ханым Самарқантта сондай медресе құрдырған еді, яғни ол өз әсемдігімен сол дәуірдегі басқа ғимараттардан ажыралып тұратын. Онда өз дәуірінің атақты ғалымы мұғалімдік еткен.

Герат аумағының өзінде 36 медресе болып, бұл медреселерде және сол аумақта орналасқан сарайларда білім алу үшін түрлі мемлекеттерден студенттер келетін еді. Герат атырабында орналасқан әмір Ферузшах медресесі және ханақахы әсіресе, даңқы шыққан еді. Інжіл анхоры бойында орналасқан Ихлосия медресесі және Халосия ханақахы Хусейн Байқара үстемдігі дәуірінде құрылған.

Оқыту байқау түрінде жүргізіліп, әр айлық байқауда әлсіз студенттер түсіріліп қалдырып, оқуды тек күштілер жалғастырған.

Ұлықбектің жарлығымен 1417 жылы Бұқарада, 1420 жылы Самарқантта, 1433 жылы Ғыждуанда медреселер құрылды. Бұқара медресесінің қақпасына «Білім алу әрбір мұсылман әйел және еркектің борышы», – деген сөз жазып қойылды. Мауарауннахрдың бұл үш ежелгі қалаларында

құрылған ғылым ордалары, әсіресе, Самарқант медресесі заманының оқу орны еді.

Ұлықбек медресесі. 1420 жылы ашылған Самарқант медресесі екі қабатты, елу құжралы болған. Әрбір құжра үш бөлмеге: қазнақ (қойма), жатақхана және сабақ бөлмелеріне бөлінген. Медреседе сол заманның дарынды ғалымдарынан мавлоно Шамсиддин Мұхаммед Хавофи жетекші мұғалім болған. Орта ғасырлардың атақты ғалымдары Қазызада Руми, Ғиясиддин Жамшид Кошони, Мырза Ұлықбек және оның шәкірті Алауддин Әлі Құсшылар түрлі пәндерден сабақ берген. Медресе ашылған күні бірінші сабақты Шамсиддин Хавофи оқыған, сабақта студент ғылымдардан тоқсаны қатысқан. Медреседе ғылыми өмір (астрономиядан) сабақты Қозизада Руми берген. Медреседе кемінде 15–16 жыл оқып, оның бағдарламасы бойынша пәндерді толық меңгерген және емтихандардан өз білімін көрсете алған толиби ілімдерге санад (шахадатнаме) жазып берілген.

Сол дәуірде Самарқантта Ұлықбек медресесінен тыс Ханым, Құтбиддин Садр және Мұхаммед Садр медреселері де болған.

Медресе және ханақах тыңдаушылары пәннің түрлі салаларынан көптеген кітаптарды талдау жасайтын еді. Әмір Темір және оның ұрпақтары сарайларында көне дүние және орта ғасырдың құнды шығармалары сақталып келе жатқан бай кітапханалары бар еді. Самарқантта Әмір Темір және Ұлықбектің, Гератта Шахрух Байсұңғыр, Хусейн Байқара және Әлішер Науаидың бай кітапханалары білім таратумен әйгілі еді.



1. Темір және Темурилер дәуірінде медресе қандай міндетті атқарған?
2. Медреседе қандай пәндер оқытылған?
3. Медреседе оқыту жүйесі қай тәрізде ұйымдастырылған?
4. Ұлықбек медресесі қызметі туралы айтып бер.
5. Темурилер дәуірінде кітапханалардың маңызы туралы өз пікіріңді баянда.




§ 40. АНЫҚ ПӘНДЕРДІҢ ДАМУЫ

Тірек ұғымдар: *ғылым орталығы, математика және астрономия ғылымдарының дамуы, ғұламалардың ғылым мұрасы, Самарқант академиясы, обсерватория.*

Білім мен ғылым орталықтары. XV ғасырда Самарқант мен Гератта ғалымдар мен оқымыстылардың, ақындар мен әнші-сазгерлердің үлкен тобы шоғырланған еді. Ғылым мен өнердің өркендеуінде өз заманының мәдени ортасында тәрбие алып, жас кезінен-ақ талантты ғалым ретінде аты шыққан **Ұлықбектің** қосқан үлесі аса зор. **Ұлықбек** мемлекетті басқарумен қатар ғылыми жұмыстармен де шұғылданады, ғалымдардың пікірталастарына белсене қатысады. Ұлықбек өзінен бұрын өткен Ахмет Ферғани, Әбу Насыр Фараби, Мұхаммед Хорезми, Әбу Райхан Беруни және Ибн Сина еңбектерін жан-жақты үйренеді. Бұл ұлы ойшылдардың шығармалары арқылы ол ертедегі грек ғалымдары Апплатон, Арасту, Гиппарх, Птолемейдің классикалық туындыларымен де танысады.

Астрономия мен математика саласында қолға жеткен ұлы Темурилер мемлекетіне үлкен атақ алып келді. Бұл атақ бірінші кезекте Ұлықбектің атымен байланысты.

Ұлықбек обсерваториясы. Самарқантта өзінің төңірегінде жиналған ғалымдардың тікелей қатысуы және көмегімен



**Ұлықбек
обсерваториясының
ішкі көрінісі.**

Мырза Ұлықбек **1424–1429 жылдарда** қала маңындағы Обирахмат анхарының бойында обсерватория құрдырады. Осы күнге дейін ғалымдарды қызықтырып келе жатқан бұл үлкен ғимараттың биіктігі 31 метр еді.

Гиясиддин Жәмшиттің басшылығымен обсерваторияның негізгі өлшем жабдығы – үлкен секстант орнатылған. Самарқант секстанты сол дәуірде Шығыста белгілі болған секстанттардың ең үлкені болып

саналған. Ұлықбек обсерватория қасында өз заманының ең бай кітапханасын да ұйымдастырған. Бұл кітапханада ғылымның дерлік барлық салаларына тиісті он бес мың томнан астам кітап сақталған.

Ұлықбектің белсенді қатысуымен Ұлықбек обсерваториясы сол кездегі заман талабына жетік астрономиялық аспап-қондырғылармен жабдықталған жоғары дәрежелі білім ордасына айналады. Обсерваторияда Ұлықбекпен бірге атақты математик пен астрономдардан *«Афлотуни замон»* деген атақ алған **Қозизада Руми**, **Гиясиддин Жәмшит Қашани**, *«өз заманының Птолемейі»* атымен танылған **Әлі Құсшы** және көптеген басқа ғалымдар ғылыми зерттеулер мен бақылаулар жүргізеді. Сонымен, Ұлықбек Самарқантта бүкіл бір астрономия мектебін жаратты.



* Академия – жоғары ғылыми ұйым.

* Обсерватория – аспан денелерін зерттеу үшін арнайы жабдықталған ғылыми мекеме және сол мекеме орналасқан ғимарат.

* Секстант – аспандағы жұлдыздардың биіктігін белгілеу үшін қолданылатын айна-қайтарушы қондырғы.

Обсерваторияда жүргізген бақылау мен зерттеулері арқылы **1018** қозғалмайтын (тұрақты) жұлдыздардың орны мен жағдайы анықталып, олардың астрономиялық кестесі жасалады. Обсерваторияда жүргізілген зерттеулердің нәтижелері негізінде математика мен астрономияға қатысты бір қатар құнды шығармалар дүниеге келді.

Ұлықбектің басты туындысы – *«Зижи жаидиди Курагани»* («Кураганидің жаңа астрономиялық кестесі») атты кітабы. «Зижи жаидиди Курагани» негізінен екі бөлімнен: кең қамтылған кіріспеден және 1018 тұрақты жұлдыздың орны мен жағдайын анықтап берілген кестелерден тұрады. Ұлықбектің астрономиялық кестесі сол замандағы оған ұқсас кестелер арасында жоғары дәрежеде дәлдігімен ерекшеленіп тұрады. Сондай-ақ Ұлықбектің жыл есебін қазіргі есептеулермен салыстырсақ, олардың

айырмашылығы небары бір минут екі секундқа тең екендігі анықталды. Бұл XV ғасырдың ғылымы үшін аса жоғары дәлдік болып, қазіргі заман өлшемдеріне өте жақын.

Ұлықбек *«Тарихи арба улус»* («Төрт ұлыстың тарихы») атты тарихи шығарма және музыка іліміне арналған бес шығарма да жазған. Ұлықбектің астрономиялық мектебі сол заманның өзіне тән академиясы еді. «Самарқант академиясы» атақты француз философы, жазушы және тарихшы ғалымы Вольтер (1694–1778) жағынан мойындалған. *«Ұлықбек Самарқатта болып академияға негіз салды. Жер шарын өлшеуді бұйырды және астрономиялық тиісті кестелерді жасауға қатысты»*, – деп жазған еді Вольтер. Ұлықбектің астрономия мектебі орта ғасырлар мұсылман Шығысы астрономиясының дамуына үлкен әсер етті.



«Самарқант академиясы» – 1004 жылы Хорезмде ұйымдастырылған «Данышпандар үйінен» (Мамун академиясы) кейінгі екінші «Дар ул-илм» еді.



1. Айтшы, Ұлықбектің ғылымды дамытуға қосқан үлесі туралы нелерді білдің?
2. Ұлықбек обсерваториясы және оның ғылыми маңызы туралы айтып бер.
3. Ұлықбек құрдырған медреселерді айтып бер.
4. Бұқара қаласында құрылған медресе қақпасына білім алудың маңызы туралы қандай ұран ойып жазылған? Бұл сөздің маңызы неде деп ойлайсың?
5. «Самарқант академиясы» туралы нелерді біліп алдың?
6. Бұл білім ордасында Ұлықбектен басқа тағы қандай ұлы ғалымдар қызмет еткен? Олар жөнінде айтып бер.

§ 41. ӘДЕБИЕТ

Тірек ұғымдар: *классикалық әдебиет өкілдері, тарихтанушылар.*

Классикалық әдебиет өкілдері. Орта Азия халықтары әдебиеті көркемдік әдіс тұрғысынан жетіліп, жаңа сатыға көтерілді. Поэзияда да, прозада да көптеген құнды көркем және лирикалық туындылар жаратылды. Орта Азия халықтары, атап айтқанда, өзбек және тәжік әдебиеттері



арасындағы өзара байланыс пен ынтымақтастық ұлғайып, нығайды. Аударма әдебиеті пайда болды. Көркем әдебиеттің өркендеуімен тығыз байланысты түрде әдебиеттану да дамыды, құнды шығармалар жазылды.

Дүрбек тарапынан қайта өңдеп шығарылған «*Жүсін пен Зылиха*» дастаны, ташкенттік ақын Атаидің жинағы осы кезеңдегі көркем әдебиеттің озық үлгілері болып табылады.

Бұл замандағы өзбек ақындары ішінде *Лутфидің* (1366–1465) орны ерекше. Науаиға дейінгі өзбек поэзиясында Лутфидің дәрежесіне көтерілген ақын болған емес. Ол тек бір түркі тілінде ғана шығармалар жазып қоймай, парсы тілінде де хасидалар жазды. Лутфидің шығармашылығынан шындық пен әділетті сүю, мейірбандық пен қайырымдылықты насихаттау, ғылым мен өнерді сүю сияқты тұжырымдар басты орындар алған.

XV ғасыр көркем әдебиетінің дамуына ірі мемлекет қайраткері, ұлы ақын, ғалым, ойшыл **Әлішер Науаи** және ұлы парсы-тәжік ақыны **Әбдірахман Жәми**дің қосқан үлесі өте жоғары. Науаи бүкіл қызметі мен шығармашылығын адамның бақыты үшін күреске, халықтың бейбітшілігіне, өзара соғыстардың алдын алуға, көркейту істеріне, ғылым, өнер және әдебиеттің өркендеуіне арнады. Ол өзбек әдеби тілі, өзбектің классикалық әдебиетін жаңа басқышқа көтерді. Науаи отыздан астам көлемді көркем әдеби шығармалар жазды. «*Хамса*», «*Хазоин ул-маони*», «*Махбуб ул-құлуб*», «*Лисон ут-таир*» солардың қатарында.

Өзбек халқының ұлы ақыны, әрі ойшылы **Әлішер Науаи** құнды шығармашылығында көтерген аса биік адамгершілік идеяларымен әлем әдебиетінің ұлы өкілдерінің қатарынан лайықты орын алады. **Әбдірахман Жәми Әлішер Науаидың** замандасы, ұстазы әрі досы еді. Олардың достығы мен ынтымақтастығы өзбек және тәжік халықтарының достығы мен ынтымақтастығының жарқын рәмізі болып табылады.



Әлішер Науаи.

Егер бұл ұлы тұлғаны әулие десек, ол әулиелердің әулиесі, ойшыл десек, ойшылдардың ойшылы, ақын десек, ақындардың ақыны.

Ислам Каримов.

«Жоғары руханият – жеңілмес күш»

Тарихшылар. Тарих ғылымының ірі өкілдерінің бірі Мирхонд (1438–1498) болып, оның шынайы аты Мұхаммед Ховандшах ибн Махмұд. Ол Балқыда туылған болса да, өмірінің көп уақытын Гератта өткізеді. Мирхондтың ата-абабалары тегі бұқаралық болып, теология ғылымында заманының жетік ғалымдары ретінде даңқы шыққан еді. Мирхонд туралы мәліметтер өте аз. Ол туралы кейбір мәліметтер немересі Хондамир тарапынан жазып қалдырылған: «Падарпанох жаноб әмір Хованд Мұхаммед жігіттік шақтарында түрлі ғылымдарды үйрену және жақсы құлықтарды кемеліне жеткізу жолында әрекетшендік пен зор еңбек етті...қысқа уақыт ішінде білімділікте заман ойшылдарының алдыңғы қатарында тұрды. Ол (көбірек) тарих ғылымын кәсіп етті және дүние жағдайын және естеліктерін зерттеуге кірісті. Жоғары мәртебелі жадыны тез арада бұл пәнді меңгере алмады, бірақ қимыл әрекеті, мінезі мерекелеушілермен қосылуға жол бермеді, көңіл ашар жұмыстарға берілмеді. ...Сабақ беретін және ағартуға ұмтылысы оның анық жадында мүлдем көрінбеді.

Мирхонд Әлішер Науаидың айтуы мен демеушілігімен «Равзат уссафо» («Жәннат бағы») шығармасын жазады. Хондамірдің айтуынша, Мирхонд шығарманы соңына дейін жеткізе алмаған. Кейіннен бұл шығарманы **Хондамірдің** өзі жазып аяқтаған. «равзат ус сафо» шығармасында дүниенің жаратылуынан бастап 1523 жылға дейін болған Орта Азия, Таяу және Орта Шығыс мемлекеттерінде болып өткен әлеуметтік-саяси оқиғалар кең баяндалған. **Мирхондтың** бұл шығармасы Шығыс мемлекеттерінде үлкен даңққа ие болды. Дүние кітапханаларында «Равзат ус сафо» шығармасының көптеген қолжазба нұсқалары бар. Еуропада Мирхондтың шығармасы ұзақ уақытқа дейін Шығыс тарихы бойынша дерек болып қызмет еткен.

Мирхондтың немересі **Хондамир** (1475–1535) да өз дәуірінің атақты тарихшысы болған. Ол Әлішер Науаидың

шәкірті еді. Хондамир 15-16 жастарында Әлішер Науаидың назарына түседі және оның өліміне дейін ұлы ақынның жанында болып, оның кітапханасына басшылық етеді. Хондамир өзінің кең мәліметті, ғылымға ұмтылуымен ұлы ғалым және дана ақынның құрметіне бөленеді. Науаи Хондамир туралы «Мажолис уннафоис» шығармасында төмендегілерді жазып қалдырған: «Мавлоно Хондамир Мирхондтың перзенті және қабілетті жігіт. Тарих ғылымында шебері бар».

Хондамирдің өлмес тарихи шығармалары мен көп ғасырлық мәдениетіміз қазынасын байытты және ғылым тарихында өшпес із қалдырды. Хондамир өз шығармаларында халқымыздың өткен тарихы мен оқиғажайттарын көркем етіп суреттеген. Әсіресе, оның «Хабиб уссияр» шығармасы Орта Азия, Иран және Қорасанның XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың бірінші ширегіндегі әлеуметтік-саяси тарихын үйренуде қажетті және құнды деректердің бірі болып саналады.



1. XV ғасырда ақындар мен жазушылардан кімдер жасап, шығармашылықпен айналысқан?
2. Айтшы, Лутфи өзбек ақындарының ішінде қандай орын алады? Ол туралы қосымша мәліметтер жина.
3. Мирхонд пен Хондамир қайсы дәуір тарихы туралы тарихи шығармалар жазып қалдырған?

§ 42. БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

Тірек ұғымдар: *кітап өнері, бейнелеу өнері, көркем жазу. Сурет өнеріндегі Герат мектебі.*

Кітап өнері. XV ғасырда кітап ісі өнері де, яғни қолжазба шығармаларды көшіріп жазу және онымен байланысты болған көркем жазу, суретшілік, мұқаба жасау өнерлері де жақсы дамиды.

Баспахана мен кітап басу әлі де пайда болмаған заманда кітап жасау және оның нұсқаларын көбейту ауыр еңбек пен көп уақытты талап ететін аса қиын іс болған. Әрбір кітап қағазынан мұқабасына дейін, сиясынан бояуы-әшекейлеріне дейін белгілі бір тәртіп негізінде әзірленетін.



Солайша көркем жазу дәстүрлері жалғастырылатын және дамытылатын.



* **Лаввох (пюпитр) – тақта сызу.**

* **Саххолик – қағазды беттеу және кітапты мұқабалау.**

Әйгілі көркем жазушы **Мірәлі Табризи** (1330–1404) насталик деп аталатын жаңа әдіспен жазуды ойлап табады. Нағыз талғампаз каллиграфтардың бірі **Сұлтанәлі Мешхеди** (1432–1520) болатын. Ол Низами, Аттар, Хафиз, Сағди, Хұсырау Дехлеви, Жәми, Науаи, Хұсайын Байқара және басқа ақындардың шығармаларын көшіреді. Сұлтанәлі көшіріп жазған 50-ден астам кітап пен көптеген өлеңдер қазіргі кезге дейін жетіп келген. Сұлтанәлі оймакерлік өнерінде де шебер болған. Хұсайын Байқараның «Боғи Жахонаро» бағындағы сарай қабырғаларына өлеңдерді, Хұсайын Байқараның қабір тасындағы үзіндіні Сұлтанәлі ойып жазған. Ол көркемжазу өнерінің түрлері жөнінде арнайы шығарма да жазған. **Сұлтанәлі Мешхеди** «*Қиблат ул-қуттаб*» («Хатшылар көсемі») және «*Султан ул-хаттатин*» («Көркем жазушылар сұлтаны») деген аттармен абыройға бөленген.

Самарқант пен Гератта арнайы сарай кітапханалары ұйымдастырылған еді. Кітапхана жұмыстарына *кітапхана даруғасы* немесе *кітап иесі* басшылық жасаған. Оның қарамағында көркемжазушылар, нақышкер-суретшілер, шебер бет басын жасаушылар мен мұқабашылар тапсырыстарды орындаған. Мәселен, Хиратта Ұлықбектің інісі **Байсұңғұрдың** кітапханасында қырыққа жуық көркем шығарма, бірнеше нақышкерлер қолжазба шығармалардан нұсқалар көшіру және оларды әшекейлеумен айналысқан. **1429 жылы** осы кітапханада Әбілқасым Фердаусидің әйгілі «Шахнаме» дастаны көшіртіріп, ол 20 түрлі мазмұн мен көріністегі түсті миниатюралармен безендірілген.

Хұсайын Байқара мен Әлішер Науаи сарай кітапханасын құнды шығармалармен байытуға қамқорлық жасайды.

Бейнелеу өнері. XV ғасырда үлкен жетістіктерге жеткен бейнелеу өнері портреттер, тіршілік үзінділері, та-



биғат көріністері, ғимарат және көркем шығармаларға арнап салынған суреттерден құралған. Ұлы тұлғалардың портреттері арасынан **Жәми, Науаи, Абдулла, Хатифи, Бекзат, Хұсайын Байқара, Бабыр** және басқалардың суреттері бізге дейін жетіп келген. Суретшілер осынау тарихи тұлғалардың сыртқы көрінісін анығырақ, жан-жақты бейнелеуге, кей жағдайларда, тіпті, олардың рухани жандүниесін көрсетуге тырысқан. Мәселен, атақты суретші **Махмұт Музаххибтың** сызған Науаи портретінде ақын таяққа сүйенген, оның денесі аздап бүкірейген, жанарынан әрі шалдығу белгілері, әрі ұлылық және мәртебелілік көзге дара түседі.



Суретші Махмұт Музаххиб шығармашылығына тән Науаи портреті.

Камалиддин Бекзат – XV ғасыр бейнелеу өнерінің ұлы өкілі. Ол сурет өнерінде «*Хират мектебі*» деп аталған жаңа шығармашылық әдістің негізін қалады. Ол ұстаз өнерпаз ретінде Орта Азия, Иран, Әзербайжан және басқа өлкелердің бейнелеу өнерінің дамуына тиімді ықпал етті. Бекзаттың шығармашылығы түрлі мазмұнға ие болып, ол тарихи тұлғалардың (Хұсайын Байқара, Шайбанихан, Әлішер Науаи) портреттерінен бастап, билеуші сарайларындағы сәнді қабылдау рәсімдері мен соғыс алаңы көріністеріне дейін шынайы да әсерлі суреттеп жеткізе алған. Әсіресе Дехлевидің «*Ләйлі мен Мәжнүн*» дастанына арналған лирикалық көріністері немесе Шарафуддин Әли Язидің «*Зафарнама*» шығармасына арнап салынған соғыс алаңындағы табанды шайқасты бейнелеген миниатюралары өте тартымды әрі әсерлі.

Бекзат дәстүрлері кейінгі мемлекет суреткерлері шығармашылығына жақсы әсер етті. Оның шығармашылығы мен мұрасы өнертанушылар, суретшілер тарапынан кең үйренілді. Бекзаттың атын мәңгілік етіп Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті Ислам Каримовтың **1997 жыл 23 қаңтардағы** жарлығына сәйкес Камалиддин Бекзат



Камалиддин
Бекзат.

атындағы мемлекеттік сыйлығы енгізілді, Ұлттық және дизайн институтына Бекзат аты берілді.

2000 жылы қарашада Ташкент, Самарқанд қалаларында және шет мемлекеттерде ЮНЕСКО-ның демеушілігінде Бекзаттың туғанының **545-жылдығы** кең атап өтіліп, Ташкент қаласында Бекзат атындағы мемориалды бақ құрылды. Ташкентте Темурилер тарихы мемлекет музейінде Бекзатқа арнап Ұлыбритания, Түркия, Үндістан, Әзірбайжан, Тәжікстан және Өзбекстан өнертанушы ғалымдары қатысуында халықаралық ғылыми конференция өткізілді.

Қысқасы, бейнелеу өнерінің туындылары мен көркем әдебиеттің өзара тығыз байланыста дамығаны бірі екіншісіне тиімді ықпал жасағанын көрсетеді.



1. Көркем жазу өнері туралы қандай мәліметке ие болдың?
2. Кітапханалардың өркендегенін мысалдармен түсіндір.
3. XV ғасырда бейнелеу өнері қандай суреттерден құралған?
4. Камалиддин Бекзат жөнінде қысқаша ақпарат дайында.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
--------------	---

I ТАРАУ

ОРТА ҒАСЫРЛАРДА ЖЕРГЕ ИЕЛІК ЕТУ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

§ 1. Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер.....	6
§ 2. Алғашқы орта ғасырда Хорезм, Хианилер, Кидарилер мемлекеттері	8
§ 3. Эфталиттер мемлекеті. Эфталиттер дәуіріндегі әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмір	10
§ 4. Орта Азия халықтары Түрік қағандығы дәуірінде.....	14
§ 5. Батыс түрік қағандығы	17
§ 6. Жергілікті әкімдіктердің құрылуы.....	19
§ 7. VI–VII ғасырлардағы мәдени өмір	22

II ТАРАУ

АРАБ ХАЛИФАТЫ ДӘУІРІНДЕ МАУАРАУННАХР

§ 8. Мауарауннахрда Араб халифалығының орнатылуы	27
§ 9. Мауарауннахрда ислам дінінің таралуы	31
§ 10. Халифалыққа қарсы халық наразылығы	33
§ 11. Аббасилер дәуірінде Қорасан мен Мауарауннахр.....	37

III ТАРАУ.

МАУАРАННАХРДА ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛУЫ

§ 12. Қарлұқтар, оғыздар, тахирилер	41
§ 13. Саманилер.....	45
§ 14. Саманилер дәуіріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдай.....	48
§ 15. Ғазнауилер	53
§ 16. Қараханилер	55
§ 17. Хорезм мемлекеті және оның өркендеуі	60
§ 18. Хорезмшах пен Шыңғысхан қатынастары	63
§ 19. Мұхаммед Хорезмшахтың мемлекет қорғанысына тиісті шаралары мен оның салдары.....	66
§ 20. Жалалиддин Мангубердінің хорезм тағына отыруы.....	71
§ 21. Жалалиддин Мангуберді шебер қолбасшы	74

§ 22. Жалалиддин Мангуберді Отан қаһарманы	78
§ 23. Шағатай ұлысының құрылуы	82
§ 24. Әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмір	85
§ 25. Этникалық үдерістер және өзбек халқының қалыптасуы.....	88

IV ТАРАУ

АТА-БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ МӘҢГІЛІКKE TIICTI PУXANI ҚАЗЫНА

§ 26. Мауарауннахр және Хорезмнің мәдени өмірі.....	91
§ 27. Әдебиет	98
§ 28. Діни білімдердің дамуы.....	101
§ 29. Сәулетшілік, өнер және музыка.....	106

V ТАРАУ

ӘМІР ТЕМІР ЖӘНЕ ТЕМУРИЛЕР МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТАРИХЫ

§ 30. XIV ғасырдың орталарында Мауарауннахрда әлеуметтік-саяси жағдай	109
§ 31. Әмір Темір – орталықтанған мемлекеттің негізін қалаушы.....	114
§ 32. Әмір Темір үстемдігінің әкімшілік және әскери құрылымы.....	116
§ 33. Әмір Темірдің сыртқы саясаты	122
§ 34. Әмір Темірдің дүние тарихында тұтқан орны.....	127
§ 35. Темурилер дәуіріндегі саяси үдерістер	131
§ 36. Мырза Ұлықбектің үстемдігі дәуірінде Мауарауннахр	133
§ 37. Темурилер үстемдігінің дағдарысқа ұшырауы.....	137
§ 38. Әлеуметтік-экономикалық даму және жасампаздық.....	141

VI ТАРАУ

XIV-XV ҒАСЫРЛАРДА ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ЗАМАНАУИ ЦИВИЛИЗАЦИЯ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

§ 39. Білім жүйесі	146
§ 40. Анық пәндердің дамуы.....	148
§ 41. Әдебиет	150
§ 42. Бейнелеу өнері	153

O'quv nashri
MUHAMMADJONOV ABDULAHAD RAHIMJONOVICH

**O'ZBEKISTON
TARIXI**

(IV ASRDAN XVI ASRGACHA)

7-SINF

O'zbekiston Respublikasi Xalq ta'limi vazirligi tomonidan tasdiqlangan

Qayta ishlangan uchinchi nashr

(qozoq tilida)

«Sharq» баспа-полиграфия
акционерлік компаниясы
Бас редакциясы
Ташкент – 2017

Аудармашы *Д. Бектаева*
Редактор *Ө. Байқабылов*
Көркемдеуші редактор *Ф. Баширова*
Беттеген *Е. Йолдашева*

Nashr litsenziyasi AI № 201, 28.08.2011-y.

Басуға рұқсат етілді 9.02.2018. Пішімі 60х90 $\frac{1}{16}$.
Times New Roman гарнитурасы. Офсеттік баспа. Шартты б. т. 17,55.
Баспа-есеп табағы 15,02. Adadi 5 065 тиражы. Тапсырыс № 4771.

**«Sharq» баспа-полиграфия Акционерлік компаниясы баспаханасы,
100000, Ташкент. Буюк Туран көшесі, 41.**

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

Оқушы- ның аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекші- сінің қолы	Оқулықты тапсырған-дағы жағдайы	Сынып жетекші- сінің қолы

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау критерісі негізінде толтырады

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тастаған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.